



«Мәдени мұра»

Мемлекеттік бағдарламасының кітап сериялары  
Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті  
Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасы бойынша  
шығарылып отыр

**“Мәдени мұра”  
Мемлекеттік бағдарламасын  
іске асыру жөніндегі  
қоғамдық кеңестің құрамы**

Әшімбаев М.С., *кеңес төрағасы*  
Асқаров Ә.А., *жауапты хатшы*  
Абдрахманов С.А.  
Аяған Б.Ғ.  
Әбусейітова М.Қ.  
Әжіғали С.Е.  
Әлімбаев Н.  
Әуезов М.М.  
Байпақов К.М.  
Биекенов К.Ү.  
Бұрханов К.Н.  
Досжан А.Д.  
Есім Ғ.  
Қасқабасов С.А.  
Қошанов А.  
Құл-Мұхаммед М.А.  
Нысанбаев Ә.Н.  
Салғара Қ.  
Самашев З.  
Сариева Р.Х.  
Сейдімбек А.С.  
Сұлтанов Қ.С.  
Тұяқбаев Қ.К.  
Түймебаев Ж.Қ.  
Хұсайынов К.Ш.  
Шаймерденов Е.



მადეჴნ

ჯამბუტეჴქეჴ



20 მომბეჴ

РЕДАКЦИЯЛЫҚ БАС АЛҚА:

Қасқабасов С., *төраға*  
Қорабай С., *төрағаның орынбасары*  
Жолдасбеков М.  
Жүсіпов Қ.  
Келімбетов Н.  
Қирабаев С.  
Мағауин М.  
Мұқанов М.

ТОМНЫҢ РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Елеукенов Ш.Р.  
Жармұхамедұлы М.  
Қорабай С., *жауапты редактор*  
Майтанов Б.Қ.

Томды баспаға дайындағандар: А.Әлібекұлы, С. Дәуітұлы,  
Б.Сағындықұлы

Сарапшы: З. Сейітжанов, *филология ғылымдарының докторы*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
М.О.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

# ӘДӘБІТ ЖАДІСТЕРІ

6 - том

ҚОЖА АХМЕД  
НІСІТІ  
Даналық кітабы

АХМЕД НІСІТІ  
Директ сыйы

  
Шанас  
Баспа Yhi

Алматы 2008

ББК 84 Қаз 7-5  
Ә22

*Қазақстан Республикасы*  
*Мәдениет және ақпарат министрлігі*  
*Ақпарат және мұрағат комитеті*  
*017 “Әлеуметтік маңызды әдебиет түрлерін шығару” бағдарламасы*

Томды басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының  
Ғылыми кеңесі ұсынған

**Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық.**

Ә22 6-т.: Қожа Ахмет Иасауи. Даналық кітабы. Ахмет Йүгнеки. Ақиқат сыйы /Құраст.: А.Әлібекұлы, С.Дәуітұлы, Б.Сағындықұлы. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2008. – 488 бет. – (Әдеби жәдігерлер)

ISBN 9965–806–75–6

Әдеби жәдігерлер сериясының 6-томын орта ғасырлардағы аса көрнекті түркі ақындары Ахмет Иасауидің «Диуани хикмет» («Даналық кітабы») кітабы мен Ахмет Йүгнекидің «Ғибат-ул хақайик» («Ақиқат сыйы») поэмасы құрап отыр.

Бүкіл түркі халықтарына ортақ бұл әдеби ескерткіштерде имандылық, адамгершілік мәселелері кеңінен сөз болады.

Ә  $\frac{4702250202 - 06}{00(05)-08} 08$

ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 9965–806–75–6 (6-т.)  
ISBN 9965–806–41–1

© Әдебиет және өнер институты, 2008  
© «Таймас» ЖШС, көркемдеу, 2008

Барлық құқықтары қорғалған  
Басылымның мүлкітік құқықтары  
«Таймас» баспа үйіне тиесілі

## РЕДАКЦИЯЛЫҚ БАС АЛҚАДАН

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында жарық көретін «Әдеби жәдігерлер» атты жиырма томдық басылымды дайындап, жариялау жұмысын жалғастыруда.

Аталған басылымның басты мақсаты – халықтың ежелгі заманнан бергі жазба мұралары мен әдеби жәдігерлерін сол күйінде өзіне қайтару, түркі халықтарына ортақ ежелгі және орта ғасыр әдеби ескерткіштері мен XV–XIX ғасырлардағы ақындар шығармаларын неғұрлым толық жариялау.

«Әдеби жәдігерлер» сериясының оқырманға ұсынылып отырған алтыншы томына орта ғасырларда өмір сүрген атақты ақындар, сопылық әдебиеттің көрнекті өкілдері Қожа Ахмет Иасауидің «Диуани хикмет» («Даналық кітабы») жинағы мен Ахмет Йүгнекидің «Һибат-ул-хақайиқ» («Ақиқат сыйы») дидактикалық өлеңдер жинағы еніп отыр.

Ахмет Иасауидің «Диуани хикметі» – XII ғасырда түркі тілінде жазылған түркі әдебиетінің ең көне үлгілерінің бірі. Шығармада дәруіштер мен дәруіштік көп мадақталып, пайғамбар мен оның сахабалары туралы айтылады, әлеуметтік, әскери, саяси мәселелер, мемлекеттік басқаруға байланысты ой-тұжырымдар, тариқат әдебі, имандылық қағидалары кеңінен қамтылады.

«Диуани хикмет» кітабының авторы жас шағынан шығыс поэзиясы мен философиясын жетік меңгереді. Он жеті жасынан бастап өз ана тілі – түркі тілінде өлең жаза бастайды. Сопылық поэзияның ықпалында болып, Бұхара қаласында парсы оқымыстысы Нусуф әл-Хамаданиден білім алады. Кейін Ясыға (Түркістанға) оралып, өмірінің соңына дейін сопылықты, ислам дінін уағыздайды. 63 жасқа келгенде пайғамбар жасына жеткендігін мойындап, бұдан әрі өмір сүру күпірлік деп санайды да, осы күнгі өзінің кесенесі маңынан жер асты мешітін – хилует салдырып, сонда ғұмыр кешеді. Хилуетте өткізген он жыл ішінде өзінің атақты «Диуани хикмет» атты даналық өлеңдер жинағын жазады. Ақын бәйіттерінде хикметтердің 400 шумақ екенін ескертеді. Ол өлеңдерде діни танымдармен бірге, халықты әділдікке, адалдыққа, адамгершілікке шақырған гуманистік идея да арқау етілген. Шығарманың түпнұсқасы сақталмаған. Бізге XV–XVI ғасырларда көшірілген нұсқалары ғана жеткен. «Диуани хикмет» Қазан (1887, 1901), Стамбул (1901), Ташкент (1902, 1911) баспаларында бірнеше рет басылды. Иасауи хикметтері 1991–1992 жылдары Ташкентте екі рет жеке кітап болып жарық көрді. Түрік ғалымы Хайати Биже Қазан басылымы негізінде «Диуани хикметті» 144 хикметтен тұратын кітап түрінде әзірлеп, 1998 жылы Анкарада бастырды.

«Диуани хикмет» аудармалары 1990 жылдан бері қазақ тілінде 17 рет жарық көрді. Солардың ішінде филология ғылымдарының докторлары, профессор М.Жармұхамедұлы, С.Дәуітов және қолжазбатанушы М.Шафиғи жасаған аудармалар ең сапалысы деуге болады. Жолма-жолма аударма қағидасы сақталған, стиль біркелкілігі, кәсіби деңгейі жоғары болуымен ерекшеленген осы аударма Ахмет Иасауидің «Диуани хикмет» жинағының «Әдеби жәдігерлер» сериясының алтыншы томына енген нұсқасына негіз болды. Хикметтерді текстологиялық салыстырудан өткізіп, баспаға дайындаған – филология ғылымдарының кандидаты А.Әлібекұлы.

Ахмет Йүгнекидің өмірі туралы жазба деректер жоқ. Ақынның «Һибату-ул хақайиқ» атты дидактикалық өлеңдер жинағы ғана белгілі. Бұл жинақтың үш

түрлі көшірмесі бар. Алғашқысы – көне ұйғыр жазуымен Журжани көшірген 508 жолдан тұратын нұсқа болса, екіншісі – Стамбулда Шайхзада Абд ар-Раззактың ұйғыр және араб жазуларымен көшірген нұсқасы, ал үшіншісі – XV ғасыр басында тек араб жазуымен көшірілген 54 жолдық нұсқа. Олеңмен жазылған бұл 3 нұсқа қазір Стамбулда сақтаулы. Поэма мадақ жырымен басталады. Шығарма төрт «сөзге», яғни төрт тарауға бөлінген. Тарауларда имандылық, әділеттілік, ізгілік сияқты адамгершілік қасиеттер жырланады. Поэма соңында автор өзі туралы хабардар етеді. Шығармадан классикалық араб әдебиетінің ықпалы байқалады. Йүгнеки шығармашылығын Р.Арат, Т.Ковальский, Ж.Дени, В.В.Бартольд, С.Е.Малов, Е.Э.Бертельс, А.М.Щербак, Ә.Нәжіп сияқты белгілі шығыстанушылар, Н.Маллаев, С.Муталибов, К.Махмудов сияқты өзбек ғалымдары, Х.Сүйіншәлиев, Ғ.Айдаров, Ә.Құрышжанов, М.Томанов, Б.Сағындықұлы, Ә.Дербісәлі, Н.Келімбетов, А.Ахметбекова, Т.Қыдыр, А. Әбдірәсілқызы сияқты қазақ ғалымдары зерттеді.

Ахмет Йүгнекидің «Ғибат-ул хақайик» поэмасының қазақ тіліндегі прозалық және поэзиялық аудармасы алғаш рет 1985 жылы «Ақиқат сыйы» деген атпен түркітанушы-ғалымдар Ә.Құрышжанов пен Б.Сағындықұлының дайындауымен жарық көрді. Басылымға шығарманың түпнұсқалық фото-көшірмесі, транскрипциясы, прозалық және поэзиялық аудармалары енді.

«Әдеби жәдігерлер» сериясының осы алтыншы томына енгізіліп отырған Ахмет Йүгнеки поэмасының мәтіні Б.Сағындықұлы дайындап шығарған «Ғибат-ул хақайик» – XII ғасыр ескерткіші» кітабы бойынша (Алматы, «Қазақ университеті», 2002) дайындалды.

Томда «Даналық кітабы» мен «Ақиқат сыйы» шығармаларының факсимилесі қоса жарияланып отыр. Сонымен бірге, том соңындағы ғылыми қосымшаларда мәтіндерге түсініктемелер, Ахмет Иасауи мен Ахмет Йүгнеки шығармаларында кездесетін кісі есімдері мен жер-су атауларына түсініктер, қазақша-арабша-парсыша-түрікше сөздік, орыс, ағылшын тілдеріндегі резюмелер беріліп, пайдаланылған әдебиеттер көрсетілді.

Томның көлемі – 488 б.



ΚΟΧΤ ΔΧΜΞΠ  
ΥΔΑΥΝ

Данамакы кітабы

### **“Бисмиллә” деп баян еттім хикмет айтып**

“Бисмиллә” деп баян еттім хикмет айтып,  
Шәкірттерге дүр мен гәуһар шаштым, міне.  
Жанды жалдап, қайғы шегіп, қандар жұтып,  
Мен “Дәптер сәни” сөзін аштым, міне.  
Сөзді айттым кімдерге де етсе талап,  
Ашық сөйлеп жақын жанды жанға балап.  
Ғаріп, пақыр, жетімдердің басын сипап,  
Діні қатты халайықтан қаштым, міне.  
Қайда жүрсен көңіл жұмсақ, сыпайы болғыл,  
Көре қалсаң мүсәпірді сырлас болғыл.  
Махшар күні тәңірге жақын болғыл,  
Менменсінген халайықтан қаштым, міне.  
Ғаріп, пақыр, жетімдерді Расул білді,  
Сол кеште Миғраж шығып, дидар көрді.  
Қайтып түсіп, ғаріп, пақыр халін білді,  
Ғаріптердің жайын ұғып келдім, міне.  
Үмбет болсаң, ғаріптерге жақын болғыл,  
Аят, хадис айтқандарға құлақ салғыл.  
Ырзық берсе, тағдырға қанағат қылғыл,  
Қанағат етіп сауық шарабын іштім, міне.  
Мәдинаға Расул барып, болды ғаріп,  
Ғаріптікте азап тартып, сүйді жанып.  
Жапа тартып, жаратқанға келгені анық,  
Ғаріп болып ауыр жолды бастым, міне.  
Ақылға ерсең ғаріптерді мейіріммен сүй,  
Мұстафадай елді кезіп, жетімді жи,  
Дүниеқоңыз, пасықтардан бойыңды тый,  
Бойым тыйып дариядай тастым, міне.  
Ғашық есігін мәуләм ашты, маған сыйлы,  
Топырақ қылып әзір бол деп мойнымды иді.  
Қара нөсер қарғыс оғы келіп тиді,  
Найза алып, жүрек, баурым сұқтым, міне.  
Ділім қатты, тілім ащы, өзім залым,  
Құран оқып бойұсынбас жалған ғалым.  
Жаным құрбан, аямаймын жоқ-дүр малым,  
Хақтан қорқып отқа түспей күйдім, міне.  
Алпыс үшке жасым жетті, өттім ғапыл,  
Хақ әмірін бекем тұтпай болдым жаһил.  
Ораза, намаза қаза қылып болдым кәпір,  
Иман іздеп жақсыларға жеттім, міне.  
Уа, дариға, махаббат шарабының дәмін татпай,  
Қатын-бала, үй-мүліктен түгел қашпай.  
Қылмыс, күнә айыбын мұнда шашпай,

Шайтанға еріп, жан берерде састым, міне.  
Иманыма қол ұрып, қайғы салды,  
Пірмұған әзір бол деп апиын алды.  
Шайтандығым бар күнәсімен кете барды,  
«Бихамдиллә» нұрлы иман аштым, міне.  
Пірмұған қызметінде зыр жүгірдім,  
Жұмыс қылып, көзімді ілмей әзір тұрдым.  
Медет қылды: әзәзілді қуалап ұрдым,  
Одан кейін қанат қағып ұштым, міне.  
Пақыр мен жетім болсын шат-шадыман,  
Мойныңда болсын тұзақ, ғазиз жаның болсын құрбан.  
Туыс тапсаң, жан-тәніңмен қылғыл мейман,  
Хақтан естіп бұл сөздерді айттым, міне.  
Ғаріп, пақыр, жетімдерді әркім сұрар,  
Разы болар ол пендеден паруардигар.  
Ей, бейхабар, сені ол себепсіз-ақ өзі асырар,  
Хақ Мұстафа уағызымен айттым, міне.  
Жеті жаста Арыстан бабқа қылдым салам,  
Мұстафаның аманатын бер деп маған.  
Сол мезетте мың бір зікір еттім тамам,  
Нәпсім тыйып, Аллаға бет бұрдым, міне.  
Құрма беріп, басым сипап, назар салды,  
Бір сәтте о дүниеге сапар салды.  
Қоштасып бұл әлеммен кете барды,  
Мектеп көріп, қайнап толып тастым, міне.  
«Инна фатахнаны» оқып мағына білдім,  
Нұрын төкті: естен танып, дидар көрдім.  
Молдам ұрып, – тыныш, – деді, көз жазбадым,  
Басым қатып, мең-зең болып тұрдым, міне.  
«Ей, надан, мағына осы» деп айтты, білдім,  
Одан кейін шөлдер кезіп қияқ жедім.  
Қуат берді, әзәзілді ұстап міндім,  
Салмақ салып, белін басып, жаныштым, міне.  
Зікір салып, мүсәпір-дуана болдым,  
Хақтан өзге бір сөз де сөйлемес болдым.  
От іздеген көбелектей шәкірт болдым,  
Шоқ болып, күйіп-жанып ұштым, міне.  
Жалған атақтан арылып, сәби болдым,  
Алла атын айта-айта ғашық болдым.  
Аллаға бар жаныммен адал болдым,  
«Фана фи Алла» мақамына салдым, міне.  
Сүннет емес, кәпірге де берсе азар,  
Көңілі қатты, діл азардан құдай безер.  
Ондай құлға Алланың азабы даяр,  
Даналардан бұл сөзді естіп айттым, міне.

Сүннеттерін бекем ұстап үмбет болдым,  
Жер астына жалғыз кіріп нұрға толдым.  
Сопылардың мақамына жақын болдым,  
Нәпсіні көңіл найзасымен шаныштым міне.  
Нәпсім мені жолдан бұрып қор етеді,  
Телміртіп халайыққа зар етеді.  
Зікір салдырмай, шайтанға «жар» етеді,  
Дайынмын деп нәпсі басын жаныштым міне.  
Кұл Қожа Ахмет, надандықпен өмірің өтті,  
Қасіретпен тізе, көзден қуат кетті.  
Қайғы менен өкініштің уақыты өтті,  
Амалым жоқ, керуен болып көштім міне.

### **Иә, достар, құлағың сал осы кепке**

Иә, достар, құлағың сал осы кепке,  
Сол себептен алпыс үште кірдім жерге.  
Миғражда Хақ Мұстафа рухымды көрді,  
Сол себептен алпыс үште кірдім жерге.  
Хақ Мұстафа Жебірейілге қылды сауал –  
«Бұл неткен рух тәнге кірмей тапқан жамал?  
Көзі жас, халыққа бас, жаны адал», –  
Сол себептен алпыс үште кірдім жерге.  
Жебірейіл айтты: – «Үмбет ісі сізге бір Хақ,  
Көкке шығып періштеден алар сабақ.  
Жылаушыға сыйға берер жеті табак»,  
Сол себептен алпыс үште кірдім жерге.  
«Перзентім» деп Хақ Мұстафа қылды кәләм,  
Одан соңыра барша аруақ берді сәләм.  
Рахметіне дария толып жетті хабар,  
Сол себептен алпыс үште кірдім жерге.  
Рахымменен пида болды, хабар жетті,  
Зікір айт деді, жан дүнием балқып кетті.  
«Перзентім» деп Хақ Мұстафа үлес берді,  
Сол себептен алпыс үште кірдім жерге.  
Төрт жүз жылдан кейін шығып үмбет болғай,  
Неше жылдар жүріп халыққа жол көргізгей.  
Он төрт мың мүжтаһиттер қызмет қылғай,  
Сол себептен алпыс үште кірдім жерге.  
Тоғыз ай, тоғыз күнде жерге түстім,  
Тоғыз сағат тұра алмадым, көкке ұштым.  
Ғаршы-күрсі баспалдағын барып құштым,  
Сол себептен алпыс үште кірдім жерге.  
Ғарыш үстінде намаз оқып тізем бүктім,

Разы болып, Хакқа қарап жасым төктім.  
Жалған ғашық сопы көрдім, оны сөктім,  
Сол себептен алпыс үште кірдім жерге.  
Жаннан кешпей “hy-hy” деген бәрі жалған,  
Жалтақтардан сөз сұрама жолда қалған.  
Хақты тапқан: өзі бостан, сөзі шаттан,  
Сол себептен алпыс үште кірдім жерге.  
Бір жасымда аруақ маған үлес берді,  
Екі жаста пайғамбарлар келіп көрді.  
Үш жасымда шілтен келіп хәлім білді,  
Сол себептен алпыс үште кірдім жерге.  
Төрт жасымда Хақ Мұстафа берді құрма,  
Жол көрсеттім, адасқанды салдым жолға.  
Қайда барсам Қызыр бабам бірге, жолда,  
Сол себептен алпыс үште кірдім жерге.  
Бес жасымда шарифатқа белім будым,  
Дін жолында ораза ұстап әдет қылдым.  
Күндіз-түні зікір айтып тәубе қылдым,  
Сол себептен алпыс үште кірдім жерге.  
Алты жаста тұра қаштым халайықтан,  
Көкке шығып дәріс алдым мөләйіктан.  
Киім киіп ынтық болдым шын көңілден,  
Сол себептен алпыс үште кірдім жерге.  
Жеті жаста Арыстан бабам іздеп тапты,  
Әр сырымды көрген сайын бүркеп жапты.  
«Бихамди лил-ләһи, көрдім» деп ізімді өпті,  
Сол себептен алпыс үште кірдім жерге.  
Әзірейіл кеп Арыстан бабам жанын алды,  
Хорлар келіп торғын тоннан кебін қылды.  
Жетпіс мың періштелер жиылып келді,  
Сол себептен алпыс үште кірдім жерге.  
Жаназасын оқып, жерден алып көтерді,  
Бір мезетте ұжмақ ішіне жеткерді.  
Рухын алып аспанға ұшып жөнелді,  
Сол себептен алпыс үште кірдім жерге.  
Алла-алла деп жер астынан мекен қылды,  
Мүңкір-Нәнкүр: «Раббың кім?» деп сұрақ қылды  
Арыстан бабам ислам дінін баян қылды,  
Сол себептен алпыс үште кірдім жерге.  
Ақылың болса жарандарға қызмет қылғыл,  
Әмір мағруф тұтқандарға ізет қылғыл.  
Нәһи мункар ұстағанға құрмет қылғыл,  
Сол себептен алпыс үште кірдім жерге.  
Сегізімде сегіз жақтан жол ашылды,  
Хикмет айт деп басыма нұр шашылды.

“Билхамдиллаһи” Пірмұған шарап ішкізді,  
Сол себептен алпыс үште кірдім жерге.  
Пірмұған Хақ Мұстафаға басыңды иің,  
Қайда барсаң сипатын айтып тағзым қылың.  
Жалбарынып Мұстафаға үмбет болың,  
Сол себептен алпыс үште кірдім жерге.  
Тоғызымда толғанбадым тура жолға,  
Тәбәрік деп алып жүрді қолдан қолға.  
Қуанбадым бұл сөздерге, қаштым шөлге,  
Сол себептен алпыс үште кірдім жерге.  
Он жасыңда ұлан болдың, Құл Қожа Ахмет,  
Қожалыққа мұнара қойып қылмай тағат.  
Қожамын деп жолда қалсаң, міне, қасірет,  
Сол себептен алпыс үште кірдім жерге.

#### **Әр таңда хабар келді құлағыма**

Әр таңда хабар келді құлағыма,  
Зікір айт деді, зікірді айтып жүрдім, міне.  
Құдайсыздарды көріп едім жолда қалды,  
Сол себептен ғашық дүкенін құрдым, міне.  
Он бірімде рахмет дариясы толып тасты,  
«Алла» дедім шайтан менен жырақ қашты.  
Әуестік кетіп, менмендік жылжып көшті,  
Он екімде бұл сырларды көрдім, міне.  
Он үшімде құштарлықты қолға алдым,  
Басыма жүз мың пәле қармап салдым.  
Тәкаббарды жерге ұрып басып алдым,  
Он төртімде топырақ сипат болдым, міне.  
Он бесімде хор қызы мен жігіттері келді,  
Бас ұрып, қол қусырып, тағзым қылды.  
Фардаус атты жәннаттан хабар келді,  
Дидар үшін баршасын қойдым, міне.  
Он алтымда барлық аруақ үлес берді,  
Айхай, Сізге мұбарак деп адам келді.  
Перзентім деп мойным құшып көңілім тапты,  
Он жетімде Түркістанда тұрдым, міне.  
Он сегізде шілтенменен шарап іштім,  
Зікір айтып, әзір боп көкейім тесті.  
Несібе берді, жәннат кіріп хорлар құштым,  
Хақ Мұстафа дидарын көрдім, міне.  
Он тоғызда жетпіс мақам айқын болды,  
Зікір айтып іш сарайым таза болды.  
Қайда барсам Қызыр бабам әзір болды,  
Рахым етіп шарап берді тойдым, міне.

Жиырмаға жасым жетті, еттім мақам,  
Билхамдилла қызметін қылдым тәмам.  
Ұшқан құс, құрт-құмырсқа етті сәлем,  
Сол себептен Хаққа жақын болдым, міне.  
Мұсылман емес хикмет айтып жыламаса,  
Жарандардың айтқан сөзін тыңдамаса.  
Аят, хадис мазмұнын аңдамаса,  
Кереметті ғарыш үстінде көрдім, міне.  
Кереметті көріп Хақпен тілдестім мен,  
Жүз мың түрлі періштемен жүздестім мен.  
Сол себептен Хақты айтып іздедім мен,  
Жан-тәнімді оған пида еттім, міне.  
Құл Қожа Ахмет, жасың жетті жиырма бірге.  
Не қылғайсың күнәларың таудан да ауыр.  
Қиямет күн азап берсе Раббым Қадыр,  
Ей, достарым, не деп жауап айтам, міне.

#### **Хош, ғайыптан хабар келді құлағыма**

Хош, ғайыптан хабар келді құлағыма,  
Сол себептен Хаққа сыйынып келдім, міне.  
Барша әулие жиылып келіп ырзық берді,  
Сол себептен Хаққа сыйынып келдім, міне.  
Мен жиырма екі жаста толысып жігіт болдым,  
Шипа болып, шын дертке дауа болдым,  
Жалған ғашық пен шын ғашыққа куә болдым,  
Сол себептен Хаққа сыйынып келдім, міне.  
Ей, достар, жасым жетті жиырма үшке,  
Тағатым жоқ жалған іс пен даукестікке.  
Қиямет күн жалаңашпын, көзім соқыр,  
Сол себептен Хаққа сыйынып келдім, міне.  
Мен жиырма төртке кірдім Хақтан жырақ,  
Ақыретке барар болсам, қане жарар?  
Өлгенімде жиылып ұр жүз мың таяқ,  
Сол себептен Хаққа сыйынып келдім, міне.  
Жаназамның артынан тас атыңдар,  
Аяғымнан сүйрелеп көрге атыңдар.  
Хаққа құлдық қылмадың деп тепкілеңдер,  
Сол себептен Хаққа сыйынып келдім, міне.  
Жазуменен жасым жетті жиырма бес,  
Субхан ием, зікірменен көкейім тес.  
Көкірегімдегі түйіндерді сен өзің шеш,  
Сол себептен Хаққа сыйынып келдім, міне.  
Жиырма алты жасымда “сауда” қылдым,

Мансұр сипат дидар үшін талас қылдым.  
Пірсіз жүріп дерт пен шерді пайда қылдым,  
Сол себептен Хаққа сыйынып келдім, міне.  
Мен жиырма жеті жаста пірді таптым,  
Әр сыр көрдім, перделеп бүркеп жаптым.  
Астанасын жастанып ізін өптім,  
Сол себептен Хаққа сыйынып келдім, міне.  
Мен жиырма сегіз жасымда ғашық болдым,  
Жаннан кешіп, мехнат тартып садық болдым.  
Одан кейін дидарыңда лайық болдым,  
Сол себептен Хаққа сыйынып келдім, міне.  
Жиырма тоғыз жасқа кірдім, халім харап.  
Ғашық жолында бола алмадым мысал топырақ.  
Халім харап, бауыр кәуәп, көз бұлдырап,  
Сол себептен Хаққа сыйынып келдім, міне.  
Отыз жаста отқа қақтап күйдірді,  
Күллі әулие жиылып дүниеқорлықты қойдырды.  
Ұрып-сөгіп дүние қызығынан бездірді,  
Сол себептен Хаққа сыйынып келдім, міне.  
Кұл Қожа Ахмет, дүние қусаң ісің бітер,  
Көкіректен шыққан даусың көкке жетер.  
Жан кетерде Хақ Мұстафа қолын берер,  
Сол себептен Хаққа сыйынып келдім, міне.

### **Төтеннен тұрарымда барша әулие**

Төтеннен тұрарымда барша әулие,  
Хақ сүйіспендігін көңіліме салды, достар.  
Қызыр Бадам дайын тұрып мейірін төге,  
Медет қылып қолымды алды, достар.  
Отыз бірде Қызыр Бадам шарап ішірді,  
Көңілімнен әзәзілді Хақ қашырды.  
Сауда қылдым, жазығымды құдай кешірді,  
Содан кейін Хақ жолына салды, достар.  
Отыз екі жасымда жетті Хақтан пәрман,  
Пенделікке қабыл еттім, қылма арман.  
Жан кетерде бергем саған нұрлы иман,  
Кәріп жаным шадман болып күлді, достар.  
Халқымнан хабар жетті, риза болдым,  
Әркім сөкті яки тепті, сабыр болдым.  
Бұл әлемде көзімді ілмей әзір болдым,  
Әуестік пен менмендік кетті, достар.  
Отыз үште сақи болып шарап үлестім,  
Тостаған толы шарапты тоя іштім.  
Әскер түзеп шайтанмен мен ұрыстым,



Шүкір Алла, екі нәпсім өлді, достар.  
Отыз төртте ғалым болып, дана болдым,  
Хикмет айт деп субхан айтты, күйіп-жандым.  
Шілтенменен шарап ішіп дос-жар болдым,  
Жан дүнием Хақ нұрына толды, достар.  
Отыз бесте мешіт кіріп дәурен сүрдім,  
Шәкірттерге ғашық дүкенін шексіз құрдым.  
Теріс жолға әркім кірді, сөктім, ұрыстым,  
Ғашықтарға Хақтың нұры түсті, достар!  
Отыз жеті жасқа кірдім оянбадым,  
Ынсап қылып Алла мейірін толғамадым.  
Таң сәріде зар илеп еңіремедім,  
Тәуба қылдым қожам қабыл қылды, достар.  
Отыз сегіз жасқа кірдім, ғұмырым өтті,  
Жыламай-ақ өлер уақтым жуық жетті.  
Ажал келіп шектеулі уақтын тосты,  
Білмей қалдым, ғұмырым ақыр болды, достар.  
Отыз тоғыз жасқа кірдім, қылдым қасірет,  
Уә, дариға, өтті ғұмырым, қане тағат?  
Қанағатшыл Хақ қасында хош-сағадат,  
Қызыл жүзім тағат қылмай солды, достар.  
Шаш пен сақал ағарды, көңілім қара,  
Махшар күні рахым еткін, халім нашар.  
Саған аян амалсызбын, көп дүр күнәм,  
Бар періште жазығымды білді, достар.  
Пірмұған шарабынан тамшы таттым,  
Жол таба алмай бас айналып түндер қаттым.  
Бихамдилла ізгілік берді, нұрға баттым,  
Көңіл құсы жеті қат көкке жетті, достар.  
Қияметтің азабынан ақылым қайран,  
Көңілім қорыққан, жаным үріккен, көкірек ойран.  
Ділім шошып Сират атты қыл көпірден,  
Ақылым кетіп, естен танып қалдым, достар.  
Құл Қожа Ахмет, қырыққа кірдің, нәпсінді тый,  
Мұнда жылап, ақыретте есіңді жи.  
Иман – шариғат, мәні – тариқат,  
Құдай деген Хақтан үлес алды, достар.

### **Иә, иллаһи, сенің даңқыңа хикмет айттым**

Иә, иллаһи, сенің даңқыңа хикмет айттым,  
Заты ұлық ием, сыйынып келдім саған.  
Тәуба қылып күнәмнан қорқып қайттым,  
Заты ұлық ием, сыйынып келдім саған.

Қырық бірімде ықлас қылдым жол табам деп,  
Жарандардан әр сыр көрсем мен жабам деп.  
Пірдің ізін тауып мен өбейін деп,  
Заты ұлық ием, сыйынып келдім саған.  
Қырық екімде шәкірт болып жолға кірдім,  
Ықлас қылып жалғыз Хаққа көңіл бердім.  
Ғарсы-күрсі лаухыдан өтіп ғалам кездім,  
Заты ұлық ием, сыйынып келдім саған.  
Қырық үшімде Хақты іздеп зар еңіредім,  
Көз жасымды көл қылып егілемін.  
Шөл далада ғашық боп тентіредім,  
Заты ұлық ием, сыйынып келдім саған.  
Қырық төртімде махаббаттың базарында,  
Жағамды ұстап жылап жүрдім гүлзарында.  
Мансұр сипат бас тіктім ғашық дертіне,  
Заты ұлық ием, сыйынып келдім саған.  
Қырық бесімде сенен қажет тілеп келдім,  
Тәуба қылдым, әр іс қылдым, қате қылдым.  
Иә иләһім, рахметінді ұлық білдім,  
Заты ұлық ием, сыйынып келдім саған.  
Қырық алтымда зауқым асып толып тасты,  
Рахметіннің нұры тамып шайтан қашты.  
Хақтан шабыт жолдас болып есік ашты,  
Заты ұлық ием, сыйынып келдім саған.  
Қырық жетімде жеті жақтан шабыт жетті,  
Сақи болып жам-шарапты ием тұтты.  
Шайтан “өліп” нәпсі-құйын өзі кетті,  
Заты ұлық ием, сыйынып келдім саған.  
Қырық сегізде ғазиз жаннан безер болдым,  
Күнә дерті ауру қылды, кесел болдым.  
Сол себептен Хақтан қорқып көз ілмедім  
Заты ұлық ием, сыйынып келдім саған.  
Қырық тоғызда ғашық болып күйіп-жандым,  
Мәжнүңдей туған-туыстан қашып тындым.  
Түрлі-түрлі жапа көрдім, мойынсұндым,  
Заты ұлық ием, сыйынып келдім саған.  
Елуімде ермін дедім, дәрменсіздік,  
Қан төкпедім көзімнен баурымды езіп.  
Нәпсім үшін жүрер едім иттей кезіп,  
Заты ұлық ием, сыйынып келдім саған.  
Құл Қожа Ахмет, ер болмасаң, өлген жақсы,  
Қызыл жүзің қара жерде солған жақсы.  
Топырақ сипат жер астында болған жақсы,  
Заты ұлық ием, сыйынып келдім саған.

**«Құл һуа Аллаһу Субхан Аллаһу»  
құлшылық қылдым**

«Құл һуа Аллаһу Субхан Аллаһу» құлшылық қылдым,  
Бір және Барым, дидарыңды көрермін бе?!  
Бастан-ақ қасіретінде күйіп-жандым,  
Бір және Барым, дидарыңды көрермін бе?!  
Елу бірде шөлдер кезіп тамыр сордым,  
Тауға шығып, тағат қылып, көзім талды.  
Дидарыңды көре алмадым, жаннан тойдым,  
Бір және Барым, дидарыңды көрермін бе?!  
Елу екі жаста кештім мүлік-малдан,  
Мал-мүлкім не тұрады бір жанымнан.  
Бастан кештім, жаннан кештім һәм иманнан,  
Бір және Барым, дидарыңды көрермін бе?!  
Елу үште сол шарапты несіп қылды,  
Жолдан тайған адам едім, жолға салды.  
“Алла” дедім, “Ләббай” деп қолымды алды,  
Бір және Барым, дидарыңды көрермін бе?!  
Елу төртте жан дүнием зар жылады,  
Ғылым-білім майданында бас айналды.  
Исмаилдай әзіз жаным құрбан болды,  
Бір және Барым, дидарыңды көрермін бе?!  
Елу бесте дидар үшін тіленші болдым,  
Күйіп-жанып, күлдей ұшып ғайып болдым.  
“Бихамдилла “ дидар аңсап ада болдым,  
Бір және Барым, дидарыңды көрермін бе?!  
Елу алты жасқа кірді мұңлық басым,  
Тоба қылдым, ағар ма екен көзден жасым.  
Жарандардан ләззат алмай көңілім қалды,  
Бір және Барым, дидарыңды көрермін бе?!  
Елу жеті жаста ғұмырым желдей есті,  
Ей, достар, амалсызбын басым қатты.  
Билхамдилла Пирмұған қолын берді,  
Бір және Барым, дидарыңды көрермін бе?!  
Елу сегіз жасқа кірдім бейхабармын,  
Өзің біліп нәпсімді тый, қаһарлы ием,  
Қанағат берсең сұм нәпсімді ұрып-тебем,  
Бір және Барым, дидарыңды көрермін бе?!  
Елу тоғыз жасқа кіріп қылып ем дат,  
Жан берерде сүйіктімді қылмадым жат.  
Қай бетіммен қыл деп айтам саған азат,  
Бір және Барым, дидарыңды көрермін бе?!  
Көзім жұмып ашқанша жетті алпыс,  
Белді буып қылмадым бір жақсы іс.

Ертелі-кеш бейғам жүрдім жаз және қыс,  
Бір және Барым, дидарыңды көрермін бе?!  
Алпыс бірде шермендемін иллаһымнан,  
Иә, достар, көп қорқамын күнәлардан.  
Жаннан кешіп, пана тілеп құдайымнан,  
Бір және Барым, дидарыңды көрермін бе?!  
Алпыс екі жаста Алла мені жерге тартты,  
Бастан-аяқ надандықтан азат етті.  
Жан мен ділім, ақыл-есім Алла деді,  
Бір және Барым, дидарыңды көрермін бе?!  
Алпыс үште хабар келді: құлым, жерге кір деген,  
Жаныңменен, жананыңмен шыбын жанды бер деген.  
Көңіл семсерін қолға алып нәпсіні қыр деген,  
Бір және Барым, дидарыңды көрермін бе?!  
Құл Қожа Ахмет, нәпсіні тептім, нәпсіні тептім,  
Одан кейін сүйгенімді іздеп таптым.  
Өлмес бұрын жан бермектің дертін тарттым,  
Бір және Барым, дидарыңды көрермін бе?!

### **Таңсәріде дүйсенбі күн жерге кірдім**

Таңсәріде дүйсенбі күн жерге кірдім,  
Мұстафаға қайғы тұтып кірдім, міне.  
Алпыс үште сүннет деді естіп білдім,  
Мұстафаға аза тұтып кірдім, міне.  
Жер үстінде жарандарым қайғы тұтты,  
Барша әлем сұлтаным деп зар жылады.  
Хақты сүйген шын сопылар қандар жұтты,  
Мұстафаға аза тұтып кірдім, міне.  
Бақыл айтып жер астына қадам қойдым,  
Жарық дүниені талақ етіп, Хақты сүйдім.  
Зікір айтып, жалғыз өліп, жалғыз күйдім,  
Мұстафаға аза тұтып кірдім, міне.  
“Таһа” оқып көз ілмедім түні бойы,  
Кеште намаз, ораза ұстап күні бойы.  
Осы халмен жер астында өне бойы,  
Мұстафаға аза тұтып кірдім, міне.  
Алпыс түн, алпыс күнде бір-бір тағам,  
Таң атқанша намаз оқып бердім сәлем.  
Алпыс үште болды ғұмырым ақыры тәмам,  
Мұстафаға аза тұтып кірдім, міне.  
Хақ Мұстафа рухы келіп имам болды,  
Бар періште жер астында ғұлам болды.  
Көп жыладым, Хақ Мұстафа ризық берді,

Мұстафаға аза тұтып кірдім, міне.  
Миграж түні нұр дедім, перзент деді,  
Қолымды алып үмбетімсің, үмбет деді.  
Сүннет жолын берік ұста, сүйіктім деді,  
Мұстафаға аза тұтып кірдім, міне.  
Қияметте жолдан тайсаң, жолға салам,  
Мұхаммед деп жолдас болсаң, қолыңды алам.  
Перзентім деп қолыңды ұстап жаннат кірем,  
Мұстафаға аза тұтып кірдім, міне.  
Әй, жарандар, бұ сөзді естіп көңілім артты,  
Үмбет деді жан дүнием нұрға батты.  
Нұрын шашып дидарын Хақ көрсетті,  
Мұстафаға аза тұтып кірдім, міне.  
Дидар көріп, рухым ұшып ғарышқа қонды,  
Мұсаға ұқсап көкірегім күйіп жанды.  
Мәжнүңдей туыс-туғаннан қашып танды,  
Мұстафаға аза тұтып кірдім, міне.  
Жер астында қорлық көрдім көп машақат,  
Төсек, жастық тастан қылдым, шектім мехнат.  
Әй, жарандар, бұл дүниеде жоқ дүр рахат,  
Мұстафаға аза тұтып кірдім, міне.  
Машақат тартпайынша пайғамбардың жүзі қайда,  
Қызмет қылмай бос қиял бермес пайда.  
Жан-тәніңді Хақ жолына етсең пида,  
Мұстафаға аза тұтып кірдім, міне.  
Жер астына кіргенімде естен таңдым,  
Көзімді ашып Мұстафаны бірден көрдім,  
Ғаси, Жафи үмбеттердің халін білдім,  
Мұстафаға аза тұтып кірдім, міне.  
Ей, перзентім, менен сұрасаң, қане үмбет,  
Үмбет айтты: көкірегіме түсті қасірет.  
Үмбет үшін көп тартамын Хақтан азап,  
Мұстафаға аза тұтып кірдім, міне.  
Үмбеттерімнің күнәсін жұмада кеш,  
Алып келіп, ей, Мұхаммед, сен мұны шеш.  
Тәңірге жылап сәжде қыл әр күні кеш,  
Мұстафаға аза тұтып кірдім, міне.  
Әр жұма кеш үмбетке тән күнәны,  
Алып келіп, ей, Мұхаммед, көргілі мұны.  
Үмбеттерің не істер екен, Ахмет, сені,  
Мұстафаға аза тұтып кірдім, міне.  
Мен періштеден ұялармын, ей, үмбетім,  
Жаратқан өзі білер арзаным мен қымбатым.  
Түн ұйықтамай тағат қылсаң артар бағың,  
Мұстафаға аза тұтып кірдім, міне.

Жер астына кірдім, достар, бейықтияр,  
“Әумин” деңдер жамағат, сахабалар һәм шарияр.  
Үмбеттердің күнәсін кеш, пәруәрдіғар,  
Мұстафаға аза тұтып кірдім, міне.  
Құл Қожа Ахмет, мен “Дәптер сәниді” айттым,  
Екі әлемнің қызығын “шарапқа” саттым.  
Өлмей тұрып жан ашуы зәрін таттым,  
Мұстафаға аза тұтып кірдім, міне.

### **Ол тәңірім құдыретімен назар салды**

Ол тәңірім құдыретімен назар салды,  
Шаттықпенен жер астына кірдім, міне.  
Ғаріп пендең бұ дүниеден сапар шекті,  
Құлшылықпен жер астына кірдім, міне.  
Зікір айтып, риза болып Хақты таптым,  
Дүние қызығын талақ етіп жаншып тептім.  
Естен танып, рәсуә болып, жаннан бездім,  
Бәрінен безіп жер астына кірдім, міне.  
Сұмдығымнан тау менен тас сөкті мені,  
Өткір тілмен зекіп айтты: ісің қане.  
Ғашық болсаң әуел барып Хақты таны,  
Дәнекер боп жер астына кірдім, міне.  
Сізді, бізді Хақ жаратты тағат үшін,  
Бұл бір ғажап: ішпек-жемек рахат үшін.  
“Қалу бәлә” деді рухым мехнат үшін,  
Қара бет боп жер астына кірдім, міне.  
Нәпсі мені көп жүгіртті Хаққа бақпай,  
Күндіз-түні бейғам жүрдім жасым ақпай.  
Нәпсім мен менмендікті отқа жақпай,  
Қайғы жұтып жер астына кірдім, міне.  
Құлды көрсем қызмет қылып құлы болсам,  
Топырақ сипат жол үстінде жолы болсам.  
Ғашықтардың күйіп өшкен күлі болсам,  
Серік болып жер астына кірдім, міне.  
Жаннан кешіп мехнат тарттым, пендем деді,  
Қан жұтып Алла дедім, рахым етті.  
Дозақ ішінде қалмасын деп қамым жеді,  
Шаттықпенен жер астына кірдім, міне.  
Жасым алпыс үшке жетті, ойым тұнық,  
Уа, дариға, Хақты таппай көңілім сынық.  
Жер үстінде сұлтанмын деп болдым ұлық,  
Ризалықпен жер астына кірдім, міне.  
Шайыхпын деп уағыз айтып жолда қалдым,

Сәлдемді соқыр тиынға сатып келдім.  
Нәпсім мені алдап кетті, жолда қалдым,  
Алаңсыз жер астына кірдім, міне.  
Басым топырақ, өзім топырақ, тәнім топырақ,  
Хақ пайғамбарға жетемін деп рухым аңсап.  
Күйдім-жандым бола алмадым әр кез шапақ,  
Терлеп-тепшіп жер астына кірдім, міне.  
Пірмұған ықлас етті, шарап іштім,  
Шәбліге ұқсап зікір айтып жаннан кештім.  
Масаң болып ел-жұрттан танып қаштым,  
Зәмзәм болып жер астына кірдім, міне.  
Құл Қожа Ахмет, ақылшы болсаң өзіңе бол,  
Ғашық болсаң, жаннан кешіп біржола өл.  
Надандарға айтқан сөзің қабыл болмас,  
Белді буып жер астына кірдім, міне.

### **Білгейсің бұ дүние барша елден өтер**

Білгейсің бұ дүние барша елден өтер,  
Малға да сенбе, бір күні қолдан кетер.  
Ата-ана, қарындас қайда кетті ойлап көр,  
Төрт аяқты шабан ат бір күн саған жетер.  
Дүние үшін қам жеме, Хақтан өзгені деме,  
Сират көпірі тұрар, кісі малын жеме.  
Ел-жұрт, туыс ешқайсысы болмас жолдас,  
Мәрт болғайсың: ғұмырың желдей өтер, ғәріп бас.  
Құл Қожа Ахмет, тағат қыл, білмейсің өмірің неше жыл,  
Асыл тегің су менен күл, тағы айналып боларсың күл.

### **Иә, достар, пәк махаббатты мақсат еттім**

Иә, достар, пәк махаббатты мақсат еттім,  
Бұл дүниені дұшпан тұтып жүрдім, міне.  
Жағамды ұстап хазіретке сыйынып келдім,  
Ғашық жолында Мәнсұр сипат болдым, міне.  
Ғашық жолында ғашық болып Мәнсұр өтті,  
Белін буып, Хақ сүймекті бекем тұтты.  
Жәбір-жапа, қорлауды көп есітті,  
Ей, мұсылман, мен де Мәнсұр болдым, міне.  
Ғашық Мәнсұр “Әнә-л-Хақты” зарлап айтты,  
Жебірейіл келіп “Әнә-л-Хақты” бірге айтты.  
Жебірейіл келіп басыңды бер деп айтты,  
Дарға асылып Хақ дидарын көрдім, міне.

Мәнсүр келгенше дар иліп өзі алды,  
Көңіл көзі ашықтар қайран қалды.  
Алланың нұры шашылып назар салды,  
Ашылды деп дидарын көрдім, міне.  
Хабар келді: осы дарда көп қинама деп,  
Мықты бол, қайғыланба өзіңді жеп.  
Сыртқа айтты: әмірім сақтап тимендер деп,  
Лауһіл махфұз тақтасында көрдім, міне.  
Үш жүз молда жиылып айтты көп риуаят,  
Шарифат-дүр мен де бітірсем бір риуаят.  
Алла жолы ақиқатта жар болсын Хақ,  
Басым беріп Хақ сырын білдім, міне.  
“Әнә-л-Хақтың” мағынасын білмес надан,  
Дана керек бұл жолдарға пәк, мардан.  
Ақылды құлдар Хақ жолын жадына алған,  
Жаннан кешіп жаратқанды сүйдім, міне.  
Ишарат еттім: дана болса мағына алсын,  
Сөз өнерін өрнектедім, нышан қалсын.  
Дүрі гауһар сөздерімді есіне алсын,  
Халімді айтып ғашықтарға бердім, міне.  
Ессіз Мәнсүр қорлықпенен болды ада,  
Бір сөзбенен жарандардан болды жүдә.  
Халін, ділін ешкім білмес тәңірім куә,  
Қан жұтып мен де куә болдым, міне.  
Мәнсүр шаһтың өмірі міндет емес,  
Жолды тапқан біз секілді алжас емес.  
Азғындарға бұ сөздер керек емес,  
Ә, құдай, жадыма тұтып алдым, міне.  
Бір күн сахар ғаріп Мәнсүр көп еңірепті,  
Нұрын шашып Алла өзі рахым етті.  
Одан кейін шілтен көріп шарап берді,  
Даналарға осы сөзді айттым, міне.  
Надандарға иесіз сөзім жеңіл хикмат,  
Адаммын деп белін байлар қане қымбат.  
Дүние үшін бір-біріне қылмас шафхат,  
Залымдарға тұтқын болып өлдім, міне.  
Залымдарда ар-ұят жоқ, бізде күнә,  
Дәруіштің жаны өлік, өшпес дұға.  
Сол себептен патша қылар бізге жапа,  
Аят, хадис мағынасын айттым, міне.  
Залым егер жәбір қылса Алла дегіл,  
Қолың жайып, дұға оқып мойынсұнғыл.  
Құдай тілек бермесе сабыр қылғыл,  
Хақтан естіп бұл сөздерді айттым, міне.



Залым егер зұлымдық етсе маған жыла,  
Жасың төгіп, маған сыйынып белің байла.  
Арам, шүбәні тәрк қылып досты талға,  
Залымдарға жүз мың бәле бердім, міне.  
Залымдардың арғы түбін мен жаратқан,  
Жаратқанды назарға ілмей сен ұмытқан.  
Менен кешіп залымдардың қолын тұтқан,  
Залымдардың жолын ашып бердім, міне.  
Саған жаза: жаратқанға жалбармадың,  
Алланы айтып түнде тұрып еңіремедің.  
Хақиқаттан сөз сөйледім, естімедің,  
Залымдардың қолын ұзын қылдым, міне.  
Ей, бейхабар, Хаққа көңіл жүгіртпедің,  
Дүние харам, одан көңіл суытпадың.  
Нәпсіден безіп бір Алла үшін толғанбадың,  
Бұл нәпсі үшін зарлап қайран болдым, міне.  
Залымдарды айыптама, залым өзің,  
Арсыз болсаң өтпейді халыққа сөзің.  
Дүние малын түгел бердім, тоймас көзің,  
Сарандарды қараңғыға жаптым, міне.  
Қызыл ерні сыбырлап айтты мұны,  
Жаным-тәнім, үмбеттерім, көзім гүлі.  
Хаққа құл, маған үмбет болған кәне,  
Шын үмбетті көкірегіме қойдым, міне.  
Құл Қожа Ахмет Хақ сөзін сөйлеп өтті,  
“Ғайнил-иақин” тариқатта боздап өтті.  
“Ғилмул-иақин” шарифатты көздеп өтті,  
“Хақкул-иақин” Хақиқаттан айттым, міне.

#### **Алла тағала ғашықтарды ынтықтырды**

Алла тағала ғашықтарды ынтықтырды,  
Ризалықпен өртеніп күйдім, міне.  
Екі ғалам көзімнен бұлбұл ұшты,  
Көрінбеді, жалғыз Хақты сүйдім, міне.  
Жаннан кешіп, жалғыз Хақты жанға қостым,  
Одан кейін дария болып толып, тастым.  
Тәңірімен сырластым, әнге бастым,  
Дүние қызығын жүз мың талақ еттім, міне.  
Хақ алдында ақылы кәміл түк қыла алмас,  
Ғашық өрті лапылдаса жанды қоймас.  
Көбелектей отқа түсіп өзін білмес,  
Бұл сырлармен дүниеден тойдым, міне.

Тариқат жолдарының азабы көп,  
Шын ғашық болмайынша тәуекел жоқ.  
Дидарыңды көре алмадым күн-түн ұйып,  
Көзімді ілмей дидарыңды көрдім, міне.  
Тариқат жолы қатты, телміріп көзім талды,  
Басым қатты, Пірмұған құяр балды.  
Пір етегін тұттым, көңілде шырақ жанды,  
Рәсуә болып жол кезіп жүрдім, міне.  
Тариқаттың жолы болар ауыр азап,  
Бұл жолда талай ғашық болды топырақ.  
Ғашық жолына кім түссе – халі хараб,  
Жарандардан жол мәнісін білдім, міне.  
Тариқаттың жолы болар азап, ұлық,  
Несіп қылған пендесіне болар жуық.  
Ұшқынына шыдай алмас жеті тамұқ,  
Ей, жарандар, ғазіз жаннан тойдым, міне.  
Хақиқаттың мәнісіне жеткен кісі,  
Естен танып, күйіп-жанар іші-тысы.  
Қан боп саулар көзінен аққан жасы,  
Көз жасымды көл қылып бардым, міне.  
Шариғат-дүр ғашықтардың әпсанасы,  
Білгір ғашық тариқаттың дүр данасы.  
Қайда барса сүйіктісі хәм туысы,  
Бұл сырларды ғарыш үстінде көрдім, міне.  
Махаббаттың бағын кезбей ғашық болмас,  
Қарлық-зарлық тартпайынша нәпсің өлмес.  
Бір тамшыға мейірі қанбай ол дүр болмас,  
Мейірім қанып шын гәуһарды алдым, міне.  
Ғашық отына күйген жанның өңі қашар,  
Ол дүниеге жеделдетіп мұнан көшер.  
Мұнда болған түйіншекті онда шешер,  
Расул: дүние опасыз деді, қойдым, міне.  
Шын ғашықтың болады жүзі сынық,  
Айнаға назар салса, одан тұнық.  
Өзі қайран, көңілі ойран, көзі жасты,  
Құдыретіне қайран болып қалдым, міне.  
Алла айтты: көп жыласаң көрерсің мені,  
Зар еңіресең пендем деп айтам сені.  
Жаннан кешіп мені ескерер ғашық кәні,  
Шабыт келді шын құлаққа ілдім, міне.  
Шын көңілден күйгендерге дидар сыйлық,  
Жалған ғашық жолға түссе бәрін қидық.  
Шын ғашықтың көзі жасты, басын иіп,  
Тәжім етіп жер астына кірдім, міне.

Хақиқат шын ғашыққа сыйлық тұрар,  
Махшар күні қалайсың деп халін сұрар.  
Қорғаушы мен шапағатшы өзі болар,  
Рахымыңнан үміт етіп келдім, міне.  
Құл Қожа Ахмет, Хақтың атын есте сақта,  
Хақтан қорқып тынбай жылап, түнде жатпа,  
Намаз оқы, ораза ұста әр ақшамда,  
Солай болып мұратыма жеттім, міне.

### **Рахым Мәүлім рахымымен еске алып**

Рахым Мәүлім рахымымен еске алып,  
Қай бетіммен хазіретке барам, міне.  
Тәуба қылып теріс жолдан кері қайтып,  
Қай бетіммен хазіретке барам, міне.  
Өсиетін Хақ пендесіне қолға берсе,  
Хақ илаһи рахымымен рахмет етсе.  
Пірмұған басшы болып жол көрсетсе,  
Қай бетіммен хазіретке барам, міне.  
Бір күні жетіп ажал уақыты жуық келсе,  
Саған, маған асыл Отан үкім етсе.  
Өлмей тұрып жан ашуы азабын тартса,  
Қай бетіммен хазіретке барам, міне.  
Сырлас болған серіктерің тозып кетті,  
Дау-дамаймен о дүниеге озып кетті.  
Жарға соққан дариядай тасып кетті,  
Қай бетіммен хазіретке барам, міне.  
О, құдырет, күндіз-түні қылмай тағат,  
Хақ расул үмбет үшін жемей нығмет.  
Ішпек-жемек нәсібі – қайғы-қасірет,  
Қай бетіммен хазіретке барам, міне.  
Хақ расул дүние үшін қайғырмады,  
Үмбетім деп өзге сөзге дем ұрмады.  
Өмірінде ол бір сәт дем алмады,  
Қай бетіммен хазіретке барам, міне.  
Уа, дариға, махшар күні жарық болса,  
Тәңірім өзі қазы болып назар салса.  
Жаман іс пен қылмыстарым әзір болса,  
Қай бетіммен хазіретке барам, міне.  
Күндіз-түні тынбай жыла, Құл Қожа Ахмет,  
Құрмет етіп Хақ расулға болғай үмбет.  
Басшы болып үмбет десе хош сағадат,  
Қай бетіммен хазіретке барам, міне.

### **Тәңірім, мені салғай өз жолыңа**

Тәңірім, мені салғай өз жолыңа,  
Дем біткенше арып-ашып жүрдім, міне.  
Бәле-жала толып тасып шектен асты,  
Қорқыныш, қауіп-қатерде қалдым, міне.  
Дүние бок соңыңнан итше жорттым,  
Іздеп оны артынан күн-түн қудым.  
Өмірін тұтпай Хақ жолына көзім жұмдым,  
Қайда барам, иә, достар, қайтем, міне?  
Нәпсі шайтан тұтқын қылды адам ұлын,  
Түйедей ғып байлап алды екі қолын.  
Білмеудің несі қиын оң мен солын,  
Уа, дариға, қасірет шегіп барам, міне.  
Дүниеде жоқ мендей бір сұм мен бәле,  
Болмады риза құдай мен халық және.  
Енді болды ақырында жүзім қара,  
Уа, құдырет, неге солай болдым, міне?  
Құрметтеген ғазіз жанды білмедім мен,  
Ашық көңіл әзірсің деп тұрмадым мен.  
Қара жүзім құдыретіңе бұрмадым мен,  
Иә, раббым, не қылсаң да келдім, міне.  
Тағатым жоқ көзім салсам күнәмызға,  
Тәуба қылып қашып келдім панаңызға.  
Рахмет етіп назарың сал Қожа Ахметке,  
Не қылсаң да мен сорлы келдім, міне.

### **Ей, достар, наданменен жолдас болып**

Ей, достар, наданменен жолдас болып,  
Бауырым күйіп, жаннан тойып, өлдім, міне.  
Тура айтсам да теріс жолға мойнын бұрар,  
Қан жұтып қасірет уына тойдым, міне.  
Наданменен өткен өмірің тозақ болар,  
Надан барса дозақ та одан қашар.  
Наданменен дозаққа қылма сапар,  
Наданмен қазан айындай солдым, міне.  
Дұға қыл надандарға мойын бұрмай,  
Хақ тағала қолдаса тіптен оңай,  
Надандар сорласа, жүре бер халін білмей,  
Надандардан жүз мың жапа көрдім, міне.  
Жер астына қашып кірдім надандардан,  
Қолым жайып дұға тілейін жомарттардан.  
Ғаріп жаным жүз тасаттық даналардан,  
Дана таппай жер астына кірдім, міне.

Надандарды мен білмеймін көңілім қапа,  
Хақтан қорқып аза тұтсам күлер ха-ха.  
Аузы ашық, нәпсі ұлық, мешкей лақа,  
Надандардан қорқып саған келдім, міне.  
Үміт қылма надандардан қадірің білмес,  
Қараңғыда бірге жүрсең, жолға салмас.  
Мойныңа бұршақ салсаң, қолыңды алмас,  
Надандардан күдер үзіп келдім, міне.  
Ақырында жақсы кетті, қалдым жалғыз,  
Надандардан естімедім бір жақсы сөз.  
Дана кетті, надан қалды көп өкініш,  
Жол таба алмай қайран болып қалдым, міне.  
Өткен істер жанымды езді қаным қайнап,  
Қасиетті жерде қасиетсіз жүр көңілі жайнап.  
Аят, хадис қанша айтсам құлаққа алмас,  
Көкірегім қам-қайғыға толды, міне.  
Дертті халім азап көрді бар ма тәуіп,  
Мұң-шерімді саған шақтым көңілім ауып.  
Менен өзге үлес алды, мен бинәсіп,  
Үлес іздеп сағым сынып келдім, міне.  
Дүние-мүлік тәрік қылып үлес алғыл,  
Ей, пақыр, дүние ісін артта қалдыр.  
Алла сақи мейірін көріп қайран қалғыл,  
Көрейін деп баз кешіп келдім, міне.  
Мен “Дәптер сәниді” Сізге еттім жәдігер,  
Аруағымнан медет тілеп қорғана көр.  
Дұға қылам қабыл қылсын пәруардігер,  
Рахман ием, арызымды айтқалы келдім, міне.  
Хикметімнен баһра алған көзіне сүртсін,  
Ықласпенен көзге сүртіп дидар көрсін.  
Шарты сол дүр: қанағатқа мойынсұнсын,  
Жан пида етіп жанананы көрдім, міне.  
Дидар үшін тіленші болдым әумин деңдер,  
Шәкірттерім, халім көріп қамым жеңдер.  
Жолда қалған Құл Ахметке жол беріңдер,  
Жолды іздеп тіленші боп келдім, міне.  
Құл Қожа Ахмет, тіленші болсаң Хаққа болғыл,  
Басыңменен жарандарға қызмет қылғыл.  
Назар салсаң алқа қотан сұхбат қылғыл,  
Қауым боп іштей тілеп тұрдым, міне.

### **Көңіл көзін жаратпаймын тағат қылса**

Көңіл көзін жаратпаймын тағат қылса,  
Құдай да оны мақұлдасмас білдім, міне.

Хақиқатта бұл сөздерді шын үйреніп,  
Әр кезде Хақтан сабақ алдым, міне.  
Жалғыз ием сабақ берді перде ашып,  
Жер мен көкте тұра алмады шайтан қашып.  
Сауық құрдым тәтті шарап тоя ішіп,  
Әрқашан да Хақтан сабақ алдым, міне.  
Мұнда жапа шеккендерге Хақ дидары болар жақұт,  
Махшар күні Алла сыйлар оған бақыт.  
Жаратушы уағда қылған болсаң ғашық,  
Әрқашан да Хақтан сабақ алдым, міне.  
Көзімнен қанды жас төгіп жад етпедім,  
Жүз мың түрлі мехнат салдың дат етпедім.  
Сенен қорқып дертті көңілім шат етпедім,  
Әрқашан да Хақтан сабақ алдым, міне.  
Алла дерті сатылмайды сатып алсаң,  
Пірімұған қызметінде ақ болмасаң.  
Хақ жолына кіріп болмас пәк болмасаң,  
Әрқашан да Хақтан сабақ алдым, міне.  
Ғашық патша, ғашық пақыр қайта оралмас,  
Хақтан пәрмен болмайынша сөйлей алмас.  
Құдай сөзін естіген дүние қумас,  
Әрқашан да Хақтан сабақ алдым, міне.  
Құл Қожа Ахмет, жеті жаста алдым сабақ,  
Сегізімде дүние қызығын қойдым талақ.  
Тоғызымда бір құдайды көңілім қалап,  
Әрқашан да Хақтан сабақ алдым, міне.

### **Рахметіңнен шет қалдырма мен ғаріпты**

Рахметіңнен шет қалдырма мен ғаріпты,  
Демімді алмай жылап дұға қылам саған.  
Түні бойы дөңбекшіп таң атқанша,  
Көз ілместен жылап дұға қылам саған.  
Алдыңа енді келдім белім байлап,  
Іші-баурым шерге толды қаным қайнап.  
Жағамды ұстап өткен іске егіле жылап,  
Ықыласыммен еңіреп дұға қылам саған.  
Көңіл бағының балауса екенін ұқпай жүрдім,  
Бар өмірім қазан болды, енді білдім.  
Дүниені тастап, дін жолына қадам қойдым,  
Бұлбұлың боп жылап дұға қылам саған.  
Бұл жолдарда жанды асырап болмас деймін,  
Жанын баққан бұл жолдарға кірмес деймін.  
Өзіне пайда екенін білмес деймін,

Бұл хәлменен жылап дұға қылам саған.  
Құл Қожа Ахмет нәпсі тағын тастап қашты,  
“Фана фи Алла” мақамына жуықтасты.  
Жүрек, баурым алып ұшып қайнап тасты,  
Бұл хәлменен жылап дұға қылам саған.

### **“Фәзкуру-л-лаһ кәсиран” деп аят келді**

“Фәзкуру-л-лаһ кәсиран” деп аят келді,  
Зікір айтып зар илеумен жүрдім, міне.  
Нұр дидарын ғашықтарға уәде қылды,  
Ғашық жолына жаным қиып жүрдім, міне.  
Шын ғашықты Аллам сүйіп пендем деді,  
Орта жолда қалмасын деп қамын жеді.  
Жалғаншылар дидарымды көрмес деді,  
Ғашықтықта бекем болып тұрдым, міне.  
Ақылға ерсең, көрстаннан хабар алғыл,  
Мен де сондай болармын деп ғибрат алғыл.  
“Муту қәблә ән тәмутуға” амал қылғыл,  
Бұл хадисті есіме алып тұрмын, міне.  
Хабар берер “Фа-л-иадхаку қалилән” деп,  
Және айтар: “Уә л-иабку кәсиран” деп.  
Бұл аяттың мәніне бойұсынған деп,  
Бұл дүниеде күлместен жүрдім, міне.  
Көнбейгіндер қарқ-қарқ күлер, маз боп жүрер,  
Әміріне мойынсұнған уайым көрер.  
Күндіз-түні көздері жас боп жүрер,  
Көз жасымды дария қылып жүрдім, міне.  
Нәпсіден безіп шын ғашықтар Алла деді,  
Таңнан тұрып шартарапқа көз жіберді.  
Рахым етіп Алла өзі нұрын төкті,  
Содан кейін дария болып тастым, міне.  
Залым нәпсім еш қоймастан отқа салды,  
Өне бойым өз-өзінен күйіп жанды.  
Имансыздың иманын шайтан алды,  
“Әғузу биллаһи, бисмилла” деп жүрдім, міне.  
Зұлымдар дозақ ішінде күйіп жанғай,  
Иманы бар қалыс болып қайта шыққай.  
Имансыздар мәңгі бақи күйіп жанғай,  
Бір Алладан иман тілеп жүрдім, міне.  
Нәпсім мені арбады, көзімді әрең аштым,  
Пірмұғанға бет бұрып, солай қаштым.  
Құл Қожа Ахмет, қияметке жақындастым,  
Ұшқан құстай құдыретке кеттім, міне.

### **Уа, дариға, не істеймін ғаріптікте**

Уа, дариға, не істеймін ғаріптікте,  
Ғаріптікте кезбе болып қалдым, міне.  
Хорасан, Шам уа Ғираққа ниет қылып,  
Ғаріптіктің көп қадірін білдім, міне.  
Не келсе де көреміз бір құдайдан,  
Жүсіпті айырып еді ол Қынғаннан.  
Туған жерім қасиетті Түркістаннан,  
Баурымды тасқа ұрып келдім, міне.  
Кезбелік мирас қалды Мұстафадан,  
Отыз үш мың сахаба жарандардан.  
Әбубәкір, Омар, Осман, Мұртазадан,  
Кезбеліктің қалғанын айттым, міне.  
Мүсәпірлік басқа түссе жетіледі піспегендер,  
Дана қылар, мықты қылар өмір жолынан өтпегенді.  
Тапса тағам, кір тон киер жетпегеннен,  
Соның үшін Түркістанға келдім, міне.  
Ғаріптікте жүз болсын тұрар мейман,  
Тақ пен бақтың бақшасы да болар зындан.  
Ғаріптікте құл болған Махмұт сұлтан,  
Ей, жарандар, кезбеліктен күйдім, міне.  
Ғаріптікте Арыстан бабам іздеп тапты,  
Сырымды ұғып пердемен бүркеп жапты.  
“Билхамдилла” көрдім деді, ізімді өпті,  
Осы сырды біліп қайран қалдым, міне.  
Туыстық пен тілек жарасар уалаятқа,  
Ұлы бабам, сыйындым аруағына.  
Бабам рухы салды осы кезбелікке,  
Қанша тағзым еткенімді білмен, міне.  
Құл Қожа Ахмет айтқаны Хақтың жады,  
Естімеген достарына қалсын ақылы.  
Кезіп жүріп шаһарына қайта оралды,  
Түркістанда мазар болып қалдым, міне.

### **Есіме түсіп жанымдай сүйген Мұхаммед**

Есіме түсіп жанымдай сүйген Мұхаммед,  
Сенің жолыңа пида болам, Мұхаммед.  
Үмбет болған “Хамду сананы” жатқа айтар,  
Иә, Алла, жарылқай гөр, Мұхаммед.  
Көңіліме салып ғашық пен махаббатты ылайым,  
Ғашық қылғыл мені өзіңе, Мұхаммед.  
Мәжнүн сипат кештім екі жаһанды,



Диуана кыл, жарылқа мені, Мұхаммед.  
Өлтір, күйдір, әр мехнатқа салғыл,  
Қиямет күні жаза кыл, сүйем сені, Мұхаммед.  
Үнемі үмбет дедің көрмей рахат,  
Бар кереметі өзіңсің, қайғырып қайтем, ей, Мұхаммед.  
Үмбетім деп күндіз-түні жеді қасірет,  
Көкіректегі шерді шығарарсың, ей, Мұхаммед.  
Үмбеттің күнәсын ойлаған шаһтың шаһысың,  
Қиямет күні біздейлерге жаза болмас, Мұхаммед.  
Бәрінен безіп Мұхамедтің ал ризасын,  
Ей, Алла, қас қағымда ғайып болам, Мұхаммед.  
Сенен жалғыз тілегім: халайық қана құдіретім,  
Сала гөр менің жаныма уайым-қайғы, Мұхаммед.  
Айналайын нұр жүзіңнен, ей, Алла,  
Бір тамшыдан дариядай тасыт мені, Мұхаммед.  
Жол беруші Рахман, Рахим, Ғаффар, Сагтар,  
Жолға тастап шерменде қылма, Мұхаммед.  
Әуел бастан бір тамшы шарап маған нәсіп болған,  
Ұдайы Сіздің даналығыңызды мадақтайын, Мұхаммед.  
Қызыл шарап ұсынды Пірмұған кеп,  
Жақсылық ниетпен жарылқайды Мұхаммед.  
Мақсатыма жеткізе гөр, ей, халайық,  
Мен тілеймін жұпар иіс жеткізе гөр, Мұхаммед.  
Пердені ашып жүзімді жарық қыла гөр,  
Мен пендең саған серік, Мұхаммед.  
Міскін Иасауи аруақтарға тағзым етер,  
Аруақ жар болса, қайта жаралсам, Мұхаммед.

#### **“Әл-каззабу лә уммати” деді, білсең, Мұхаммед**

“Әл-каззабу лә уммати” деді, білсең, Мұхаммед,  
Алдамшылар қауымын үмбетім демес Мұхаммед.  
Тура жүрген құлды, адал жүрген жолды,  
Дұрыс жүрген құлды үмбет дегей Мұхаммед.  
Өркім үмбетпін десе, расул ісін қолдаса,  
Шапағат күні туса мақрұм қоймас Мұхаммед.  
Тәңірі тағала сөзін, Расул Алла сүндетін,  
Иланбаған үмбетін үмбетім демес Мұхаммед.  
Үмбетпін деп жүрерсің, бұйырғанын қылмассың,  
Қалай үміт етерсің, онда ескермес Мұхаммед.  
Күнәһәрдың халі мүшкіл-дүр үмбетімін демесе,  
Махшарда расуа боларсың, үмбетім демес Мұхаммед.  
Үмбетім десін Мұхаммед, шын сөйлесін Құл Ахмет,  
Қиямет-қайым болғанда мақрұм қоймас Мұхаммед.

### **Хақ тағала рахымымен пәрмен қылды**

Хақ тағала рахымымен пәрмен қылды,  
Естіп, оқып жерге кірді Құл Қожа Ахмет.  
Алпыс үште сүннеттерін бекем тұтып,  
Естіп, оқып жерге кірді Құл Қожа Ахмет.  
Жер үстінде өлмес бұрын тірі өлдім,  
Алпыс үште сүннет деді естіп білдім.  
Жер астында бар жаныммен құлдық қылдым,  
Естіп, оқып жерге кірді Құл Қожа Ахмет.  
Жарандардан пайда, көмек ала алмадым,  
Жүз жиырма беске кірдім, еш нәрсе біле алмадым.  
Хақ тағалаға құлшылық қыла алмадым,  
Естіп, оқып жерге кірді Құл Қожа Ахмет.  
Болармын ба Мұхаммедтің шын үмбеті,  
Үмбетім десе күнәһардың асып түсер дәулеті.  
Балдан тәтті оның маған бұл мехнаты,  
Естіп, оқып жерге кірді Құл Қожа Ахмет.  
Біздер үшін жаннан кешті ол Мұхаммед,  
Үмбет болсаң, қамын жеме жалған үмбет.  
Күндіз-түні сайран салып шашқан мүлік,  
Естіп, оқып жерге кірді Құл Қожа Ахмет.  
Елу жаста хабар келді: өлмек адам,  
Шарты болар сенде болса нұрлы иман.  
Таңда махшар дидарласып қылар мейман,  
Естіп, оқып жерге кірді Құл Қожа Ахмет.  
Ей, мұсылман, бұл дүниенің баяны жоқ,  
Шын білерсің әр кез мұның жалғаны жоқ.  
Кім білмесе бір Алланы, иманы жоқ,  
Естіп, оқып жерге кірді Құл Қожа Ахмет.  
Асылым топырақ, нәсілім топырақ баршадан хар,  
Басқа салса өр кеудең топырақ болар.  
Өлген жанға шайтанның әуесі бар,  
Естіп, оқып жерге кірді Құл Қожа Ахмет.  
Шын тақуаға құдай өзі қылар рахмет,  
Қиямет күн жарылқаумен тонын беред.  
Махшар күні дидар көріп сүргей дәулет,  
Естіп оқып жерге кірді Құл Қожа Ахмет.  
Пеңде болсаң мехнат тарт, қараңғы адам,  
Ақылға ерсең ғанибет дүр саған одан.  
Аманат қой ғазіз жаның, жүрме бейғам,  
Естіп, оқып жерге кірді Құл Қожа Ахмет.  
Алпыс үште сүннет болды жерге кірмек,  
Расул үшін екі ғалам жарық бермек.  
Ғашық жанның сүннеті-дүр тірі өлмек,

Естіп, оқып жерге кірді Құл Қожа Ахмет.  
Үмбет болсаң естіп жаның бермес пе едің,  
Мұстафаға жаның құрбан қылмас па едің?  
Жан не болар, иманыңды бермес пе едің,  
Естіп, оқып жерге кірді Құл Қожа Ахмет.  
Құл Қожа Ахмет алпыс үште ғайып болды,  
Әдеп сақтап Мұстафаға серік болды.  
Сұлтан болды, меһнат тартып күйікті болды,  
Естіп, оқып жерге кірді Құл Қожа Ахмет.

### **Он сегіз мың ғаламға даңқы шыққан Мұхаммед**

Он сегіз мың ғаламға даңқы шыққан Мұхаммед,  
Отыз үш мың сахабаға басшы болған Мұхаммед.  
Жалаңаштар мен аштарға қанағат болған Мұхаммед,  
Кемтарлық көрген үмбетке шапағат болған Мұхаммед.  
Түнде жатып көз ілмей тілейтұғын Мұхаммед,  
Ғаріп пенен жетімге құрмет қылған Мұхаммед.  
Жолдан азған күнәһарға қамқор болған Мұхаммед,  
Күні түссе әркімге пана болған Мұхаммед.  
Абужаһил, Әбулаһабқа саясатшыл Мұхаммед,  
Көңіл кірін жуатын сау-саламат Мұхаммед.  
Намаз, ораза тұтқанға рахымы мол Мұхаммед,  
Тынбай тәспі тартқанға ілтипатшыл Мұхаммед.  
Малғұндығын шайтанның әшкере еткен Мұхаммед,  
Шариғаттың жолына жәрдем еткен Мұхаммед.  
Тариқатқа бастаушы, адал болған Мұхаммед,  
Хақиқаттың ақ жолын бастап берген Мұхаммед.  
Жамандыққа жақсылық жасайтұғын Мұхаммед,  
Ынсап берген залымға даңқы шыққан Мұхаммед.  
Сәжде қылған иіліп жалбарынған Мұхаммед,  
Дұғалары қабыл боп, қанағат еткен Мұхаммед.  
Бес уақыт намазға имамдық еткен Мұхаммед,  
Миғраж асып барғанда құдыретті көрген Мұхаммед.  
Ғарсы-күрсі базарына қамқор болған Мұхаммед,  
Сегіз пейіш бәріне ие болған Мұхаммед.  
Міскін Ахмет құлына мұра болған Мұхаммед,  
Жетім, пақыр, ғаріпке пана болған Мұхаммед.

### **«Қаһһар» атты қаһарыңнан қорқып жылар Қожа Ахмет**

«Қаһһар» атты қаһарыңнан қорқып жылар Қожа Ахмет,  
Раһман атты рахымыңнан үміт күтер Қожа Ахмет.

Күнәм көп менің кешіргейсің, иә, Алла,  
Барша құлдың ішінде күнәһары Қожа Ахмет.  
Екі жүзді арсыздар пасықпенен жүреді,  
Жанға сенбес арамдардан қорқып жылар Қожа Ахмет.  
Тарикатты білмедім, Хақиқатқа кірмедім,  
Пір бұйрығын қылмадым, сылтауы көп Қожа Ахмет.  
Ақыр заман болған-дүр, патша залым болған-дүр,  
Арам, шүбә толған-дүр, қайран болар Қожа Ахмет.  
Шерменде, күнәлі құлыңмын, ғашық жолында бұлбұлмын,  
Арыстан бабаға құлмын, құлың болар Қожа Ахмет.  
Құл Қожа Ахмет, басыңды ій, жыламақты әдет қыл,  
Бәле келсе сабыр қыл, Хақтан бәрі, Құл Қожа Ахмет.

### **Ғашық жолына пана болар құдай бар**

Ғашық жолына пана болар құдай бар,  
Не қылсаң да ғашық қылғыл, пәруардигар.  
Қолым жайып дұға қылам, уа, Жаббар,  
Не қылсаң да ғашық қылғыл, пәруардигар.  
Ғашық болсаң күйдіреді жан мен тәнді,  
Ғашық болсаң ойран қылар дүние, малды.  
Ғашық болмай танып болмас, Алла, сені,  
Не қылсаң да ғашық қылғыл, пәруардигар.  
Ғашық жыры сыймас достың көкірегіне,  
Барлық ғашық жиылып барғай құзырына.  
Жеті тозақ мұрсат бермес қас қағымға,  
Не қылсаң да ғашық қылғыл, пәруардигар.  
Шын ғашығың көрсет маған риза болай,  
Өліп-өшіп Закариядай зікірші болай.  
Айубтай келген бәлеге сабыр болай,  
Не қылсаң да ғашық қылғыл, пәруардигар.  
Ғашық дертін көтердім, дәрменім жоқ,  
Ғашық жолында жан бергеннің арманы жоқ.  
Осы жолда жан бермеске амалым жоқ,  
Не қылсаң да ғашық қылғыл, пәруардигар.  
Қайдан табам, ғашық еттің амалым жоқ,  
Алланы мақтап күні-түні қоярым жоқ.  
Дидарыңнан өзге жерге барарым жоқ,  
Не қылсаң да ғашық қылғыл, пәруардигар.  
Ғашық базары ұлы базар, сауда харам,  
Ғашық жанға сенен өзгені ойлау харам.  
Ғашық жолына берілгенге дүние харам,  
Не қылсаң да ғашық қылғыл, пәруардигар.  
Ғашықтықты дауға салып жүре алмадым.

Нәпсіден безіп әміріңді қыла алмадым.  
Надан болдым, Хақ бұйрығын біле алмадым,  
Не қылсаң да ғашық қылғыл, пәруардигар.  
Құл Қожа Ахмет, ғашықтан өткен бәле болмас,  
Бояғанмен, ғашық дертіне дауа болмас.  
Көз жасынан өзге ешкім куә болмас,  
Не қылсаң да ғашық қылғыл, пәруардигар.

### **Әулиелер айтқан уәде келер болғай**

Әулиелер айтқан уәде келер болғай,  
Қияметтің күні жуық болды, достар.  
Ақылды құлдың болғанын білер болғай,  
Ел-жұрттан мейір, шапағат кетті, достар.  
Үлкен, кіші адамдардан әдеп кетті,  
Қыз, келіншек, нәзік жаннан ұят кетті.  
“Ұят барда иман бар” деп Расул айтты,  
Арсыз қауым бүлдіріп бітті, достар.  
Мұсылман мұсылманға болды қатал,  
Нақақ істеп Хақ жұмысын бұзды батыл.  
Мүрит пірге жылы жүзбен болмай жақын,  
Ғажап сұмдық замана болды, достар.  
Ел, дүние, халқымызда қайырым жоқ,  
Патша менен уәзірлерде әділет жоқ.  
Дәруіштердің дұғасында қасиет жоқ,  
Түрлі бәле халық үстіне жауды, достар.  
Ақырзаман ғалымы залым болды,  
Ізгі тілегін үзбеген ғалым болды.  
Алланы айтқан дәруіштің жолы болды,  
Ғажап сұмдық замана болды, достар.  
Қиямет күн жақындады, қалғаны жоқ,  
Құл Ахмет сөзінде жалғаны жоқ,  
Өзін өзі көтеріп мақтаған жоқ,  
Насихатын халыққа айтып кетті, достар.

### **Махаббаттың шарабын ішкен дуаналар**

Махаббаттың шарабын ішкен дуаналар,  
Қиямет күн аузынан от шашар, достар.  
Құдыретпенен жаратылған жеті тамұқ,  
Ғашықтардың әуезінен қашар, достар.  
Дозақта жылап дат айтарсың құдайыңа,  
Тағатым жоқ ғашық үшін қас қағымға.

Қашып барғайсың Хақ тағала панасына,  
Ғашықтарың көз жасымен ұшар, достар.  
Ғашықтары қызық дүкенін тұрса құрып,  
Иншалла, дозақ қашар одан қорқып.  
Жасын төгіп, көкірегін ашып, жүзін салып,  
Жеті аспан тағат қылмай көшер, достар.  
Рахман ием сақи болып шарап берсе,  
Ел-жұрт, бала-шаға дүниеден пәк кешірсе.  
Жан дүниемнен әзәзілді Хақ қашырса,  
Күнә, қылмыс бойымнан кетер, достар.  
Ғашық жолын Хақ жүзіне дерт айласа,  
Екі ғалам патшасы Хақты ойласа.  
Шын сүйгеннің көңілі жарық болса,  
Ғашық жандар жаратқанға ұшар, достар.  
Субхан ием бір тамшы шарап құйса маған,  
Зікір сырын айта-айта қылсам тәмам.  
Хор қызы мен періштелер қызмет қылар саған,  
Жұмақ ішінде жібектен тон киер, достар,  
“Алла-Алла” де, көз жазсаң ғалам күйер,  
Шын пәндем деп жаратқан мені сүйер.  
Жас орнына қанын төгіп жүзін бояр,  
Әлхамды айтсаң шайтан сенен қашар, достар.  
Мен айтпадым, Алла өзі уағда қылды,  
Қараңғы едім, ізгілік жолына салды.  
Ғаріп болып жапа шектім, қолымды алды,  
Сондай ғашық зауық шарабын ішер, достар.  
Құл Қожа Ахмет, ғашықтардың ісі қинар,  
Махшар күні Хақ көрсетпес оған дидар.  
Ғарсы-күрсі, Лаухұл-махфуз – бәрі безер,  
Имансыздарға дозақ есігін ашар, достар.

### **Көзім жасты, көңіл қайғы, жаным күйік**

Көзім жасты, көңіл қайғы, жаным күйік,  
Қандай амал істерімді білмен, достар.  
Бұл қасіретті бастан кештім жасым құйып,  
Қай тарапқа барарымды білмен, достар.  
Түрлі-түрлі ғаламаттар келді қайдан,  
Жүрегімде жаракаттар болды пайда.  
Бұл дүниеде бірден азат болмақ қайда,  
Қандай амал істерімді білмен, достар.  
Алла үшін перзенттерім жетім қылсам,  
Жаннан кешіп, малдан кешіп, ғаріп болсам.

Шөл далада жалғыз қаздай қаңқылдасам,  
Қандай амал істерімді білмен, достар.  
Хас құлдардай түні бойы қайыспасам,  
Жомарттардай ораза ұстап майыспасам.  
Түні бойы көзімді ілмей Алла десем,  
Қандай амал істерімді білмен, достар.  
Арамза тұқым аямадым, тағатым аз,  
Өтті ғұмырым өкініште қыс пенен жаз.  
Жаным құша шарықтаса көңілім мәз,  
Қандай амал істерімді білмен, достар.  
Құл Қожа Ахмет Хақ жолында жан бермесе,  
Дикан емес кетпен шауып, нан бермесе.  
Бәйшешек ашылар ма су бермесе,  
Қандай амал істерімді білмен, достар.

### **Ғашық сырын баян қылсам ғашықтарға**

Ғашық сырын баян қылсам ғашықтарға,  
Тағат қылмай өз бетімен қашар, достар.  
Тау мен тасқа басын ұрып естен танып,  
Ел-жұрты, үй ішінен безер, достар.  
Ғашық азабын басқа түскен ғашық білер,  
Танымасын тас лақтырып оған күлер.  
Дуана деп басын жарып қанға бояр,  
Риза болып “Хамду сәнаны” оқыр, достар.  
Сүймегенде жан да жоқ әрі иманы,  
Расул Алла сөзін айттым, мағына кәне?  
Неше айтсам да естуші жоқ, білген кәне,  
Бейхабарға айтсам көңілі қалар, достар.  
Ғашық гауһары дария тұңғиығында жатар болар,  
Жаннан кешіп гауһарды алған жанан болар.  
Көрсеқызар ғашықпын деп жолда қалар,  
Ар, иманын соқыр тиынға сатар, достар.  
Отқа күйдім, жаннан тойдым, қайран болдым,  
Бұл қандай от: күймей-жанбай бір жан болдым.  
Махаббаттың атын естіп көзім ашылды,  
Көзі ашылған мұратына жетер, достар.  
Зар жылаңыз, зар еңіреңіз рахым келсін,  
Адассаңыз рахымы түсіп жолға салсын.  
Қызмет қыл Пірмұған қолыңды алсын,  
Еңбек еткен мұратына жетер, достар.  
Заманақыр болды да пейіл кетті,  
Расул Алла уағдалары жуық жетті.

Хас құлдары жақсы сөзге құлақ тұтты,  
Жаман құлдар күннен-күнге бітер, достар.  
Әрбір күнің өтер деді Хақ Мұстафа,  
Үмбет болсаң қауымдасып бірге жаса.  
Жақсыларды жарылқап, жаманға берер жаза,  
Қияметте жазаларын тартар, достар.  
Пасық, зұлым басқан жері таза болмас,  
Ораза, намаз қаза қылып, масуақ салмас.  
Расул Алла сүннеттерін көзіне ілмес,  
Күннен-күнге күнәлары артар, достар.  
Дүниеқорлар малын көріп мақтан қылар,  
Мен-мендіктен ол құдайға күпір болар.  
Өлер кезде иманнан жұрдай болар,  
Жан берерде қасірет шегіп кетер, достар.  
Дүниеқоңыз мал жиғанды көзбен көрдім,  
Өлер кезде қалайсың деп жақын келдім.  
Шайтан айтты: иманына қолым салдым,  
Жан шығарда жылай-жылай кетер, достар.  
Құл Қожа Ахмет, ғашық болсаң жаның күйсін,  
Садақаңмен Алланы айт тәңірім исін.  
Дұға қыл, мұсылмандар дүние қойсын,  
Дүние қойған ақыретке жетер, достар.

### **Махаббат шарабынан ішірмесе**

Махаббат шарабынан ішірмесе,  
Жан мен ділім қасіретпенен кетер, достар.  
Алланы жадқа алмай өліп кетсем,  
Есіл өмірім арманменен өтер, достар.  
Алла деген шын ғашықтар пырақ мінді,  
Құштарлықтан бейнет тартып бойынсұнды.  
Тариқаттың базарында алжасса да,  
Шындықтың дариясынан өтер, достар.  
Ақиқаттың дариясына шомған кісі,  
Өзі мұңлық, көңілі сынық, көзде жасы.  
Қорлық, зарлық, машақат қой дәйім ісі,  
Дидарына ынтызар боп табар, достар.  
Шындыққа ғашықтардың нәпсісі өлі,  
Үш жүз алпыс төрт, жүз қырық төрт сопы,  
Сөзі тәтті, мінез-құлқы жүз мың түрлі,  
Бұ дүниені соқыр тиынға сатар, достар.  
Білгір ғашық болам десең азап тартқыл,  
Хақ пайғамбарға жетем десең түндер қатқыл.



Бұл дүниенің қызығынан басың тартқыл,  
Басың тартсаң менмендігің кетер, достар.  
Қияметтің азабын білмегендер, –  
Ауыр азап, тар лахаттан қорықпағандар.  
Хақ қаһарынан шошып жасын төкпегендер, –  
Дозақ ішінде жүз мың азап тартар, достар.  
Уа, дариға, өтті өмірім біле алмадым,  
Жаннан кешіп қазіретке бара алмадым.  
Нәпсіден безіп Хақ әмірін қыла алмадым,  
Өле қалсам қасірет маған жетер, достар.  
Өтті ғұмырым, шариғатқа жете алмадым,  
Шариғатсыз тариқатқа өте алмадым.  
Ақиқатсыз мағрифатқа бата алмадым,  
Жолы қатты пірсіз қалай өтер, достар.  
Құл Қожа Ахмет, нәпсім салды осы жолға,  
Соның үшін қаштым, достар, шөлден шөлге.  
Алла дедім, қарамадым оң мен солға,  
Алла деген сауық шарабын ішер, достар.

#### **Жаратқан бір құдайдың жолын іздеп**

Жаратқан бір құдайдың жолын іздеп,  
Шайтан малғұн жолынан қайтқын, достар.  
Ықыласпен махаббат шарабын ішіп,  
Жан мен ділдің Хақ зікірін айтқын, достар.  
Хақ зікірін айтып ішкен жами шарап,  
Жол үстінде ғазіз басың болар топырақ.  
Алла жолында хәлі – хараб, бауыры – кәуәп,  
Жан мен ділде Хақ зікірін айтқын, достар.  
Аруақтарға басым қойып зар илесем,  
Сопылармен зікір айтуға жарай берсем.  
Зікір айтып сол сұхбатта дүрлер терсем,  
Жан мен ділде Хақ зікірін айтқын, достар.  
Бойұсынбай жалғанды жалпағынан басып жүрсем,  
Өлгенде тар лахатта жаны күйер.  
Алла расул “дінің не?” деп айбат қылар,  
Жан мен ділде Хақ зікірін айтқын, достар.  
Мәңкүр-Нәңкүр “раббың кім?” деп сұраққа алғай,  
Қанша зорласаң да айтқаннан пайда болмас.  
Е, сорлылар, сонда халің нешік болғай,  
Жан мен ділде Хақ зікірін айтқын, достар.  
Алла деген қант пенен бал пайда қылды,  
Ақыретте Алламенен мәмле қылды.

Мойынсұнған шын ғашықты дана қылды,  
Жан мен ділде Хақ зікірін айтқын, достар.  
Сөзің – шырақ, халің – пілте, майы – жасың,  
Неше айтсам да баһра алмас көңіл хошың.  
Жол үстінде топырақ болсын ғазіз басың,  
Жан мен ділде Хақ зікірін айтқын, достар.  
Ессіз ғалым бойұсынбай жолда қалар,  
Оқып ұқпай дүние малын қолға алар.  
Менмендіктен есіл өмірін зая қылар,  
Жан мен ділде Хақ зікірін айтқын, достар.  
Сыртың жөндеп, ішің түзеп ғалым болсаң,  
Махшар күні қолыңды ұстар таңда барсаң.  
Өкінішпен қайғы жұтып жолда қалсаң,  
Жан мен ділде Хақ зікірін айтқын, достар.  
Ғалым сол-дүр: намаз оқып бойұсынса,  
Хақтан қорқып ақыреттің қамын жесе.  
Құран оқып, Хақтан қорқып зар еңіресе,  
Жан мен ділде Хақ зікірін айтқын, достар.  
Ондай ғалымның екі көзі төрт болар,  
Таң сахарда ерте тұрып зар илер.  
Хақ жолында күйіп-жанып шоқ болар,  
Жан мен ділде Хақ зікірін айтқын, достар.  
Қорлық тартқай, кәпір нәпсің басы қатсын,  
Бұл дүниеден үнемі жылап өтсін.  
Топырақ болғыл ғалым Сені басып өтсін,  
Жан мен ділде Хақ зікірін айтқын, достар.  
Қорлық тартып Хақ Мұстафа үмбет деді,  
Күнәһар үмбетінің қамын жеді.  
Соның үшін үмбеттері қуат алды,  
Жан мен ділде Хақ зікірін айтқын, достар.  
Көңілінде алалық жоқ үмбет үшін,  
Үмбет десе аузынан шығар түтін.  
Хақ тағала қылмай ма деп бізді отын,  
Жан мен ділде Хақ зікірін айтқын, достар.  
Құл Қожа Ахмет, олай десең, аларсың Хақтан үлес,  
Баязиттей нәпсіңмен күн-түн күрес.  
Ей, бейхабар, үмбет болсаң болғыл ашық,  
Жан мен ділде Хақ зікірін айтқын, достар.

### **Дидар үшін жанды құрбан қылмайынша**

Дидар үшін жанды құрбан қылмайынша,  
Исмаилдай дидар үшін арман етпен, достар.

Жаннан кешіп тарихатқа кірмейінше,  
Ғашықпын деп жалған уәде қылма, достар.  
Ғашықтық қиын жұмыс білсең мұны,  
Мехнатпен жаратушы сынар сені.  
Реніш, азаппенен бірге болсаң күні-түні,  
Көңілді тәңіріден өзгеге бөлме, достар.  
Менмендіктен тариқатқа кірмеді олар,  
Жаннан кешпей жолға қадам баспады олар.  
Нәпсін тыймай Хақ жолында болмады олар,  
Жалқаулармен сапарға шықпа, достар.  
Ғашықтық жолы құр тілмен бола қоймас,  
Мұнда жылап, ақыретте күліп болмас.  
Күллі реңі запырандай солмақ болмас,  
Мұндай болмай ғашықпын деп айтпа, достар.  
Ұстаздарға қызмет қыл еркінменен,  
Күнәлі ол өз бетіммен келдім деген.  
Жақсы білсең тариқаттың қатері бар,  
Қаламасаң осы жолға түспе, достар.  
Ұстаздарға қызмет қылсаң нәпсіге апат,  
Наданға тиме: бұл жолдарда қылмас тағат.  
Адал құлдар бұл жолдарды білер рахат,  
Өлмей тұрып Хақ дидарын көрем деме, достар.  
“Кәзәптар үмбетім емес” деді Расул сізге,  
Ол Мұхаммед Хақ расулы деді бізге.  
Жалғаншыға жаннат жоқ уалла-билла,  
Жалған сөйлеп, имансыз боп кетпе, достар.  
Дүние-мүлікті тәрк етпей көрмес дидар,  
Дидар көрем деген ғашық жанын қинар.  
Ондай ғашық ақырында көрер дидар,  
Дидар көрмей Алла сырын шашпа, достар.  
Сырдан мағына түймегендер бөтен болар,  
Ол ғашықтың мекені ойран болар.  
Ғашық жолында жан қиғандар жақын болар,  
Жаннан кешпей жаннан хабар алма, достар.  
Құл Қожа Ахмет, бастан кешпей пәтуа қылма,  
Халық ішінде ғашықпын деп ауызға алма.  
Ғашықтық ұлы іс-дүр ғапыл қалма,  
Ғапыл болып Хақ дидарын көрме, достар.

### **Махаббаттың шарабын ішіп рахатқа батқан**

Махаббаттың шарабын ішіп рахатқа батқан,  
Дуананың мақамына кірді, достар.

Аш пен тоғын, пайда-зиян еш білмеген,  
Сауық-сайран, қызықпен жүрді, достар.  
Сауық-сайран құрғандарға дүние харам,  
Ел-жұрт, дүние-мүліктен кешті тәмам.  
Таң сәріден Хаққа сыйынып жылар дәйім,  
Одан кейін сауық-сайран салды, достар.  
Сауық-сайран құрған ғашық өзін білмес,  
Ессіз жүріп дүние малын қолға алмас.  
Жүз мың адам тақсыр десе мақтана алмас,  
Дүние теуіп сауық-сайран салды, достар.  
Дүние таппай сауық-сайран құрған адам,  
Хақты айтпай, Хақ жолынан сыртта қалған.  
Дәруішпін дер дүниеқоңыз жаны жалған,  
Дүние үшін сауық-сайран құрды, достар.  
Естен танбай сауық-сайран құрып болмас,  
Жаратқан иеден оған иман болмас.  
Бойсұнса да көңілі таза болмас,  
Арсыздықпен ойын-сауық құрды, достар.  
Уа, осындай надандардан үміт қылма,  
Қайыр-шапағат алармын деп жүгіріп жүрме.  
Нәпсісі ұлық, шарифаты бұзық әкім білме,  
Шайтан малғұн нөқта салмай мінді, достар.  
Естен танбай сайран салса Алла безер,  
Дауысынан жер тебіреніп тартады азар.  
Дұға қылам: көрсетпесін оған дидар,  
Діннен безіп сауық-сайран құрды, достар.  
Дуаналық жеңіп шықпай сауық құрар,  
Хақ, Мұстафа, шәриядан безіп жүрер,  
Бастан-аяқ күнәлары әзір тұрар,  
Күнә тілеп сауық-сайран құрды, достар.  
Шәблі ғашық, сайран салды нұрын көріп,  
Мұстафаны енді көріп, сауал беріп.  
Дүние азабын артқа тастап, көзін жұмып,  
Сондай құлдар сауық-сайран құрды, достар.  
Шәблі ғашық жылап еді: “иә, Расул” деп,  
Сайран салсам да тағатсызбын, қайғым көп деп.  
Расул айтты: “иншалла, бол қабыл” деп,  
Рұқсат сұрап сауық-сайран құрды, достар.  
Құл Қожа Ахмет, сауық-сайран әр кімге жоқ,  
Мазақпенен сайран салса кірер тамұқ,  
Бұл сұмдық сыр айтылса көңілім жабық,  
Хақты тауып сауық-сайран құрды, достар.

## Шариғаттың шарттарын білген ғашық

Шариғаттың шарттарын білген ғашық,  
Тариқаттың жол-жосығын білер, достар.  
Тариқаттың бар жұмысын ада қылған,  
Хақиқаттың дариясына батар, достар.  
Дидарын көріп болмас күн-түн ұйып,  
Пәк ғашықты қолға алмай болмас жүріп.  
Хақиқат дариясының қатері көп,  
Көзімді ілмей дидарын көрдім, достар.  
Ей, ғашық, бұл дүниеде мехнат тартқыл,  
Сол тартқан жапаларды рахат білгіл.  
Зікір салған жеріңе басыңды ұрғыл,  
Басын тіккен мұратына жетер, достар.  
Бұл жолдардың азабы: қайғы, мехнат,  
Мехнат тартып жапа шеккен көрер рахат.  
Таң сәріден зар жылаған табар бақыт,  
“Ah-uh” деумен бұл дүниеден өтер, достар.  
Шын ділімен жылағандар дидар көргей,  
Субхан ием дидарын сыйға бергей.  
Сапар шекпе жол мәнісін түсінбей,  
Жолға түскен мұратына жетер, достар.  
Уә, дариға, өтті ғұмырым, білмей қалдым,  
Бұл дүниенің әбзелін қолыма алдым.  
Дүние қуып діннің жолын артқа салдым,  
Біле алмадым халім қалай болар, достар.  
Махаббаттың шарабынан татпағандар,  
Баязиттей әр күн өзін сатпағандар.  
Бұл дүниенің қызығынан безбегендер,  
Хайуан ғой, бәлкім, одан бетер, достар.  
Ғашық болсаң ғашық жолына қойғыл қадам,  
Дүниені талақ қылғыл мысал Адһам.  
Ақылға ерсең дүние үшін жемегіл қам,  
Қиямет күн жазаларын берер, достар.  
Сыр шарабын ішкен ғашық өзін білмес,  
Бұл дүниенің ләззатын көзіне ілмес.  
Жүз мың рет кеңес айтса ақыл алмас,  
Гүл-гүл жайнап өзін білмей жүрер, достар.  
“Руз аласт” құдай өзі хабар қылған,  
“Қалу бәлә” деп рухтар жауап берген.  
Хазірет Таба рухы ұшып қарсы келген,  
Ондай ғашық Хақ жамалын көрер, достар.  
Құл Қожа Ахмет, ғашық болсаң, дүниеден без,  
Ақыреттің азабынан зар еңіреңіз.

Жарандардың қылғанын сіз де істеніз,  
Қызмет қылған мұратын табар, достар.

### **Хақ танып, мұсылман болсаң мойынсұнғыл**

Хақ танып, мұсылман болсаң мойынсұнғыл,  
Мойынсұнған Хақ дидарын көрер, достар.  
Жүз мың бәле басқа түссе еңіремегейсің,  
Сонда ғана ғашық сырын білер, достар.  
Ғашықтары зар еңіреп жолға кірді,  
Әрбір шеккен жапасын Хақтан білді.  
Разы болып жерге енуге әзір болды,  
Зар илеп таң сәріде тұрар, достар.  
Ей, достар, еш білмедім мен жолымды,  
Игілікке байламадым мен белімді.  
Өсек сөзден еш тыймадым мен тілімді,  
Надандығым мені рәсуа қылды, достар.  
Күні бойы бейғам жүрдім зікір айтпай,  
Ыждаһатпен күні-түні пікір айтпай.  
Махаббаттың базарында өзін сатпай,  
Нәпсім менің жүз мың тағам тілер, достар.  
Нәпсі еркіне жіберуге болма құмар,  
Ішпей-жемей тағат етіп болғыл бидар.  
Ақыры бір күн көрсетер саған дидар,  
Бидар болған онда дидар көрер, достар.  
Ей, ғапылдар, Хақ зікірін айтпай қойма,  
Дүниенің бір түйірін де алма қолға.  
Жақсылардың соңынан әсте қалма,  
Жолға кірген ақыры мұратына жетер, достар.  
Уә, дариға, арманменен өмірім өтті,  
Нәпсім мені алжастырды, шектен асты.  
Жан құсы шарықтады, рухым қашты,  
Надандардың өмірі желге ұшар, достар.  
Дидар көрем деген құлдар бидар болар,  
Жатса-тұрса, жүрсе-қойса зікірін айтар.  
Іші-тысы ондай құлдың нұрға толар,  
Алла нұрын ондай құлға төгер, достар.  
Білген ғашық өз жанын отқа жақпас,  
Бидарларға ғашық шақпағын жағып шақпас.  
Дүние келіп қарық қылса қия баспас,  
Ғашық емес бейғамнан да бетер, достар.  
Құл Қожа Ахмет, пәнде болсаң жылап жүргіл,  
Махаббаттың мәжілісін де өзің көргіл.  
Қияметтің азабынан қайғы тұтқыл,  
Қайғы тұтқан сырдан хабар алар, достар.

### **Рух құсын тұтар болса, бал берейін**

Рух құсын тұтар болса, бал берейін,  
Самғап ұшып ғарыштан ғарышқа қонар, достар.  
Құлмын деген дәйім тынбай зікірін айтар,  
Ғашық отына бауры күйіп зарын айтар.  
Бейхабарлар білмей өмірін желге ұшырар,  
Надандықпен жаһаннамға кетер, достар.  
Ақырзаман шайхысы түзетер суреттерін,  
Тақуалыққа түспей бұзар сырт пішінін.  
Керемет дер қауіп-қатер көргендерін,  
Халыққа өзін арсыздықпен сатар, достар.  
Ей, ғапыл, өмірің сенің өтті кетіп,  
Көз жасыңды төге бер аққан сел ғып,  
Сені сүйер жаратқан да өз құлы ғып,  
Иесі сүйсе құлын азат етер, достар.  
Надандықпен өмірін, сенің өтер деп біл,  
Жаныңменен пір қызметін тік тұрып қыл.  
Сол ісіңмен жаратқанға лайық болғыл,  
Қызмет қылған мұратына жетер, достар.  
Құл Қожа Ахмет, хикмет айтып жыла сахар,  
Жақсылардың ұлпатынан алып хабар.  
Сөз асылы білгендерге нағыз ғауһар,  
Сырттан баққан адам құры қалар, достар.

### **Кел, достар, Алла атын дәйім айтқын**

Кел, достар, Алла атын дәйім айтқын,  
Алла аты көңіл кілтін ашар, достар.  
“Астағфиру уа истиғфарды” тынбай айтқын,  
Шайтан малғұн тәннен шығып қашар, достар.  
Шайтан малғұн сізге дұшпан, әзір болғын,  
Кеште Алла, күндіз Алла айтып өлгін.  
Тар лахатқа кірер кезде нұрға толғын,  
Періштелер Алла нұрын шашар, достар.  
Алла нұры қабір ішін жарық қылғай,  
Періштелер өңірінен сәуле құйғай.  
Мұсылмандар оны көріп қайран қалғай,  
Бұл ғаламның жарығынан безер, достар.  
Барша аруақ жиылып келер мерекеге,  
Халайықтар ие болар тәбәрікке.  
Дұға қылып қайтқаннан соң қалар жеке,  
Барлық аруақ сүйініп бір-бір құшар, достар.

Жеті қадам жүргеннен соң Мәңкүр-Нәңкүр,  
Айбатпенен кіріп келгей қылып қаһар.  
Екі көзі оттай жанып жайнап тұрар,  
Нұрын көріп, тағзым етіп, құшар, достар.  
Мәңкүр-Нәңкүр сұрамай тұрып зар илегей,  
Көз жасын етегіне төгіп көл қылғай.  
Хақтың атын айтып өзін ынтызар қылғай,  
Аспанға құша самғап ұшар, достар.  
Хабар келіп тәңіріден жыладың не,  
Хас құлдан қабір ішінде тыңдадың не?  
Ей, бейәдеп, құлақ қойып аңдадың не,  
Мәңкүр-Нәңкүр бет-бетіне қашар, достар.  
Ертелі-кеш еске алса менің жадым,  
Хабарын қолға алған құл ол азатым.  
Ондай құлдың олжасымын, ол саятшым,  
Қылмыс қылған күнәларын кешер, достар.  
Күнәларын Хақ кешіріп, назар салғай,  
Онда, солда жатқандары разы болғай.  
Одан кейін барша аруақ әзір болғай,  
Қабірстанға Хақ рахметін шашар, достар.  
“Билхамдилла: жақсы келді, біз құтылдык,  
Қабір ішінде бар азаптан азат болдық.  
Неше жылдар мүрде едік, біз тірілдік,  
Дұға қылып Хаққа қолын жаяр, достар.  
Мәңкүр-Нәңкүрге жылап не айтарыңды білерсің,  
Затың ұлық, әр не етсең сен қыларсың.  
Мейірім қылсаң жолсыздарға жол берерсің,  
Сәжде қылып шәкірт тілін ашар, достар.  
“Лә иллаһа иллаллаға” мойынсұнған,  
Дидар үшін бұл ғаламда рәсуа болған.  
Дүние қуып ақыретте сауда қылған,  
Хауыз-кәусар шарабынан ішер, достар.  
Өзелде тағдыр жазса Хақ жамалын,  
Жүз мың шайтан қас қылса да жоқ зауалы.  
Күннен күнге артық болғай жағдай, халы,  
Дана болып Хақ жолдарын ашар, достар.  
Махаббаттың майданында жанын қиған,  
Хақиқаттың дариясынан гәуһар алған.  
Мағрипаттың білімін ішке салған,  
Жүрсе-тұрса дүр гәуһарын шашар, достар.  
Ғашық сол дүр Хаққа жанын құрбан қылса,  
Зікір салып шар тарапқа сахар тұрса.  
Жарандардан жақсылық, пайда көрсе,  
Сұлтан болып дүр гәуһарын шашар, достар.



Хақ тағалаға бойұсынған мұнда тұрмас,  
Жұртқа жайып ишандығын мақтан қылмас.  
Қайда барса пақыр-міскінмен дүкен құрмас,  
Ғаріп болып, ойраны шығып көшер, достар.  
Құл Қожа Ахмет, нәпсіден ұлық бәле болмас,  
Жер мен көктен тағам берсең әсте тоймас.  
Топырақ болып жерде жатса кәпір болмас,  
Нәпсі тыйған хор қыздарын құшар, достар.

### **Қызыр бабам салды мені осы жолға**

Қызыр бабам салды мені осы жолға,  
Одан кейін дария болып тастым, достар.  
Шариғаттың базарында сайран салдым,  
Білімнің бақшасында қайран қалдым.  
Тариқаттың сарайында тайраңдадым.  
Хақиқаттың есігін аштым, достар.  
Әуел бастан шарапты Пірмұған тоя берді,  
Іше бердім хал-қадарымша, құя берді.  
Құл Қожа Ахмет, жан дүнием күйе берді,  
Шәкірттерге дүрі гәуһар шаштым, достар.

### **Хош, ғайыптан келіп түсті бір топ дәруіштер**

Хош, ғайыптан келіп түсті бір топ дәруіштер,  
Көңілінде зікірі, көзден таса дәруіштер.  
Тынбай жүріп жол шегіп, тына қалса тәкбір айтар,  
Сұхбаттас кісі табылса, сұхбат құрар дәруіштер.  
Киімдері мың шоқпыт, көңілінде бір Алла,  
Қызмет қылар әр күні тыным таппас дәруіштер.  
Иінінде кір шапан, көкірегінде жүз мың арман,  
Бұл дүние опасыз, көзіне де ілмес дәруіштер.  
Иығында шапаны, қолға ұстаған асасы,  
Ізгі мұрат жанында, Алла дейді дәруіштер.  
Арғы тегі пақырлар, көңіл шаһарын кезгендер,  
Жан сарайы нұрланып, бақыт кешкен дәруіштер.  
Машайықтың сыры мол, қызмет қыл да жалбарын,  
Пайғамбардан мұра боп келе жатыр дәруіштер.  
Құл Қожа Ахмет, міскін бол, міскіндерден жөн сұра,  
Дәруіштікті біл, өмір мәні зікір-дүр.

### **Жол үстінде отырып жол сұраған дәруіштер**

Жол үстінде отырып жол сұраған дәруіштер,  
Ғайыптан хабар естіп жолға түскен дәруіштер.  
Асалары қолында, жол нәсібі белінде,  
Хақтың аты тілінде, Алла деген дәруіштер.  
Кигендері кір шапан, ділінде бар жүз мың аян,  
Біліңіз: екі жаһанды көзге ілмес дәруіштер.  
Дәруіш Хақтың сүйгені, зікірі тұрар гүл бағы,  
Хақ атына ынтызары, бек әдепті дәруіштер.  
Жазығым көп жуытпас, аспан даруын таппас,  
Көзде жасын құрғатпас, жасы аққан дәруіштер.  
Жаныменен сырласып, тіліменен мұндасып,  
Ғашықтықпен жан кешкен, реңі сары дәруіштер.  
Ит нәпсіні өлтіріп, қызыл жүзін солдырар,  
Қожа Ахметке осы лайық, сатып жесін дәруіштер.

### **Он сегіз мың ғаламға қайран болған ғашықтар**

Он сегіз мың ғаламға қайран болған ғашықтар,  
Ғашық сырын таба алмай, сарсаң болған ғашықтар.  
Дәйім басы айналып, халыққа көзі телміріп,  
Таңырқай күліп таңданып, жолы болған ғашықтар.  
Күйіп-жанып күл болған, ғашығына бұлбұл болған,  
Кімді көрсе күл болған, жомарт болған ғашықтар,  
Жол үстінде шаң болған, үсті жара, кір болған,  
Зікірін айтып пәк болған, зар жылаған ғашықтар.  
Беліне азығын байлаған, жүрегін сонымен жалғаған.  
Зар еңіреп жылаған, жолы болған ғашықтар.  
Кейде жүзі сарғайып, ғашық жолында боп ғаріп,  
Құдайға арнап тасбиғын, басы айналған ғашықтар.  
Ахмет, сен де ғашық бол, садақанмен адал бол,  
Хақ дидарына лайық сүйікті болған ғашықтар.

### **Ғаріптікте ғаріп болған ғаріптер**

Ғаріптікте ғаріп болған ғаріптер,  
Ғаріптердің халін білген ғаріптер.  
Бір себеппен алыс жерге жол шеккен,  
Туыстықтың қадірін білген ғаріптер.  
Сусағанда суға мұқтаж болған,

Тірлігіне зар болып өлген ғаріптер.  
Кісі білмес ғаріптердің халі қандай,  
Кім мәңгілік, олар да міскін ғаріптер.  
Кел енді, Ахмет, өзіңе бақ,  
Ғаріпсің сен де, ғаріп-міскін ғаріптер.

### **Хақ құлдары – дәруіштер, ақиқатты білерлер**

Хақ құлдары – дәруіштер, ақиқатты білерлер,  
Хаққа ғашық болғандар – Хақ жолына кірерлер.  
Хақ жолына кіргендер – Алла деумен жүрерлер,  
Жақсылардың ізімен мемлекеттен кеткендер.  
Ғалам пақыры – Мұстафа бұлай деді мархабат:  
Миғраж түні пақыр айтты: пақырлыққа түсіндер.  
Көңіл бөлмей дүние арамдықтан кешіндер,  
Хақты сүйген адал құлдар халайықпен бір болар.  
Дүние менікі дегендер – жаһан малын алғандар,  
Құзғын құстай арамға белшесінен батқандар.  
Молда, мүфтий болғандар – жалған жала жапқандар,  
Ақты қара қылғандар: ол тамұққа түседі.  
Қазы, имам болғандар – нақақ жала қылғандар,  
Есектей болып жегіліп жүк астында қалады.  
Пара алған әкімдер – арамдықпен жүргендер,  
Өз бармағын өзі шайнап өкінішпен қалады.  
Жылы жұмсақ жегендер, әсем киім кигендер,  
Алтын тақта отырса да топырақ астына түседі.  
Сенген құлдар – адалдар, садақамен тұрады,  
Дүние-мүлкін сарп етіп жұмақ хорын құшады.  
Құл Қожа Ахмет, білгейсің, Хақ жолына кіргейсің,  
Хақ жолына кіргендер: Хақ дидарын көреді.

### **Хақ мәслихаты құрылды, әй, дәруіштер, келіндер**

Хақ мәслихаты құрылды, әй, дәруіштер, келіндер,  
Хақ дастарқаны жайылды, одан үлес алыңдар.  
Сөз өнерін меңгеріп, өмір іліміне жетіндер,  
Жоқшылықпен күнелткен, бар байлықты алыңдар.  
Жыртып шапағат пердесін, тілеп дидар уағдасын,  
Көңіл көзін ашыңдар, құдіретін сезіндер.  
Хақ арасын алыңыз, нәпсі басын кесіңіз,  
Күні-түні, талапкер, жанды құрбан етіңіз.

Алқа қотан “һу” деңдер, ғашық отына жанындар,  
Жан-тәніңмен, шәкірттер, тәкбірді бастап айтындар.  
“Алла-Алла” деп еңіреп, Хақ демекте мағына бар,  
Дидарынан үміткер, рахметінен алындар.  
Құл Қожа Ахмет құл болған, жол үстінде құл болған,  
Шәкірттерге ырыс болған, одан ғибрат алындар.

### **Хақ дидарын талап қылсаң, ей, сопылар**

Хақ дидарын талап қылсаң, ей, сопылар,  
Жаннан кешіп, топ ішінде көргін дидар.  
Ынты-зарыңмен Алланы айтып, ақиқатқа қайтып,  
Түн ұйқысын төрт бөліп жанын кинар.  
Сопыларға Хақ рахметі болар жуық,  
Сопылардың көңілі сынық, көзі жасты,  
Менмендердің жазасын бергей тамұқ,  
Тәкаппардың дозақтағы халі мүшкіл.  
Сенен бұрын жарандарың қайда кетті,  
Бұл дүниеге көңіл бөлмей жылап өтті.  
Ғұмырың тәмам болды, нәубат саған жетті,  
Күнәң үшін тәубе қылғыл, ей, патшағар.  
Нәпсіге сен ерік берсең не тілемес,  
Еңіресең де Алла саған мойын бұрмас.  
Қолға алсаң, жаман құстай қолға қонбас,  
Қолға алып, түнгі ұйқыны төрт бөліңдер.  
Нәпсі жолына кірген кісі рәсуа болар,  
Жолдан азып-тозар, жұртта қалар.  
Жатса, тұрса шайтанменен бірге болар,  
Нәпсіні теп, нәпсіні теп, ей, патшағар.  
Нәпсің сені ақырында торға салар,  
Діннен қуып, жақсылықтан ада қылар,  
Өлер кезде иманыңнан жұрдай қылар,  
Ақылға ерсең ит нәпсіден безер болғай.  
Перғауын, Қарун шайтан сөзін берік тұтты,  
Сол себептен жер жарылды, оны жұтты.  
Мұса кәләм даналықпен үлгі айтты,  
Құлақ қоймай ол екеуін қарғыс атты.  
Күнәң үшін тәуба қылып жылап жүргіл,  
Кетермін деп жол басына барып тұрғыл.  
Кеткендерді көріп сен де ғибрат алғыл,  
Ғибрат алсаң жатқан жерің болар гүлзар.  
Момын құлдар бар өмірін пида қылды,  
Хақ жолында жан мен ділін құрбан қылды.

Дүниені қойып, ақыретті сауда қылды,  
Сауда қылсаң хор мен нөкер – бәрі даяр.  
Қиямет күн ғарасат таңы атары бар,  
Айқай-ұйқай зар жылайтын күндері бар.  
Намаз, ораза, тәуба етіп барғандарға  
Жарылқайтын құлдарменен сұхбаты бар.  
Намаз бенен ораза өтеуін алар,  
Әлем халқы сүйініп, оларды Хақтан тілер.  
Қиямет күн көріп оны, олар тыңдар,  
Ондай құлдың бақыт пен олжасы бар.  
Ол арықтар кімге дәру, білгін оны,  
Тәубе қылған ғашықтар ішер оны.  
Тәубесіздер ол арықтан ішпес суды,  
Оған ішкізер улы заһар сулары бар.  
Қияметтің бір күні мың жылдай болар,  
Бұл дүниемен санай біл неше болар.  
Қиямет күн жетпіс мың жыл артта қалар,  
Тәуба қылған құлдардың күймейтін мезгілі бар.  
Кімдер Хақ құлы болса, Хаққа жақсын,  
Хаққа жақпас менменшіл әрі барсын.  
Құл Қожа Ахмет, нәпсі тыйып қыламын дат,  
Пірмұған болғай ма екен оған жендет.  
Бейхабарлар естіместен еңіреп тұрар,  
Қан жылағанын естісін ол пәруардігар.

### **Тәуба қылып Хақты тапқан ғашықтарға**

Тәуба қылып Хақты тапқан ғашықтарға,  
Ұжмақ ішінде төрт арықша шәрбәті бар.  
Тәуба қылмай Хақтан тайған ғапылдарға,  
Тар лахатта қатты азап, қасіреті бар.  
Ұжмақ жайын білген құлдар тәуба қылсын,  
Тәуба қылып хазіретіне жуық болсын.  
Хор мен сарай нөкерлері қызмет қылсын,  
Алуан-алуан ұжмақтың шапаны бар.  
Тәуба қылған ғашықтарға хор қызын қосар,  
Күні-түні ораза жүрсе көңілі толар.  
Өлгеннен соң көрге кірсе, көрі кең болар,  
Соған лайық пендесіне рахметі бар.  
Тәубасыздар бұл дүниеден кешпес болар,  
Өлсе дағы көр азабын көрмес болар.  
Құл Қожа Ахмет, қайтіп бұдан орын тапсын,  
Күндіз-түні қорқатұғын Алласы бар.

### **Бейіш, тозақ таласар, таласуда мағына бар**

Бейіш, тозақ таласар, таласуда мағына бар,  
Дозақ айтар: мен артық, менде перғауын әман бар.  
Бейіш айтар: не дерсің, сөзді білмей айтарсың,  
Перғауын әман сенде дүр, менде Жүсіп Кінған бар.  
Дозақ айтар: мен артық, сараң құлдар менде бар,  
Сарандардың бойында отты шынжыр, кісен бар.  
Бейіш айтар: мен артық, пайғамбарлар менде бар,  
Пайғамбарлар алдында қаусар, хоры нөкер бар.  
Дозақ айтар: мен артық, тарса жөйіт менде бар,  
Жөйіт тарса алдында түрлі ғазап, сұрақ бар.  
Бейіш айтар: мен артық, сенетін құлдар менде бар,  
Момындардың алдында алуан түрлі ырыс бар.  
Дозақ айтар: мен артық, залым құлдар менде бар,  
Залымдарға беруге заһар менен у да бар.  
Бейіш айтар: мен артық, ғалым құлдар менде бар,  
Ғалымдардың көңілінде аят, хадис, құран бар.  
Дозақ айтар: мен артық, алаяқтар менде бар,  
Алаяқтар мойнында оттан ескен кісен бар.  
Бейіш айтар: мен артық, сопы құлдар менде бар,  
Сопылардың көңілінде зікір, пікір, субхан бар.  
Дозақ айтар: мен артық, бинамаздар менде бар,  
Бинамаздар мойнында жылан менен шаян бар,  
Бейіш айтар: мен артық, дидар көрмек менде бар,  
Дидарын көрсетуге Рахым атты Рахман бар.  
Дозақ сонда тік тұрды, бейіш билігін айтты,  
Құл Қожа Ахмет не білді, білдіруші Алла бар.

### **Мұхаммедті білгейсің: заты оның араб-дүр**

Мұхаммедті білгейсің: заты оның араб-дүр,  
Тариқаттың жолдары о бастан күллі әдеп-дүр.  
Хақиқатты білмесе адам емес-дүр,  
Білсеңіз ол еш нәрсеге ұқсамас-дүр.  
Әлемде теңдесі жоқ екенін біліңіз,  
Шәк-шүбә келтіруге болмайтынын сезіңіз.  
Қаһарланса қылар жермен жексен,  
Зілзала болар ілезде жер мен аспан.  
Рахым қылса біліңіз – рахметі бар,  
Берер болса таусылмас нығметі бар.  
Мұхаммедті сипат қылсам тіл жетпес,  
Анасының аты Әминә, одан ешкім өтпес.  
Атасының аты оның Ғабдолла екен,

Анадан тумай жатып өлген екен.  
Мұхаммедті бабасы сақтап келген екен,  
Аш-жалаңашқа қол ұшын берген екен.  
Бабасын білсеңіз Ғабдулмүтәліб,  
Көңілінде сақтағайсыз жақсы біліп.  
Бабасының атасы еді Һашим,  
Естігенде ағады көзден жасым.  
Біліңіз: төртіншісі дүр Ғабдулманаб,  
Оларды білгендердің көңілі дүр ақ.  
Расулды білсе кім төрт-бес жасынан,  
Қияметте орын алар сегіз бейіш қасынан.  
Бабасы жеті жаста өліпті,  
Расулды ағасына беріпті.  
Әбутәліб Ғалидің атасы дүр,  
Араб қауымының ұлығы дүр.  
Әбутәліб бола дүр іс басында,  
Мұхаммед болар дәйім қасында.  
Мұхаммедтің жасы он жетіге келді,  
Сол уақытта Хадиша оны көрді.  
Мұхаммедті білсеңіз бейне сұңқар,  
Хадиша оны көріп болыпты зар.  
Хадиша көңілінде оны шын сүйе дүр,  
Мұхаммедке ғашықтықтан іші күйе дүр.  
Күндіз-түні іздеді оның тұрағын,  
Білсеңіз ақыр тапты мұратын.  
Көріңіздер құданың тапқан жүйесін,  
Мұхаммед баққан екен оның түйесін.  
Хадишаға Расул жалшы болыпты,  
Ақырында қосылып оны алыпты.  
Хадишаның құдай бағын ашыпты,  
Расулдың басына асыл дүрлер шашыпты.  
Расулдың жасы қырыққа жетіпті,  
Сол кезде құдайдан хабар келіпті.  
Одан соң Мұхаммед болды патша,  
Расулдың көңіліне жар болды Алла.  
Мұхаммедтің ісін Алла ондады.  
Барша халайық иманымен қолдады.  
Расулдың басында болды ағасы,  
Кемел тапты отыз үш мың сахабасы.  
Расул баршасына ұнады,  
Әдеппенен бәрі қызмет қылады.  
Расулдың алдына бір жетім келіпті,  
Ғаріп, мүсәпірмін деп сәлем беріпті.  
Рахым қылды мүсәпір халына,  
Тілегенін берді оның қолына.

Расул айтты оған: мен де жетіммін,  
Жетімдікте, ғаріптікте өтіппін.  
Мұхаммед айтты: әр кім де жетім-дүр,  
Біліңдер: ол сүйген үмбетім-дүр.  
Жетімді көрсеңіз жәбірлемеңіз,  
Ғаріпты көрсеңіз әмірлемеңіз.  
Жетімдер бұл жаһанда қор екен-дүр,  
Ғаріптердің ісі сол екен-дүр.  
Ғаріптердің ісі дәйім ибалы-дүр,  
Тірі жетім тірі өлік-дүр.  
Құдайға ғаріп ісі белгілі-дүр,  
Ғаріптер ертелі-кеш күйзеліп тұр.  
Сипаттасам Әлишер алып-дүр,  
Алмас семсермен кәпірлерді қыра-дүр.  
Кәпірлерді иманға қылар нәсихат,  
Берер әр заманда исламға қуат.  
Дінге кірген кәпірді алып келе-дүр,  
Қабыл қылмаған кәпірді шауып келе-дүр,  
Семсерін қолына алып мінсе дүлдүл,  
Кәпірдің зәре-құты қашар, білгіл.  
Қолындағы жарағы зұлпұқары,  
Шабысқанда ұзарар қырық кез қары.  
Әлидің бар еді он сегіз ұлы,  
Оның әр біреуі алып боп тұрды.  
Әли ислам діні үшін қан жұта-дүр,  
Ислам туын әр кез берік тұта-дүр.  
Қожа Ахмет, біл, ғаріптікке түсіп-дүр,  
Пайғамбар әулетіне тіл қатып тұр.

### **Көрген замат иланған Әбубәкір Сыдық-дүр**

Көрген замат иланған Әбубәкір Сыдық-дүр,  
Ұстын болып тірелген Әбубәкір Сыдық-дүр.  
Мұңдасқанда жылаған, құлдылыққа бел байлаған,  
Іші-бауыры езілген Әбубәкір Сыдық-дүр.  
Бір бетінен қайтпаған, сырын жатқа шашпаған,  
Ғапыл болып жатпаған Әбубәкір Сыдық-дүр.  
Сүйгеніне дос еткен, қызын қолдан тапсырған,  
Қол қусырып жалбарған Әбубәкір Сыдық-дүр.  
Айтқан сөзіне жеткен, нәпсі-қызықтан кеткен,  
Хақ Расулмен бір кеткен Әбубәкір Сыдық-дүр.  
Мұхаммедке қиын-ды, атасы жоқ-ты, расы,  
Бұршақ салған мойнына Әбубәкір Сыдық-дүр.



Құл Қожа Ахмет, белді бу, соқпақтардан сақ болғын,  
Ғаріптікте адал болған Әбубәкір Сыдық-дүр.

### **Екіншісі жар болған, әділетті Омар-дүр**

Екіншісі жар болған, әділетті Омар-дүр,  
Мұсылмандыққа жар болған, әділетті Омар-дүр.  
Балалыға азан айттырған, шариғатты білдірген,  
Діннің сөзін ұқтырған, әділетті Омар-дүр.  
Қағба есігін аштырған, барша жүзді бұрдырған,  
Расул көңілін тындырған, әділетті Омар-дүр.  
Шариғатты бек тұтқан, тариқатты рас тұтқан,  
Хақиқатты күп білген, әділетті Омар-дүр.  
Ұлын жырлап келтірген, дүре соғып өлтірген,  
Әділдікпен жол салған, әділетті Омар-дүр.  
Шырақ болып өшпеген, дін жолынан көшпеген,  
Қиянат істі етпеген, әділетті Омар-дүр.  
Міскін Ахмет, жадыға ал, әлсіздерге тірек бол,  
Рухы Сізді шат қылғай, әділетті Омар-дүр.

### **Үшіншісі жар болған Оспан сыпайы-дүр**

Үшіншісі жар болған Оспан сыпайы-дүр,  
Әр кезде де жар болған Оспан сыпайы-дүр.  
Хақ Расулдың күйеуі, дініміздің тірегі,  
Пенделердің азаты Оспан сыпайы-дүр.  
Оқығаны аят пенен хадис-дүр,  
Мінберде хатиб Оспан сыпайы-дүр.  
Жалбарынуы куә-дүр, алғандары екі нұр,  
Айтқандары дүр гәуһар Оспан сыпайы-дүр.  
Бәрі келіп бас ұрып, алып кетті шаһардан,  
Құдай жолына құрбан болған Оспан сыпайы-дүр.  
Қожа Ахмет, өтіндің сен Оспаннан,  
Жоқ оның шәк-шүбәсі Оспан сыпайы-дүр.

### **Төртіншісі жар болған құдай шері Әли-дүр**

Төртіншісі жар болған құдай шері Әли-дүр,  
Мигражда да жар болған құдай шері Әли-дүр.  
Айтқан сөзі рахман-ды, көрсең жүзі нұр еді,  
Кәпірлерді қыратын құдай шері Әли-дүр.

Күш-қайраты белінде, иман-жады тілінде,  
Зұлпықары қолында құдай шері Әли-дүр.  
Мініп шықса дүлдүлге жерге түсер зілзала,  
Кәпір құтын қашырған құдай шері Әли-дүр.  
Бет қаратпай дұшпанға кәпірлерді қыратын,  
Батылдықпен қайтпаған құдай шері Әли-дүр.  
Рахмет қылсын бір құдай, не істесе де еркі бар,  
Қожа Ахметке медеткер құдай шері Әли-дүр.

### **Ғашық жаны күйзеліп қайғы тартса**

Ғашық жаны күйзеліп қайғы тартса,  
Он сегіз мың бар ғалам көзді ашар,  
Көңіл құсы қос қанатын қомдап ұшар.  
Жан дүниесі сайраумен бұлбұл болар.  
Махаббаттың майданына өзін салса,  
Мағрифаттың жолына белін буса,  
Сыр шарабын ішіп ғашық рухы қанса,  
Дос көңілдің гүлзарында шаттық болар.  
Жарандар Хақ жадынан ғапыл болмас,  
“Рижал ла талһиһим” дер халық алғаш.  
Құдай жолын ұстаған жолда қалмас,  
Жаратқан иеме тілегі қабыл болар.  
Алғашқы шарапты кім алса, сол болар сақи,  
Наша тартып есірер мәңгі бақи.  
Жанын, тәнін күйдірер жалындатып,  
Іштен күйіп өргеніп һәм күл болар.  
Атын бояп, затын безегендер,  
Ішкі жанын есебімен түзегендер.  
Көңіл күйін жағдайымен кезегендер,  
Пейілі оның қашан аппақ болар?  
Тарикат-дүр бұл жол атын білсе дәруіш.  
Мағрифат-дүр білім нәрін алса дәруіш.  
Өзге жолдар сенімсіз, білсе дәруіш,  
Хақиқат майданында ол ер болар.  
Қатуланып, Құл Қожа Ахмет, жолға кіргіл,  
Құлды көрсең құлы боп өмір сүргіл.  
Қадір ием нәсіп берсе қанағат қылғыл,  
Қанағат сұрап қанағат алған шын құл болар.

### **Субхан ием пендесіне шапағат берсе**

Субхан ием пендесіне шапағат берсе,  
Іші жанып, сырты күйген бір жан болар.

Пір етегінен ұстап ғашық жолына кірсе,  
Хақты іздеумен екі көзі төрт болар.  
Жаннан кешпей ғашық сырын біліп болмас,  
Малдан кешпей менмендікті қойып болмас.  
Зерек болмай жалғыз өзін сүйіп болмас,  
Ондай ғашық ел көзінен аулақ болар.  
Жанын қинап ынты-шынтыңмен ғашық болғыл,  
Жасың төгіп, көзді сулап, адал болғыл.  
Одан кейін Хақ жүзіне лайық болғыл,  
Жаның берсең, рахым етсе, жанан болар.  
Ғашық жолында күндіз-түні жылағандар,  
Жаннан кешіп белін бекем байлағандар.  
Қызмет етіп Хақтың сырын аңдағандар,  
Түн ұйқысын төрт бөліп қайғылы болар.  
Уә, дариға, ғашық жолында жанын бермей,  
Сүңгуір болып дария ішінде гәуһар термей,  
Хақтан өзге, надандықтан аулақ болмай,  
Таңда махшар тағамдары дайын болар.  
Ғашық болсаң Баязиттей өзінді сатқыл,  
Уаллаһи-биллаһи дүние арам, тастап лақтыр.  
Қан төгіп, ұйқы көрмей түндер қатқыл,  
Бір мезетте шайтан мүлкі ойран болар.  
Таң атқанша зікір айт жаныңменен,  
Тау мен шөлді бауға айналдыр қаныңменен.  
Тастан қатты тасқа жатқыл жамбасыңмен,  
Жолдан азған жүз мың ғапыл қараң болар.  
Тастан қатты тасты сүзген бейхабарлар,  
Ол ақырет ісін қойып, дүние іздер,  
Аят, хадис баян қылсам – кесім сөздер,  
Залымдардың көкірегі шайтан болар.  
Зікірінді айт: қан ақсын көздеріңнен,  
Хикмет айт: дүр тамсын сөздеріңнен.  
Гүл өнсін әрбір басқан іздеріңнен,  
Гүлді күтсең, гүл ашылып гүлзар болар.  
Сахарда ерте тұрып қандар жұтқыл,  
Пірмұғанның етегінен бекем тұтқыл.  
Хаққа ғашық болған болсаң жаннан түңіл,  
Жаннан кешкен шын ғашықтар махрум болар.  
Бұл дүниеде пақырлықты әдет қылған,  
Қорлық көріп, машахатты рахат білген.  
Құл Қожа Ахмет, жақсыларға қызмет қылғын,  
Қиямет күн сондай адам сұлтан болар.

### **Бұл сырларды білмеген надан кісі**

Бұл сырларды білмеген надан кісі,  
Дәруіштердің қадірін қашан білер?  
Тіл ұшында үмбетпін деп дау шығарар,  
Мұстафаның қадірін қашан білер?  
Тариқаттың ләззатынан татқан кісі,  
Дүниесін дін жолына сатқан кісі.  
Күндіз-түні көзден жасы аққан кісі,  
Бұл дүниенің қадірін қашан білер?  
Күндіз-түні тағат қылса осы ғашық,  
Бұл дүниеде күнәсынан болар қашық.  
Дәруіштерді ғайбат қылған ол оңбаған,  
Мағрипаттың қадірін қашан білер?  
Дүние малын жиып мұратына жеткендер,  
Есіл өмірін заяда өткізгендер.  
Ен далада қамсыз тірлік кешкендер,  
Махаббаттың қадірін қашан білер?  
Көп адамдар дау шығарар нәпсі бағып,  
Ішіп-жеп хайуандардай түнде жатып.  
Ораза тұтпас, зекет бермес, ұйқы бөлмес,  
Хақ тағала қадірін қашан білер?  
“Матқи кулли, матқи кулли” айтты расул,  
Әй, Құл Ахмет, бұл хадисті қылғыл қабыл,  
Сирия халқы қабыл қылмай қалды ғапыл,  
Надан халық пір қадірін қашан білер?

### **Алланың мақамы ғажап мақам-дүр**

Алланың мақамы ғажап мақам-дүр,  
Ол мақамда ғашықтар серуен қылар.  
Көңілге құдіреттің нұры түссе,  
Естен танып өзін білмей жалғыз қалар.  
Ол мақамның жолдарының сырлары бар,  
Өз бетінше лағып кетсе жолдан азар.  
Азғыруымен шайтан малғұн дінін бұзар,  
Өз жолына салып оны қайран қылар.  
Ол мақамды білдіруге басшы керек,  
Тариқаттың басында жақсы керек.  
Осы жолда серттен таймас серке керек,  
Ондай көсем жұмақта сайран қылар.  
Ол мақамға жеткен ғашық шарап ішер,  
Мал-мүліктен бас тартып жаннан кешер.  
Қос қанатын Хазірет Таба қомдап ұшар,

Ғаршы-күрсі, Лауқ-қалам думан қылар.  
Алланы ойлап дүниеден безіп кеткін,  
Өлмей тұрып о дүние үшін жасың төккін.  
“Уанһар мин ғасамин мусаффани”,  
Ұжмағын сүйген құлға тарту қылар.  
Ол мақамның Таухит атты дарағы бар,  
Саясында ғашық құлдар пырақ ұстар.  
Бір бұтақтың мың жылдық өмірі бар,  
Әрқайсысы өз орнын мекен қылар.  
Ол дарактың миуасынан татқан құлдар,  
Дүние қызығын ақыретке сатқан құлдар.  
Көр ішінде көз жұмып жатқан құлдар,  
Сахарларда көз жасын дария қылар.  
Ықласыңмен, Құл Қожа Ахмет, белді байла,  
Махаббаттың отымен жүрек жалға.  
Жағанды ұстап таң атқанша тынбай жыла,  
Мүмкін, саған рахым етіп жанан қылар.

### **Иманы жоқ халайықтан әр кім қашса**

Иманы жоқ халайықтан әр кім қашса,  
Білімділер кеңесінен безер болар.  
Күйіп-жанып ғашық жолына жасын төксе,  
Субхан ием ғарыш үстінде мейман қылар.  
Пендем дегей күйгендерді сүйіп Алла,  
Хақ көрсеткей ақ дидарын олла-біллә.  
Қайда барса құлшылығы Алла ісі,  
Әр не тапса Хақ жолына саркып берер.  
Зәкір болып зікірін айтса келмек хабар,  
Шайтандардың бәлесінен айырып алар.  
Дертті болса Хақ дертіне бергей дауа,  
Ондай құлды өзі тауып мейірім қылар.  
Түні бойы Хақ оятып қан жылатар,  
Көзін ілмей ғашығы үшін белін байлар.  
Дауасы жоқ дертті беріп зар еңіретер,  
Мұнда еңіреп, онда барса сұлтан қылар.  
Хаққа ғашық болған құлдар көзін ілмес,  
Мақсұтына жетпесе риза емес.  
Туған-туыс, мал-мүлікке көңілін бөлмес,  
Исмаилдай ғазиз жанын құрбан қылар.  
Дуаналық жолында ол Хақты тапқан,  
Семсерді Хақ қолға алып нәпсі тапқан.  
Қайда барса көз жұмып сырын тапқан,  
Ондай сырды тапқан кісі жомарт болар.

Шейхпын деп бас көтерген Хаққа қарсы,  
Көкірек керіп жаратқанға болмас жаршы.  
Жыласа да құдайсызға болмас емші,  
Бұл дүниені момындарға зындан қылар.  
Ей, мұсылмандар, тағат қылып таянбаңыз.  
Аманат қой, ғазиз жанға иланбаңыз.  
Харамдықпен жиған малға қуанбаңыз.  
Малдарыңды Қарыш атты жылан қылар.  
Бұл дүниеде мал жинаған Қарун қане,  
Өсиет айтып жар салған перғауын мен Наман қане?  
Уамық, Ғазра, Фархад, Шырын, Мәжнүн қане,  
Қаһарланса жерменен жексен қылар.  
Білдіңіз бе өлмей адам қалғанын,  
Бұл дүниенің опасызын, жалғанын.  
Дүние талап – ризығың алғаның,  
Алла десең көздің жасын көл қылар.  
Ғашық дертіне дауа іздеген болар делбе,  
Іші-сырты жалған жанға әсте сенбе.  
Арың таза болса, әр кез жеңіс сенде,  
Ғашық дертіне рахым қылса Алла қылар.  
Кімді көрсең бұл жолдарда жалған ғашық,  
Іші таза болмайды көңілі ашық.  
Сол үшін де сүйгеніне болмас лайық,  
Жалғаншыны махшар күні сарсаң қылар.  
Тән сөйлемес, жан сөйлемес, иман сөйлер,  
Жаннан кешкен шын ғашықтар Хақты көздер.  
Ғұламаға қызмет қылып жолын түзер,  
Сол ғашықты халайыққа сұлтан қылар.  
Ғашық болсаң күндіз-түні Хақты іздегіл,  
Парызды өтеп түні бойы көз ілмегіл.  
Ақылды болсаң надандарға сыр айтпағыл,  
Дәруіштер сенімдерін жасырын қылар.  
Дәруіш болсаң парызыңды өте, қылма жалған,  
Иман келтір, рахым қылар саған Аллам,  
Дәруіш емес қайда барса жолда қалған,  
Әділ патша парызын өтеп, әділ қылар.  
Ей, осындай дәруіштерге пана бергіл,  
Ол наданға үлпәт қылмай жанымды алғыл.  
Ей, іңкәрім, жолда қалдым, жолға салғыл,  
Тәуба қылған қожам жайын гүлзар қылар.  
Дәруішпін деп парызын істер халық алдында,  
Айламенен зыр жүгірер онда-мұнда.  
Алла үшін бойұсынған дәруіш қайда,  
Шын дәруіштер тау мен шөлді мекен қылар.

Ғашық болсаң ғашық жолында пида болғыл,  
Дидар іздеп қасіретінде ада болғыл.  
Шипа болып шын дертке дауа болғыл,  
Жақсыларды аларда оңай қылар.  
Ғашықтары Хаққа қарап зар еңірет,  
Махаббаттың дариясына шомып кірет.  
Гауһар алып ғашығына зарын тербер,  
Тамшы жасы жер әлемді көл қылар.  
Ғашықтарға берді ғашық отын күйдіргелі,  
Зылихадай өн бойын сүйдіргелі.  
Қасіретпен өңі-түсін солдырғалы,  
Шын ғашықтың нұр-жүзін сары қылар.  
Ғашық жандар Хақ қаһарынан қорқып тітірет,  
Жер мен көкте періштелер жылап тұрар.  
Бірде қызыл, бірде сары болып жүрет,  
Зар еңірет жер мен көкті дүр сілкінтер.  
Ғашықтардың сүйіктісі сикыр қыздар,  
Көңіл көзбен күл етер, баурап алар.  
Ғашық оты өртеген дерті зорлар,  
“Қайдасың?” деп жүрек-баурын езіп тынар.  
“Қайдасың?” деп, “қайдасың?” деп ғашық айтар,  
Махаббатқа сабыр қыл деп машық айтар.  
Аузы айтпас, тілі айтпас, ділі айтар,  
Үш жүз алпыс тамырлары толқын қылар.  
Ғашықтардың қиямет күн халін білгей,  
Шын ғашықтың көкірегін жарып шерін сезгей.  
Пәк аузынан көбігі ағып жүгіріп жүргей,  
Кімге берсе пәк ғашықты қайран қылар.  
Ғашықтардың үміттері жам шарап,  
Сүйіктісіне жетер жолда бауыры кәуәп.  
Жүрек қылы жан азығына болар жауап,  
Тербелсе жеті ықылым ойран болар.  
Құдіретімен әр не қылса ерікті өзі,  
Құдіретінен мәлім боп тұр қыс пен жазы.  
Әй, найсап, Алламенен ойнай көрме,  
Қаһарлы ием жандыларды жансыз қылар.  
Жыламақты әр адамға бергені қане,  
Жылау деген қиын емес, бауыр қане.  
Көз жасыңды текке төкпе, Хақты таны,  
Хақ тағала өз сүйгенін боздауық қылар.  
Құл Қожа Ахмет, пендемін деп көп айтпа көп,  
Алдауменен қылсаң тағат болар кәзәп,  
Шарифатта, тариқатта ісің бөлек,  
Ақыретте кәзәптарға жаза қылар.

## Махаббаттың базарында жыр мен дастан

Махаббаттың базарында жыр мен дастан,  
Бұлбұлдары сайрап онда сазды қылар.  
Мағрипаттың майданында адасқандар,  
Күндіз-түні көзінің жасын көлдей қылар.  
Сол бұлбұлдың сазды әуенін естігендер,  
Тәкаббардың тауын шағып ұсатқандар.  
Бұл дүниенің қуанышын ұмытқандар,  
Зар еңіреп көзінің жасын бұршақ қылар.  
Ғашық құлдар бұл дүниені көзге ілмес,  
Дүние қызығын берілген құл ауызға алмас.  
 اُوْتُوْن كِيْل نِيْنِكَ يَزُوْسُوْن جَسَا يِي  
 اُوْتَا بِيْلَس اَرْتَا اُوْتُوْن اُوْتَا تُوْر  
 اِيْنِكَ قَدْر جُوْبِي بِيْبِيْغ اِحْسَا يِي  
 اُرْ اُوْلَا عَقْل اُوْتُوْن هُوْش خُرْدَا مَكَا ن  
 يِيْلِكَ مَعْنِي مَه فَضِيْلَت كَا يِي

لَو كُونُ تَيْكُوسِيْبِيْنِ دُرُوْدُ اَوْلَا يَارِيْنِ  
 اَيْبِكْ تُوْتْ نَاچِيْمِ عَهْ اَيْكْرِيْسَهْ بُونَكَا  
 فِي سِيْحِ الشَّحَابَةِ الْاَرْبَعَةِ رَفَعُوْنَا لَهْ عَلِيْهِمْ اَجْمِيْنِ  
 بِمِهْ تُوْتْ اَيْشِيْنِكَا اِيْدُرْمَنْ سَلَامْ  
 اَوْلَرِيْنِ اُوسَانْ تُوْتْ قِيَانْ اَوْلَا سَنَكَا  
 صَادِقْ بِيْرِيْهْ فَاْرِيْحْ اَوْجُرْمِيْحْ ذُو النُّوْرِيْنِ  
 عَلِيْ تُوْرِيْ لِيْنِيْ اَوْلَا اَرْ سِيْكَ تُوْنَكَا  
 كِيْمِر اِيْرَسَا بُو تُوْتْ اِيْتِيْ كَا بَدَا عِنَقَادْ  
 تُوْنَارْ اِيْرَسَا سِيْنِكْ لَعْنِ اِيُوْرْمَنْ اَسْنَا  
 اِيْلِيْ كِيْمُوْر كَانْ اِيْدِيْمَنْ سَنْ كِيْمُوْر  
 بِيْجَهْ مَا خَطَا لِيْقْ قَوْلْ اِيْرَسَمْ سَنَكَا

بۇ ئۇنىڭ ئايىسى ئۇلۇغ پىرىيىيات  
ئۇلۇك كىرەپى شىزىكۇز مالىك آسان آنىڭ  
بىنەننى ئىتىئەككە ئەلەم

ئىشىت ئىندى قانچىت سەبىب فەسلىدىن  
ئۇقۇش ھۇش سۇزىنى ئۇنىڭ  
ئۇلۇ ئۇلۇ خەلقكە سەبىبى قۇتۇلۇغىن  
قۇرۇش دە يۇقۇش ئۇنىڭ قۇتۇش ئىشىنىڭ  
سۇلۇر ئۇرۇشكە يۇرۇش يۇرۇش يۇرۇشكە  
يا ئۇلۇ قۇتۇش ئۇنىڭ بۇ ئىشىنىڭ  
ئۇنىڭ مەدە سەبەبى نەشەر بۇ ئىشىنىڭ  
ئۇنىڭ يادى سەبەبى شەكەر شەمە ئۇنىڭ



يوق ايردينير يرآت تينك يينا يوق قىليب  
ايكىج باز قىلور سين متيرمن مونكا  
اياشك يوليينه يلىك يلى اوون  
كىلاوت دين اوزونك يولا الهوندين اويكا  
براق اوعايم تونونك كوندو زونك  
اوقب پيرى پيرشا يورود اناك سونكا  
توناق تونونك يى كونونك كيتايب  
كونونك كيتايب بازير ووقد نىشا  
كاه لاه تىلغىج الحى زالىن وخرج الت من الحى  
اولوك نين نيريك هم تيريك دين اولوك  
چتارود كورهن سويكيت اناشا  
چتارود كورهن سويكيت اناشا

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ  
الھٰی اۆگۈشۈند آیوزمن مہنکاشا  
سینک دھنک دین اومارمن اوشکا  
شامو آیوغای سزا بو تیلیم  
ایبارچہ آیاین یاری بیر متکا  
سینک بازلینینک غہ نئوخ لوق بیور  
جانت جانور اویغان یوگورکان نانکا  
سینک بیر لینیکنک غہ دکیل ارتاغمن  
بولد برتنک ایچن دایلدک مینکا  
نغز کل شیلہ آیه نکلہ علی انه واحده

ፍጥረት ለሰጠን  
እርሶ ለሰጠን

## ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР

### ҚОЖА АХМЕТ ИАСАУИ. ДАНАЛЫҚ КІТАБЫ

Қожа Ахмет Иасауи – түркі халықтарынан шыққан алғашқы сопылардың бірі. Түркі тіліндегі сопылық әдебиеттің негізін қалаушы діндар ақын, кемеңгер ойшыл. Шамамен 1103 жылы қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысындағы көне Сайрам шаһарында дүниеге келіп, 1228 жылы Иасыда (Түркістан қаласы) қайтыс болған. Әкесі Ибраһим мен шешесі Айша (кейбір деректерде – Қарашаш) сауатты, білімді адамдар болған. Жетінші атасы Ысқақ баб дін тарату мақсатында Шамнан Табризге, одан Үргеніш, Сайрам жеріне келіп, сонда қалып қойған<sup>1</sup>. Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының (ҚР ҰК) Сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар орталығында сақтаулы «Насаб-нама» қолжазбасында (№3990-47) Қожа Ахмет Иасауидің арғы аталары төртінші халифа, хазірет Әлиден тарайтындығы жазылған. Атасы Ысқақ және әкесі мен шешесінің кесенелері Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданында қасиетті орынға айналған.

Жастайынан ата-ана тәрбиесімен діни білім алып, ислам құндылықтары жөнінде тереңдеп іздене бастаған Ахмет Иасауи жеті жасында Арыстан баба шәкірт болады. Он жеті жасында Түркістанға келіп, сондағы медреселердің бірінен дәріс алады. Ақынның өзі жырлағандай, жиырма жеті жасында Бұхараға барып, пірге қол тапсырады. Ғалымдардың есептеуінше, бұл Қожа Ахмет Иасауидің ұстазы Жүсіп Хамаданмен кездесіп, оған мүрит болуы 1130 жылға сәйкес келеді<sup>2</sup>. Ақынның хикметтеріне қарағанда, Ахмет Иасауи сол кездегі дін және білім ордалары Хорасан, Шам, Ирак жерлеріне саяхат жасаған секілді. Бұл жөнінде шайыр:

Хорасан, Шам уә Ғиракқа ниет қылып,  
Ғаріптіктің көп қадірін білдім, міне! –

деп жазады.

Туған жеріне қайта оралған Қожа Ахмет Иасауи алған білімін халыққа таратып, ислам дінін насихаттайды. Араб тілінде жазылған құран мен хадистегі шарифат үкімдерін жергілікті тұрғындарға түсіндіру үшін түркі тілінде хикметтер жазып, сопылықты уағыздайды. Ислам ақидасын (Алланың бірлігін, барлығын, жоқтан бар жасайтын құдіреттілігін және сол сияқты тағы басқа Алланың қасиеттерін түсіндіретін ілім) әлі толық танып болмаған түркі жұртына хақ дін мен оған бастар сопылық жолды түсіндіру үшін жергілікті халыққа түсінікті қарапайым тілмен жазылған поэзия арқылы үн қатты. Бұл жөнінде Қожа Ахмет Иасауи шығармалары мен өмірін зерттеуші ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор М.Жармұхамедұлы: “...ақын мұсылман дінінің қайта өрлеу мақсатын көздеп, өзінің мәңгі өшпес, әйгілі мұрасы “Диуани хикмет” атты (Ақыл, даналық кітабын) жинағын сол кезде кең тараған шағатай тілінде (көне түрік тілінде) жазып таратады. Мұндағы ойы: түсініксіз араб, парсы тілінде жазылған құран мен мұсылман діні қағидаларын түрік тектес халықтарға кеңінен насихаттап түсіндіру еді. Сол талапқа орай, ол көшпелі елдің өмірінде елеулі орын алатын айшықты өлеңмен жазуды міндет санайды”, – деп түсінік береді<sup>3</sup>.

<sup>1</sup> К родословной Аулиятинского святого Карахана // Протокол заседания общего собрания членов Туркестанского кружка любителей археологии, состоявшегося 29 августа 1897 года в зале генерал-губернаторского дома.

<sup>2</sup> Жармұхамедұлы М. Алғы сөз // Қожа Ахмет Иасауи. Диуани хикмет (Ақыл кітабы). Алматы: Мұраттас, 1993. 10-б.

<sup>3</sup> Жармұхамедұлы М. Алғы сөз // Қожа Ахмет Иасауи. Диуани хикмет (Ақыл кітабы). Алматы: Мұраттас, 1993. 5-б.

Түркі ақыны елу екі жасқа келгенде дүние-мүлік, мал-жаннан баз кешіп, бүкіл болмысы мен жан-тәнін Хақ тағалаға арнайды. Кемелдікке жету үшін күндіз намаз оқып, ораза ұстап, түнде зікір салып құдайға жалбарынады. Пайғамбарымыз Мұхаммедтің жолымен жүріп, өзінен бұрынғы сопылардың өмірінен үлгі алады. Жасы алпыс үшке толғанда жер астынан мешіт салдырып, қылуатке түседі. Жер бетінде қанша жыл жасаса, жер астында да сонша жыл өмір сүреді. Бұл жөнінде ақын өзінің хикметтерінде «Жүз жиырма жасқа кірдім біле алмадым», – деп нақты көрсеткен.

«Диуани хикмет» («Хикметтер жинағы») – Қожа Ахмет Иасауидің ислам діні, шариғат үкімдері, сопылықтың мәні, Аллаға ғашық болу, Мұхаммед пайғамбарды сүю, ақиқат шарабына мас болу жайында жазылған өлеңдер жинағы. «Диуани хикметтің» түпнұсқасы сақталмаған. Біздің заманымызға Қожа Ахмет Иасауидің хикметтері иасауия жолын ұстанған сопылардың көшірмелері арқылы жеткен. Түркістандық ақынның хикметтері ең алғаш XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Стамбул, Қазан, Ташкент баспаханаларында жарық көрді. ҚР ҰК Сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар орталығында «Диуани хикметтің» бірнеше нұсқасы сақтаулы. Атап айтар болсақ:

1. Хазірет сұлтан әл-ғарифин Қожа Ахмет бин Ибраһим Махмуд бин Ифтихар Иасауи. Диуани хикмет. – 4-бас.– Қазан: Университет баспаханасы, 1896. – 227 б. Кітаптың екінші бетінде парсыша А.Иасауи туралы қысқаша мәлімет берілген. Мәліметті жазған Ғулам Мухаммед бин муфти Рахимулла Қариши. 3–17-беттерінде сопылық туралы, тариқат, иасауия ілімінің бағыт-бағдары жайында жазылған. 18-беттен 270-бетке дейін 148 хикмет орын алған. 271-беттен кітаптың соңына дейін мінажат өлең жазылған. Кітап көшірмесі «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша Қазан мемлекеттік университетінің Н.И.Лобачевский атындағы ғылыми кітапханасынан алынған.

2. Хазірет Қожа Ахмет Иасауи. Диуани хикмет. – Стамбул: Ғариф әфәнді баспаханасы, 1897. – 228 б. Кітап Ұлттық кітапхана қорына 1938 жылы түскен.

3. Хазірет Қожа Ахмет Иасауи. Диуани хикмет. – Ташкент: «Туркестанский курьер» газетінің баспаханасы, 1914. – 112 б.

Сонымен қатар басылған жылы белгісіз екі кітапта да (бірі – Түркияда басылған, 46 бет, екіншісі – Өзбекстандағы Қакан баспаханасынан жарық көрген, 128 бет) А.Иасауидің хикметтері басылған. Сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар орталығында сақтаулы шығыс классиктерінің хикметтері мен ғазалдары, мәснәуилері мен мінажаттары көшірілген қолжазбалық нұсқада да Қожа Ахмет Иасауидің хикметтері кездеседі.

ҚР ҰК қорында сақтаулы Қожа Ахмет Иасауи мен оның ізбасары Сүлеймен Бақырғанидің қолжазбалық мұралары 2003 жылы «Әлемнің жады» («Memory of the World») аталатын ЮНЕСКО бағдарламасының халықаралық тізіміне енгізілген.

Түрік ғалымы М.Көпрүлүннің көрсетуі бойынша, Ахмет Иасауи ирандық сопылар қолданған аруз (дауысты дыбыстың ұзынды-қысқалығына байланысты өлең құрайтын өлшем) өлең өлшемін емес, халық ұнататын ақындардың ғасырлар бойы қолданып келген ұлттық буынға құрылатын өлең өлшемін тандап, бүкіл хикметтерін сол өлшеммен және халық әдебиетінен алынған ескі ұлттық пішіндерде жазған<sup>4</sup>. Ислам дінінің парыздары мен сопылық дүние танымның адам түсіне бермес терең иірімдерін өлең сөзбен қалың қауымға түсіндіре білген Қожа Ахмет Иасауи түркі әдебиеті үшін орасан зор жаңалық әкелді.

А. Иасауи бүтіндей бір дүниетанымды, белгілі бір философиялық бағытты, түбегейлі діни салтты бір шығармаға арқау ете отырып, өзінің “Диуани хикметтей” туындысымен діни-мистикалық философияның бір мектебін қалап, сопылық оқудың

<sup>4</sup> Мехмет Фуад Көпрүлү. Қожа Ахмет Яссауи танымы мен тағылымы. Шымкент, 1999. 204-б.

түркілік дәстүріне бастама береді<sup>5</sup>. Ақын хикметтері мен сопылық мектебінен дәріс алған шәкірттер де осы жолдан ауытқымады.

Түркі сопыларының ұлы ұстазы Құл Қожа Ахмет Иасауиден кейін иасауия тариқатына кіретін сопы-дәруіштер де тариқат пірі негізін салып кеткен жолмен жүріп, сопылық хикметтер жазды. Иасауидің жолын қуған Сүлеймен Бақырғани, Бираш бин Әбрәш, Қожа Әмір Келал, Пір Дада, Баба Сұлтан, Құл Шамсиддин, Құдайдат, Иқани, Құл Убайда, Фақири, Бейза, Құл Шарафи, Ғазали, Қасым сынды ізбасарлары жазған хикметтердің тақырыбы жағынан болсын, түрі жағынан болсын бір-бірінен еш айырмашылығы жоқ. Олар ұлы пір қалыптастырып кеткен түрге киелі деп қарап, одан алшақтамауға тырысқан. Бірақ, біршама уақыт өткеннен кейін, әдебиетте аруз өлшемі қалыптасқаннан соң көптеген сопы ақындары аруз өлшемімен сопылық-дидактикалық өлеңдер, мінажаттар, діни қисса-дастандар жаза бастады. Десек те, алғашқы хикмет пішіні еш өзгермей, арузға бой алдырмады. Жоғарыда аты аталған ақындар әрі аруз өлең өлшемімен, әрі Қожа Ахмет Иасауи дәстүрімен хикметтер жазған.

Құл Қожа Ахмет Иасауидің “Диуани хикметі” қазіргі түркі халықтары мекендеген төрт өлкеге айтарлықтай әсер еткен. Олар: 1) Қыпшақ, яғни бүгінгі солтүстік түркілерінің өлкесі; 2) Түркімен жері; 3) Әзірбайжан өңірі; 4) Батыс түркілері, яғни Анадолы мен Рум елі өңірі<sup>6</sup>. Сондай-ақ Арал, Каспий жағалауында, Сырдария бойында қоныстанған оғыз-қыпшақ тайпалары селжүктермен бірге Евфрат өзенінен өтіп, Палестина мен Мысыр жеріне жорық жасаған кезде олардың рухани басшылары сопылық ағымның шейхтары болды. Анадолы жерінде өз мектебін қалыптастырған Жалаладдин Руми, Ғазали, Шамсиддин Табризи сынды тұлғалар иасауия жолының (тариқатының) ізбасарлары болып саналады<sup>7</sup>. Иасауи ілімін жалғастырушылар мен Құл Қожа Ахметке еліктеген мистик ақындар сопылықты тарату үшін Сырдария жағасынан бастап, Жерорта теңізіне дейінгі аралықта өз насихаттарын жүргізді.

Түркістандық ақын өз шығармаларын «Дәптер сәни» («Екінші дәптер») деп те атаған. Осы орайда бірінші дәптер қайда және ол қандай дәптер деген заңды сұрақ туындайды. Қожа Ахметтің хикметтерін зерттеуші ғалымдар бұл туралы түрлі пікірлер білдірген. Мехмет Фуад Көпрүлү «Диуани хикмет» А.Иасауидің өз шығармасы емес, Иасауи жолын қуушылардың шығармалары болуы мүмкін, сондықтан олар өз өлеңдерін ұлы ұстаз хикметтерінен кейінгі орынға қойып, «Дәптер сәни» атауы мүмкін деген жорамал айтады<sup>8</sup>. Өзбек ғалымы Ибраһим Хаққұлов өз зерттеуінде түрік ғалымы Кемал Арсланның пікіріне сүйене отырып, бірінші дәптер адамдардың тағдыры жазылған «Лаух-ул-махфуз» болуы мүмкін деп ой тұжырымдайды<sup>9</sup>. Кейбір зерттеушілер бірінші дәптер ретінде мұсылмандардың ең басты кітабы «Құран Кәрімді» қарастырады.

Біздің ойымызша, «Дәптер сәни» Қожа Ахмет Иасауидің екінші шығармасы болуы мүмкін. Себебі ислам үкімдері мен сопылық жолды берік ұстаған түркістандық шайыр өз шығармасын құдайдың жаратқан «Лаух-ул-махфузы» мен пайғамбарға уахи болған (түсірілген) «Құран Кәріммен» қатар қоймаса керек-ті. Хикметтерінің өн бойында Алланың ұлықтығын паш етіп, пайғамбардан шапағат тілеген, өзін табан астындағы топыраққа теңеген сопы ақын даналық сөздерін құдай кәләмінен кейінгі екінші орынға қоюға жүрегі дауаламас. Сондықтан жоғарыда келтірілген пікірлер ұшқары айтылған секілді.

<sup>5</sup> Ахметбекова А.К. Қожа Ахмет Ясауи шығармашылығы. Канд.дисс.авторефераты. Алматы, 1995. 11-б.

<sup>6</sup> Kuprulu Fuad. Turk edebiatinda ilk mutasavviflar. Ankara, “Dianet Isleri baskanligi”, 1991. 174-s.

<sup>7</sup> Бұл да сонда, 183–255-s.

<sup>8</sup> Бұл да сонда, 23-s.

<sup>9</sup> Хаққұлов И. Ахмад Яссауи хикметлари. Тошкент: Фан, 1991. 9-б.

Стамбул, Қазан, Ташкент баспаханаларында жарық көрген барлық «Диуани хикметтің» алғашқы беттерінде қысқаша сопылық жол туралы жазылған трактат бар. Оның мән-мазмұны хикметтерде айтылған ойлармен толық үндеседі. Мұнда да сопылықтың негізгі төрт жолы: шариғат, тариқат, магрифат, хақиқат шарттары баяндалып, дәруіштік пен зікір салудың қадір-қасиеті түсіндіріледі. Осыдан кейін ғана поэзиямен жазылған хикметтер:

«Бисмилләһи» диб баян ила-и хикмат айтыб,  
Талибларга дур уә гауһар сачтым мана.  
Риядатны қатиг тартыб қанлар иутуб,  
Мен «дафғәр-и сәни» сөзін ачтым мана<sup>10</sup> –

деп басталады. Демек, хикметтердің алдында жазылған қысқаша трактат Иасауидің алғашқы дәптері болуы да ғажап емес.

«Диуани хикметті» қазақ тіліне аудару ісі алғаш рет XX ғасырдың басында-ақ қолға алынды. 1901 жылы Қазан қаласында жарық көрген М.Тынышлықұлының тәржімасы түркі шайырының сопылық поэзиясын қазақ жұртына таныстыруда зор үлес қосқаны даусыз. Кеңестік кезеңде діни тақырыптарды аударуға қатаң тыйым салынғанымен, филология ғылымдарының докторы, профессор Х.Сүйіншәлиев ақын мұрасын зерттеу барысында кейбір хикметтерді жолма-жол аударуға тырысқан<sup>11</sup>.

1990 жылдан бастап С.Битенұлы («Орталық Қазақстан» газеті, 1990. 25 ақпан – 2 сәуір), тілші ғалым Б.Сағындықов («Ежелгі дәуір әдебиеті» хрестоматиясы/ Құраст. А.Қыраубаева, Алматы, 1991), Х.Иманжанов (Түркістан, 1991), әдебиетші ғалымдар М.Жармұхамедұлы, С.Дәуітұлы, қолжазбатанушы М.Шафиғи (Алматы, 1993, 1998; Тегеран, 2000; Павлодар, 2004), Р.Әбдішүкіров (Түркістан, 1993) және Ә.Жәмішұлы (Алматы, 1991, 1995), Е.Дүйсенбайұлы (Алматы, 1998) сынды ақындар Иасауидің даналық сөздерін түрлі деңгейде қазақ тіліне аударған. Сонымен қатар, шығыстанушы, тіл мамандары А.Ә.Ибатов, З.Жандарбек, А.Нұрманова (Алматы, 2000), Т.Айнабек (Шымкент, 2001), Д.Кенжетай (Анкара, 2003) ақынның хикметтерін қазақшалаған.

Кітапқа 1993 жылы М.Жармұхамедұлы, С.Дәуітұлы, М.Шафиғидің 1987 жылғы Стамбул басылымы бойынша дайындаған аудармасы беріліп отыр. 1993 жылғы аударма барысында хикметтер таңдап алынып, толықтай аударылмағандықтан өлеңдердің реттік саны өзгерген. Сол себептен біз өз тарапымыздан тәржімаланған хикметтердің реттік санын және Иасауи шәкірттері тарапынан қосылған хикметті алып тастадық.

*А. Әлібекұлы*

## **ҚОЖА АХМЕТ ИАСАУИДІҢ «ДАНАЛЫҚ КІТАБЫ» ЖИНАҒЫНДА КЕЗДЕСЕТІН КІСІ АТТАРЫ**

**Зүнүн Мысри.** Толық аты-жөні – Әбулфайз Саубан бин Ибраһим (796 ж.т.–859 ж.к.б.). Сопылық ілімнің негізін қалаушылардың бірі. Жоғарғы Мысырдағы Ахмимде нубиялық отбасында дүниеге келген. Жас кезінен бастап діни білім алып, шариғат үкімдерін меңгерген. Сонымен қатар медицина және әл-химия ілімдеріне әуестеніп, аталмыш ғылымдармен өз бетінше айналысқан.

<sup>10</sup> Иасауи Қожа Ахмет. Диуани хикмет.

<sup>11</sup> Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. Алматы: Қазақстан, 1967. 386 б; Сүйіншәлиев Х. Ғасырлар поэзиясы: Зерттеулер. Алматы: Жазушы, 1987. 216 б.

Каирлік шейх Садуннан дәріс алып, оған мүрид болады. Көп ұзамай өзі де заманының белгілі сопыларының біріне айналады. Төңірегіне көптеген шәкірттер жиып, Алланың хақ жолын уағыздайды. Зүнүн Мысридің сопылық жолға үгіттеуі кейбір діндарларға ұнамай, халифаға шағым түсіреді. Шағым үдеп кеткен соң халифа әл-Мутауайкил Зүнүн Мысриді Бағдадқа шақырып алып, діни үкімдер, сопылық, имандылық, адамгершілік туралы сөйлеседі. Әңгіме барысында халифа Зүнүн Мысридің адалдығы мен тазалығына, даналығы мен тақуалығына көз жеткізіп, сый-құрметпен шығарып салады. Бағдадта біраз тұрған ол Димашық, Антакия, Палестина және Меккеге сапар шегіп, ғаріптікті (сел кезіп, түрлі қиыншылықтарды көру сопылық жолдағы негізгі қағидалардың бірі) өткереді. Ондағы сопылармен араласып, тақуалық жөнінде пікір алмасады. Заһид сопылар тәрбиелеп, сопылықты насихаттау үшін жан-жаққа жібереді.

Зүнүн Мысри Алланың құдіретін танып білуге, оның дидарына ғашық болуға арнаған көптеген еңбектер жазды. Шығармаларында Алланы ұлықтап, мадақтап, Мұхаммед пайғамбарды дәріптеді. Оның идеялары өзінен кейінгі сопыларға үлгі-өнеге болды. Заһаби, Сухрауирди сынды сопылар оның есімі мен ұстанған жолын шығармаларына арқау етіп, ілімдерін дамытып отырды. Қожа Ахмет Иасауи де өзінің хикметтерінде: «Пенделікті қойып, сопылық құрды Зүнүн Мысри», – деп жазып, одан үлгі алуға тырысады.

**Ибраһим Адһам.** Толық аты-жөні – Ибраһим Адһам Әбу Исқак (туған жылы белгісіз, шамамен 777 жылы Руммен болған соғыста қаза табады). Сегізінші ғасырдағы атақты сопылардың бірі. Фаридаддин Аттардың «Тәзкірату-л-әулия» атты шығармасында Ибраһим Адһамның Балх шаһарында патшалық құрғаны, бірақ кейін патшалықтан баз кешіп, сопылық жолға түскені жазылған. Десе де, бұл туралы нақты тарихи дерек сақталмаған. Кейбір деректерде Ибраһим Адһам Алламен қауышқанын айтқаны үшін отқа жағылған деп келтіріледі.

**Баязид Бастами** (шамамен 809 ж.т.– 882 ж.қ.б.). IX ғасырдағы атақты сопылардың бірі болған. Анасы оны жастай Құранды жаттау үшін медресеге берген. Сопылық жолдағы ұстазы имам Жафар Садық еді. Пірінің батасын алған Баязид қажылықты өтеу үшін Мекке және Мәдина қалаларына сапар шегеді. Өмір бойы құдайдың дидарын талап етіп, тақуалықпен жүрген. Жетпіс үш жасында туған жері Бастамда көз жұмады. Баязид Бастами туралы Қожа Ахмет Иасауи:

Баязидтей дүние қызығын теуіп жүргіл, –  
немесе:

Шейх Баязид жетпіс рет өзін сатты.  
Бұл дүниенің бар қызығын тастап атты,  
Өткен іске өкін деп зарын қылар.  
Ондай ерлер сұхбатын тапқан кісі,  
Ессіз жүрер танданумен жазы-қысы.  
Таң сәріде хабаршы ғой оның ісі,  
Жан-тәнімен көз жасын төгіп тұрар, –

деп жазады. Баязид Бастамидің өнегелі істері мен ғибратты өмір жолын Фаридаддин Аттар, Сағди сынды парсы классиктері өз еңбектерінде жазып қалдырған.



**Хасан Басри.** Толық аты-жөні Әбу Саид Хасан ибн Сайяр (642 ж.т.–723 ж.қ.б.). Алғашқы танымал сопылардың бірі. Хасан Басридің анасы Мұхаммед пайғамбардың әйелдерінің бірі – Умм Салменің үй шаруашылығына қолғабыс тигізген. Бала кезінде пайғамбардың үйінде болып, оның көзесінен су ішкен. Кішкентай Хасанға Мұхаммед пайғамбар дұға оқып, батасын берген. Алғашында зергерлікпен айналысады. Ислам қағидаларын жетік білген Хасан Басри Құранның тәпсірін, Мекке қаласының қасиеті жайында «Китаб әл-халас» атты трактат жазады. Сопылық жолда көптеген шәкірт тәрбиелейді. Ең атақты шәкірттерінің бірі – Исмаил Адауи Әлғисаның қызы Рабаи. Хасан Басри мен Рабаи туралы аңыз-әңгімелер сопылар арасында кең тараған. Әрбір сопы Хасан Басриді өзіне ұстаз санаған.

**Мансұр Халлаж** – толық аты-жөні Хусейн бин Мансұр Халлаж. Атақты Зүнүн Мысридің шәкірті. Алламен бір болу дәрежесіне жеткен танымал сопылардың бірі. Ол өзінің рухани жағынан Алламен қауышқанын «Әнә әл-Хаққ» деген сөзбен жеткізген. «Хаққ» – Алла тағаланың тоқсан тоғыз ұлы есімінің бірі. Мағынасы – «шындық, ақиқат». Демек, Мансұр Халлаж «Мен шындыққа, ақиқатқа жеттім» десе керек. Оны түсінбеген халық «өзін құдаймен теңестірді» деп М.Халлажды дарға асқан.

*А. Әлібекұлы*

## АХМЕТ ЙҮГНЕКИ. АҚИҚАТ СЫЙЫ

Түркі халықтарының мәдени тарихында Қарахан мемлекеті елеулі орын алады. Тарихшылардың жобалауынша, бұл мемлекет 932–1165 жылдардың аралығында өмір сүрген. Оған Шығыс Түркістанның бір бөлігі, Жетісу, Шаш, Ферғана қараған. X ғасырдың аяғында қараханидтер Бұхара мен Самарқандты жаулап алады. Сөйтіп, бұларға ежелгі Соғды аумағы түгелдей бағынышты болады. Мәдени орталықтар шоғырланған екі өзен аралығы – Мавераннахрға билік жүргізеді.

Қарахан мемлекеті халқының этникалық құрамы әр түрлі болған. Қоғамдық, саяси-әлеуметтік өмірде қарлұқ, чығыл, арғу, яғма тайпалары айрықша роль атқарған.

Мемлекетті хандардың ханы – Тамғачхан басқарған. Оған бағынышты өлкелер мен облыстардың билеушілері илек-хан деп аталған. Тарихта мемлекеттің негізін салушылар қараханидтер әулеті болып есептеледі. Бұл атауды ғылыми термин ретінде әдебиетке орыстың белгілі шығыс зерттеушісі, профессор В.В.Григорьев енгізген. Қара-хан – осы мемлекетті билеген алғашқы хандардың бірі.

Бүкіл елдің бір орталықтан басқаратын белгілі бір билеушісі болғанымен, жергілікті жерде анархия, бытыраңқылық күшті болған. Соған қарамастан, мәдениет пен әдебиеттің өсуіне қолайлы жағдай жасалған. Қараханид мемлекетінің ірі орталықтары – Қашғар, Баласағұн, Үзген қалаларында ірі архитектуралық құрылыстар, әр түрлі мәдени орталықтар пайда болған. Оларға ірі ғалымдар, оқымыстылар, жазушы, ақындар шоғырланған. Көрші елдердің тілдерінен (мысалы: монғол, қытай т.б.) түркі тілдеріне діни шығармалар, әр түрлі мазмұндағы әдебиеттер аударылған.

Бұл дәуірден біздің заманымызға келіп жеткен ірі ескерткіш – «Құтадғу біліг» («Бақытқа бастайтын білім»). Дидактикалық сарындағы бұл әдеби шығарманы Жүсіп Баласағұни 1069–1070 жылдары жазып шығып, сол кездегі тамғаш-хан Бұғра Ханға тарту еткен.

Ғылыми маңызы жағынан теңдесі жоқ екінші бір туынды – Махмұт Қашқаридің «Дивану луғат ит-турк» («Түркі тілдерінің сөздігі») атты еңбегі. «Құтадғу білігке» ілешала 1072–1074 жылдары жазылған бұл ескерткіште сол кездегі түркі халықтарының тілі туралы үлкен лингвистикалық мағлұмат берілген.

Қараханид дәуіріне қатысты қарастырылып жүрген үшінші әдеби ескерткіш – Ахмет Йүгнекидің «Һибат-ул хақайик» («Ақиқат сыйы») атты дастаны. Зерттеушілердің жобалауынша, XII ғасырдың аяғы – XIII ғасырдың бас кезінде жазылған. Осы соңғы ескерткіш еңбегімізге арқау болып отыр.

«Һибат-ул хақайик» мораль, этика, адамгершілік тақырыбына арналған. Негізгі мақсаты – ақыл-кеңес беру, үгіт-насихат айту. Шығарма авторы бұрыннан келе жатқан үлгілі, өнегелі сөздерді мысалға келтіре отырып, өзінің қорытындыларын, тұжырымдарын айтады. Бұл әдеби мұраның сыртқы құрылысы мынадай: сол кездегі қабылданған әдеби дәстүр бойынша әуелі жаратушы Алла дәріптелген; Мұхаммед пайғамбар мен оның төрт досына мақтау сөз айтылған. Одан кейін автор өзінің кітабын Тат Испаһсалар Бектің есімін тарихта мәңгі қалдыру мақсатымен жазғандығына тоқтала келіп, оның жақсы жақтарын санамалап берген.

Кітаптың негізгі бөлігінде мына мәселелер сөз болады: білімділіктің пайдасы, надандықтың зияны дәлелденеді, аузына келгенін сөйлей салған кісінің көп опық жейтінін, аузын баққанның жөн екенін, өтірік пен шынның қандай айырмасы бар екенін түсіндіреді; бұл дүниенің опасыздығы, тұрақсыздығы, баянсыздығы әңгімеленеді; сараңдықтан сақтандырып, жомарттыққа үндейді; тәкаппарлық пен кішіпейілділіктің сырын ашып береді; дүниеқоңыз, ашкөз адамдардың жиіркенішті қылықтарын баяндап, одан аулақ болуға шақырады; адамгершілік, адалдық, қарапайымдылық сияқты қасиеттерді бойға сіңіруді үгіттейді; ең соңында қоғамдық өмірдің бұзылғандығына

кынжылғандық білдіреді; ақын үлгі-өнеге, ақыл-кеңеске толы кітабының аяқталғанын айта келіп, өзінің көзінің өз екендігін, артында атын қалдыру үшін түркі тілінде осы кітапты жазғандығын ескертеді.

Кітаптың соңына белгісіз ақын мен әмір Сейфадиннің төрт-төрт жолдан сегіз жолдық өлеңі, XV ғасырдағы Батыс Түркістан билеушілерінің бірі – Арслан Хожа Тарханның атынан жиырма жолдық өлең тіркелген. Бұларда ақын Ахмет Йүгнеки туралы азын-аулақ мағлұмат айтылады.

Ғылымға «Һибат-ул хақайықтың» алты нұсқасы белгілі.

Бірінші нұсқа (А) Стамбул қаласындағы Айа-София кітапханасында 4012 номермен сақталуы. Мұны Самарқандта белгілі каллиграф Зейнул-Абидин бин Султан Бахт Джурджаний Хусейни 1444 жылы ұйғыр жазуымен көшірген. Бұл көшірме ескерткіштің біздің заманымызға келіп жеткен нұсқаларының ең ескісі болып есептеледі.

Сырты былғарымен қапталып, өз алдына жекеше кітапша болып түптелген. Өте сапалы қағазға жан-жағы әшекейленіп, ұқыпты көшірілген. Тақырыптары, мысалға келтірілген аят, хадис, бәйіттер араб тілінде араб жазуымен берілген. Көшірменің бір беті жоғалған.

Екінші нұсқа (В) да Стамбул қаласындағы Айа-София кітапханасында 4757 номермен сақталады. Мұны аталған қалада Шейхзада Абдур-Раззак бахши 1480 жылы көшірген. Үлкен бір жинақтың бас жағына түптелген. Сыртқы құрылысы А нұсқасына ұқсайды, бірақ ұйғыр жазуы жолма-жол араб жазуымен транскрипцияланған. Соңында екі жол бәйіт қалдырып кеткені болмаса, ең толық нұсқа.

Үшінші нұсқа (С) бірыңғай араб жазуымен көшірілген. (Біз осы нұсқаны жариялап отырмыз.) Бұл да Стамбулдың Топ-Қапы сарайындағы кітапханада 35552 номермен бір жинақтың арасында сақталады. Қашан, қай жерде, кім көшіргені белгісіз. Бұл нұсқада не бары 18 жол бәйіт қалып кеткен. Ғалымдардың жобалауынша, XIV ғасырдың аяғында яки XV ғасырдың басында көшірілген.

Төртінші нұсқа (Д) Узункөпрү де Сейіт Али деген кісінің жеке кітапханасынан табылып, Анкара кітапханасына табыс етілген. Бірақ кейіннен жоғалып кеткен. Бұл нұсқа жайында жекелеген зерттеушілердің бірен-саран мақаласы ғана бар.

Бесінші нұсқа (Е) Анкарадағы Маариф кітапханасынан табылған. Араттың айтуына қарағанда, бұл нұсқаның төрт-ақ беті сақталып, өзгесі жоғалып кеткен. Мұнда белгілі бір жүйелілік байқалмайды, ұйғыр әліппесінің ара-арасына «Һибат-ул хақайықтан» үзінділер келтірілген.

Алтыншы нұсқа (Ф) Берлиндегі Пруссия Ғылым академиясында Т.І.ТМ 287 шифрмен ұйғырша жазбалар арасында сақталған бір-ақ парақ қағаз. Үзінді ұйғыр жазуымен көшірілген.

Бұлардың ішінде алғашқы үш нұсқаның ғылыми құндылығы жоғары.

«Һибат-ул хақайық» түрколог ғалымдар тарапынан едәуір дәрежеде зерттелген. Бұл ескерткішті ғылым дүниесіне бірінші рет танытқан түрік ғалымы Неджип Асым. Бұдан кейін оған М.Көпрүлү, В.Радлов, Т.Ковальский, Й.Дени ерекше көңіл бөліп, Қараханид дәуірінің аса бағалы мұрасы ретінде бірнеше ғылыми мақалалар жазған.

Ахмет Йүгнекидің аталған дастанының зерттелу барысында түрік ғалымы Рашид Рахмати Араттың еңбегі өте зор. Ол біз жоғарыда санамалап өткен нұсқалардың кітапханаларда сақталған текстерінің суретке түсірілген көшірмесін (факсимелесін) тұтасынан жинақтап, кітабының соңына қосымша ретінде берген<sup>1</sup>. Сөйтіп, кейінгі зерттеушілер ескерткіштер үшін өте игі іс атқарған. Ескерткіштің түрікше аудармасын, транскрипциясын, сөздігін жасаған. Өзінен бұрынғы зерттеушілердің пікірін

<sup>1</sup> Араттың аталған кітабының 2–3-беттері.

жинақтап, өз топшылаушыларын айтқан, лексикалық, грамматикалық ерекшеліктерін сөз еткен.

Р. Арат қозғаған басты мәселелер мыналар. Ең алдымен Ахмет Йүгнекидің дастанының атын А нұсқасына сүйеніп «Атевет-ул хақайик» («Ақиқат қақпасы») деп есептейді. Ақын өз шығармасын арнаған Тат Испансалар Бек кім еді деген сұраққа жауап іздеп, оны Шығыс Түркістан емес, Батыс Түркістандағы әмірлердің бірі деп табады.

Р.Араттың бұл пікірі шындыққа жуықтайды. А нұсқасында аталмыш әмір туралы мынадай мағлұмат бар: «Амири л-азам малики т-турки ва л-ажам малики рикаби л-умам Мухаммад Дад Испансалар Бек» (Биік мәртебелі әмір, түркілер мен парсылардың билеушісі, дәулеті халыққа белгілі Мухаммед Дад Испансалар Бек). Парсылар, парсы тектес Орта Азия халықтары «ажам» деп аталған. (Шығыс Түркістанда парсы тектес халықтардың тұрмайтыны белгілі.) Сондықтан Р.Араттың жоғарыдағы пікіріне қосыламыз. «Йүгінек» сөзінің жіңішке айтылатынын ескерсек, тілдік тұрғыдан Қазақстанның оңтүстігіндегі ежелгі Жүйнек елді мекенінің дәл осы атау екендігіне күмәндануға болмайды.

XV ғасырдың бас кезінде Орта Азиядағы белді әмірлердің бірі болған Арслан Хожа Тархан Ахмет Йүгнекидің «Ғибат-ул хақайик» атты дастанының өз заманына келіп жеткен көшірмелерін мұқият салыстырып, түпнұсқасына мүмкіндігінше жақындатырып, қайта көшіртеді. Бұл әмірдің де қай жерді билегені белгісіз. Р. Арат тарихи мәліметтерге сүйеніп, Түркістан (Яса) шаһарының солтүстік-батысындағы Сауран қаласын билеген деп жорамал жасайды.

Бұл жерде дастанның соңына тіркелген өзге ақындардың өлеңдері туралы пікірімізді айта кетелік. Жоғарыда атап өткен аты белгісіз ақынның төрт жолдық өлеңінің мазмұны мынадай:

Ақынның көзі туа көрмейтін еді,  
Бұл он төрт баппен сөзін аяқтады.  
Жүк артқан пілдің арқасында алтын болса,  
Бұл сөздің азы соған ұқсас болғай.

Келтірілген үзіндіден көрінетіндей, белгісіз ақын Ахмет Йүгнекидің замандасы болған, өйткені «ақынның көзі туа көрмейтінін» ол ашып айтады. Тұқатти бу он дөрт баб ичра сөзі (Бұл он төрт баппен сөзін аяқтады) деген сөзіне қарағанда, белгісіз ақын Ахмет Йүгнекидің дастанын алғашқы көшірушілердің бірі болған. Біздің заманымызға келіп жеткен нұсқаларда дастан он төрт бөлімге анық жіктеліп тұрған жоқ. Белгісіз ақын он төрт бап екенін атап көрсетеді.

Әмір Сейфадиннің атынан жазылған төрт жолдық өлеңде Ахмет Йүгнекидің «Ақындардың ақыны, жақсылардың жақсысы» екендігі айрықша атап көрсетілген. Бұл сөзден оның басқа да шығармалары бар екендігі және кезінде атышулы болғандығы аңғарылады.

«Арслан Хожа Тарханның айтқандарынан» деп аталатын соңғы қосымшада Адиб Ахметтің туған жері Йүгнеки екендігі, әкесінің аты-жөні Махмуд Йүгнеки, кітабының аты «Ғибат-ул хақайик» екендігі айтылады. Дастанның кашқар тілінде әдеби нормада жазылғандығы ескертіледі. Көп елдерде ақынның айтқандары түсінбестіктен бұрмаланатыны атап өтіледі.

Сөйтіп, біздің заманымызға Ахмет Йүгнекидің өз дәуірінде жасалған бірде-бір көшірме келіп жетпеген. Жоғарыда аталған нұсқалардың барлығы Арслан Хожа Тархан редакциялаған варианттың көшірмелері. Бұдан мынадай қорытынды жасауға болады: қайтадан редакцияланғанда XV ғасырдағы шағатай тілінің элементтері ескерткішке еніп кеткен. Одан кейінгі көшірмешілер де өз тарапынан азын-аулақ «өзгерістер» енгізген. Мұны алдын ала текстологиялық зерттеулер жүргізгенімізде

анықтадық. Міне, осыдан келіп «Ғибат-ул хақайықта» кейінгі заманның тіл элементтері араласқан. Бірқатар зерттеушілердің бұл ескерткішті қараханид әдебиеті мен шағатай әдебиетінің аралығында көпірлік қызмет атқарады<sup>2</sup> деп есептеуіне де көшірмешілердің осы редакциялық өзгертулері негіз болса керек. Біздің ойымызша, бұл пікір әлде де анықтай түсуді қажет етеді.

Р.Арат өзге ғалымдардың пікіріне қосылып, ескерткіш XII ғасырдың аяғы немесе XIII ғасырдың басында дүниеге келген деп есептейді. Ал С.Е.Малов шамамен X ғасырда жазылған болуы керек деп жорамалдайды. «Ғибат-ул хақайықта» араб пен парсы элементтері, сөз орамдары «Құтадғу білікке» қарағанда көбірек. Яғни бұл XI ғасырдан кейін болған құбылыс. Егер біз «Ғибат-ул хақайықты» XIII–XIV ғасыр ескерткіштерімен салыстырсақ, керісінше, онда араб және парсы элементтері әлдеқайда аз екенін байқаймыз. Оның үстіне «Ғибат-ул хақайықтағы» біраз архаизмдік ерекшеліктер XIII–XIV ғасыр ескерткіштері түгіл, XI ғасырда жазылған “Құтадғу білігі” пен “Дивану луғат ит-туркте” де кездеспейді. Бұл фактілер ескерткіштің жазылу кезеңі ілгеріде деп айтуымызға мүмкіндік береді.

Мына бір фактіні де ескерген жөн. Ахмет Йүгнеки өзінің дастанында қоғамдық өмірдің аза бастағанын, діннің бұзылғанын қынжыла баяндайды. Бұл Қараханид мемлекетінің ыдырап, бытыраңқылыққа ұшырап, қара кидандарға бағынатын кезеңінің алды емес пе екен? Азған елді басып алу оңай. Қара кидандар 1137–1216 жылдардың аралығында Орта және Орталық Азияға, оның ішінде қараханидтерге толық билік жүргізген.

Егер жоғарыда келтірілген пікірлер дұрыс болса, «Ғибат-ул хақайық» XII ғасырдың аяғында емес, тіпті бас кезінде жазылуы мүмкін.

«Ғибат-ул хақайыққа» кеңес ғалымдары да назар аударған. Е.Э.Бертельс, С.Е.Малов, Э.Н.Наджиб, Ә.Құрышжанов аталған ескерткіштен азын-аулақ үзінділер жариялап, біршама мағлұмат берген, зерттелу барысын сипаттап жазған.

«Ғибат-ул хақайықпен» арнайы шұғылданған өзбек ғалымы Қ.Махмудов. Ол осы ескерткіштің материалдары негізінде кандидаттық диссертация қорғады<sup>3</sup>. Қ.Махмудовтың бұл еңбегінде ескерткіштің фонетикасына, морфологиясына сипаттама берілген. Текст араб жазуымен транслитерацияланған және өзбекше аудармасы жасалған.

А.М.Щербак Шығыс Түркістанның X–XIII ғасырлардағы жазба мұраларының тілі жөнінде грамматикалық очерк жазған. Мұнда өте құнды ғылыми пікірлер айтылып, келелі тұжырымдар келтіріледі. Жүйелі болмағанымен, «Ғибат-ул хақайыққа» да қатысты жерлер баршылық.

Ескерткіштің қысқаша зерттелу тарихы, міне, осындай. Алайда шешілмеген мәселелер әлі көп. Ескерткіштің диалектілік негізін атап айтқанда, қай тайпа тілінде деп есептеуге болады және оның қандай ғылыми дәлелі бар? Өз тұсындағы, бұрынғы, кейінгі ескерткіштермен ара қатысы қандай? Көшірмешілер енгізген өзгерістерді анықтауға бола ма? Ескерткіш жазылған дәуірдегі ауызекі тіл мен әдеби тілдің айырмашылығын қаншалықты дәрежеде дәлелдеуге болады? Ескерткішке қазіргі тілдердің қатысы қандай? Жанама қатысы бар түркі тілдері мен тікелей қатысы бар мұрагер тілдердің ескерткіш тілінен айырмашылығын қалай түсіндіруге болады?

Міне, осы сияқты толып жатқан проблемалардың басы ашық тұр. Сондықтан ескерткіш одан әрі зерттеуді қажет етеді.

Ғылыми көпшіліктің қажетіне жарау үшін ең алдымен жазба ескерткіш жариялану қажет. Түркологияның осы бір маңызды саласы бойынша Қазақстанда істелген жұмыс

<sup>2</sup> Бұл пікірді бірінші рет Е.Бертельс айтқан.

<sup>3</sup> Махмудов Қ. Ахмад Югнакийнининг «Хибатул хақайық» асари хакида. Ташкент, 1972.

жоқтың қасы. Әрине, біз бұл жерде ескерткіштер туралы монографиялық зерттеулерді сөз етіп отырғанымыз жоқ.

Ахмет Йүгнекидің аталған дастанын ғылыми жұртшылыққа танытқан ғалымдардың есімін атап өттік. Олардың ішінде бұл ескерткішпен арнайы шұғылданғандар – Н.Асым, Р.Арат және Қ.Махмудов.

Неджиб Асымның «Ғибат-ул хақайықты» бірінші танытушы ретінде ғылыми еңбегі өте зор. Алайда оның зерттеулерінде елеулі кемшіліктер мен олқылықтар болғанын түрколог ғалымдар бір ауыздан ескертеді. Мысалы, А.Н.Наджиб былай деп жазады: «Издание Неджипа Асыма снабжено соответствующим научным аппаратом-словарем и грамматическим очерком, но оно не лишено недостатков научного и технического порядка. Допущенные в нем ошибки объясняются в основном тем, что издание этого списка было осуществлено тогда, когда другие списки оставались неизвестными».

Түркияда Р.Араттың Кеңес Одағында Қ.Махмудовтың «Ғибат-ул хақайыққа» қайта оралуы да осы себептен. Енді біздің еңбегіміздің аты аталған зерттеушілеріміздің еңбегінен қандай өзгешелігі бар екендігіне жауап берелік.

Бір ескерткіштің бір нұсқасымен екінші нұсқасының арасында көп болсын, аз болсын бірқатар айырмашылық болатыны ғылыми жұртшылыққа белгілі. Осы себептен де тарихи жазба ескерткіштердің әр түрлі нұсқалары бірнеше зерттеушінің назарына ілігіп жүр. Мысалға Хорезмидің «Махаббат намасының» ұйғыр жазуымен көшірілген нұсқасын А.М.Щербак зерттесе, араб жазуымен көшірілген нұсқасын А.Н.Наджиб зерттеген.

Осы тұрғыдан келгенде «Ғибат-ул хақайықтың» С нұсқасы бірінші рет ғылыми аппаратпен жабдықталып отыр. Р.Арат – А нұсқасын, Н.Асым мен Қ.Махмудов В нұсқасын басшылыққа алған. Ескерткіштерді тарихи-салыстырмалы әдіспен зерттеу үшін, әсіресе оларды өзара текстологиялық жағынан салыстыру үшін барлық нұсқалардың жариялануы абзал.

Р.Арат А нұсқасын транскрипциялағанда ғылыми принцип ұстанбаған. Осылай болуы ықтимал деген жорамалмен А, В, С нұсқаларының үшеуінде де кездеспейтін сөздерді, фонетикалық, грамматикалық өзгешеліктерді (яғни өз жанынан шығарған элементтерді) транскрипциялаған текстісіне енгізіп жіберген. Оның үстіне А нұсқасында жоқ, бірақ В, С нұсқасында бар сөздерді, тіпті толық текстерді ешқандай сілтеме жасамай қоса салған. Осыдан келіп бұл транскрипция тексті бірде-бір нұсқаға сәйкес келмей қалған. Мұның басқа зерттеушілер үшін әдістемелік зияны үлкен. Сондықтан біз дүние жүзіне белгілі, көрнекті ғалымдардың принципін ұстанып, текстке ешқандай өзгерту енгізгеніміз жоқ. Түпнұсқа қалай болса, солай транскрипцияланды.

Р.Арат ескерткіштің түрікше сөздігін жасаған. Алайда әр сөз сөзбе-сөз аударылған да, ескерткіштен мысал-текст – иллюстрация келтірілмеген. Сөздің сан алуан мағыналары, реңктері болатыны белгілі. Бұл сөздік бойынша оны айыру мүмкін емес.

Ал Қ.Махмудов өзі сөздік жасамаған, Н.Асымның сөздігін өзбек тіліне аударып бере салған. Ал Н.Асымның сөздігінде лайықсыз көп сөздер қалып кеткен, сандаған сөздердің мағынасы ашылмаған.

Осы жоғарыдағы кемшіліктерге байланысты «Ғибат-ул хақайықтың» толық сөздігін жасауды қажет деп таптық.

Ескі қыпшақ тілінің, қала берді қазақ тілінің «Ғибат-ул хақайыққа» тікелей болмағанымен, жанама қатысы бар. Қазақ тілі мен ескерткіш тіліндегі айырмашылықты ғылыми түсіндіру үшін ең алдымен сол өзгешеліктердің өзін тізіп көрсету керек. Қазіргі қазақ тілі тұрғысынан С нұсқасындағы басты-басты айырмашылықтарды фонетикалық, морфологиялық және семантикалық жағынан сипаттадық.

Тарихи жазба ескерткіштерді тарихи-салыстырмалы, тіл білімінің тағы басқа жұрт

таныған әдістерімен түбегейлі әрі терең зерттеу үшін қол байлап жүрген үлкен себеп бар. Ол – ескерткіштердегі сөздердің, сөз орамдарының, грамматикалық формалардың, сондай-ақ сөз қолданыстарының жиілігін көрсететін жүйелі көрсеткіштердің (индекстің) жоқтығы. Мысалға ізденуші бір ескерткіштің септік категориясын зерттеп жүр делік. Ол өзінің зерттеген ескерткішінен өзге ескерткіштердегі бұл категорияның жай-күйін толық, өз дәрежесінде біле алмайды. Өйткені түп нұсқадан барлығын іздеп табу мүмкін емес. Егер барлық ескерткіштің жүйелі индексі болса, салыстыру мүлдем оңайға түседі. Сондықтан іздеген лексикалық, фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік элементтерді тезірек алу үшін «Ғибат-ул хақайықтың» өзіміз ойлап тапқан, әдеттегіден өзгеше жиілік көрсеткіштерін (индексациясын) ұсынып отырмыз. Мұның қаншалықты қолайлылығын кейінгі зерттеушілер айтады деген сенімдеміз.

Ескерткіште қай диалектінің элементтері көбірек қолданылады? Қайсы сөз пассив, қайсы сөз актив? Сөздердің тіркесу қабілеттілігі қандай? Жүйелі жасалған көрсеткіш (индекс), міне, осы сияқты сан алуан мәселелерді шешу үшін анықтағыш (справочник) қызметін атқарады.

Қорытындыда бұл басылымның барлық түрколог зерттеушілер мен ізденушілер, қазақ тілі мамандары үшін, әсіресе тарихи ескерткіштерді жаңадан үйренушілер үшін ерекше практикалық маңызы бар екендігін атап көрсеткіміз келеді.

Кітапқа С нұсқасының суретке түсірілген көшірмесі (факсимилесі) және филология ғылымының докторы Ә.Құрышжановтың поэтикалық көркем аудармасы «Ахмед Йүгнеки. Ақиқат сыйы» (Алматы, 1985) беріліп отыр.

*Б. Сағындықұлы*

## “ДАНАЛЫҚ КІТАБЫНЫҢ” СӨЗДІГІ

### А

- Абад** (п.) – елді мекен, бай, берекелі, көгалды, думанды жер.
- Ахкар** (а.) – ұшқын, жалын, алау.
- Адһам** (п.) – қара, қара түс. “*Адһам болуб иер астиға кирдим мана*”. Адһам (адам аты).
- Арра** (п.) – ара (ағаш кесетін құрал, аспап), ара (жәндік). Мәтінде берілу, өзін-өзі ұмыту, яғни есінен танғанша жалбарыну мағынасында қолданылған.
- Ариғ** (т.) – таза, пәк. Арық, канал, бұлақ, бастау. “Ариғ зат” – таза зат, асыл тек.
- Азар** (п.) – жәбірлеу, қинау, ренжіту, көңілін қалдыру.
- Астана** (п.) – сарай (патша сарайы). Есік, қақпа. Астана, орталық, Қасиетті қабір (мола), құлшылық ететін орын. “*Астанасын иастанибан изин өттим*”.
- Асрар** (а.) – сыр, құпия, жасырын.
- Асайиш** (п.) – тынығу, дем алу, тыныштық.
- Азма** (а.) – соқыр, көр соқыр.
- Афақ** (п.) – әлем, жер жүзі, жарық дүние.
- Афсана** (п.) – аңыз, әңгіме, миф, фантазия.
- Афсус** (п.) – өкініш, өкіну, тәубеге келу.
- Аят** (а.) – нышан, белгі, таңба, құбылыс, көрініс, керемет, ғажайып. Құран сүрелеріндегі белгілі бір ойды, мағынаны білдіретін қысқа қайырымды сөздер (сөйлемдер) аят деп аталады. Аяттар сондай-ақ мәлім оқиғаның мазмұнын баяндайтын қисса-хикая болып та кетеді. Құранда 114 сүре, 6236 аят бар.
- Азаһ** (п.) – ескерту, ескертіп қою, күні бұрын хабарлау.
- Аһанат** (п.) – қорлау, кемсіту.

### Ә

- Әжір** (а.) – құн, ақы, ақы төлеу, сыйлық беру.
- Әзәл** (а.) – алғаш, әу баста, бастан, ежелден, әзел.
- Әләм** (а.) – ауру, дерт, қамығу, қапа, реніш, күйініш.
- Әлуидаз** (а.) – қоштасу, айырылысу.
- Әһл** (а.) – ел-жұрт, қауым. Мысалы: “Әһли дүние” – дүниенің қызығына берілгендер, “Әһли ғұқба” – о дүниені мойындап, өмірін жалбарынумен өткізіп, күнә істеуден тыйылған адамдар, “Әһли Илаһ” – Хақ жолына біржолата түскен адамдар, “Әһли Исраил” – Исраил қауымы, жөйттер.

### Б

- Баб** (а.) – есік, тарау, бөлім. Орта Азиядан аты шыққан бір топ дәруіштерге берілген атак.
- Бахайа** (п.) – қарапайым, сыпайы, әдепті, ұяты бар адам.
- Баран** (п.) – жаңбыр, нөсер, сел, тасқын.
- Барат** (п.) – мақтау қағазы, куәлік, құжат. “*Хат барат қолға алған ол азадим*”.
- Барғаһ** (п.) – құзыр, патшалық атак.
- Баз** (п.) – жаңадан, қайтадан, тағы, және, тағы да.
- Батыл** (а.) – өтірік, жалған, бос, пайдасыз, қате.
- Бағс** (а.) – себеп, сылтау.
- Батын** (а.) – іші, ішкі дүние, көңіл, сыр, жасырын.
- Бәд** (п.) – жаман, әдепсіз, мейрімсіз, қас, өш.
- Бәдқардар** (л.) – жаман, жаман мінез, нашар адам.



**Бурақ** (п.) – өткір, жүйрік. Пырақ. Ислам сенімі бойынша Мұхаммед пайғамбарды ғарышқа алып ұшқан атты осылай атаған.

**Бриан** (п.) – күйө, жану, өргену.

**Бараһна** (п.) – жалаңаш, тыр жалаңаш, тақыр.

**Базраг** (п.) – үлкен, ұлы, ұлылар, ұлы адамдар.

**Баһра** (п.) – несібе, үлесі, кіріс, пайда.

**Бижа** (п.) – орынсыз, қисынсыз, мағынасыз, әдепсіз, ұят.

**Бичун** (п.) – теңдесе алмайтын, теңдесі жоқ, тамаша.

**Бихад** (п.) – шексіз.

**Бихуд** (п.) – жігерсіз, жасық, ессіз, зая, босқа, текке.

**Бидар** (п.) – ұйықтай алмау, көз ілмеу.

**Бидәрд** (п.) – аурусыз, шалағай, аңқау, бейқам.

**Бидәм** (п.) – алаңсыз, қамсыз болу. “*Бидәм болуб иер астига кирдим мана*”.

**Бимар** (п.) – ауру, сырқат, денсаулығы нашар адам.

**Бина** (а.) – көзі өткір, көреген адам. “*Латиф айтса бирур дида-и бина-и Мухаммад*”.

**Бинауа** (п.) – жарлы, кедей, қайыршы, мүсәпір.

**Буниад** (а.) – негіз, тірек, басы, басталуы.

## Г

**Гаһи** (п.) – кей кезде, кейбір уақытта, анда-санда.

**Газар** (п.) – өту, жүру, асу, өткел. “*Әлуидаг диб бу галамдин газар қилди*”.

**Гада** (п.) – кедей, қайыршы, тіленші.

**Гираһ** (п.) – түйін, тізбек, қиын, қиыншылық.

**Галим** (п.) – кілем, палас, төсеніш.

**Гриан** (п.) – жылау, еңіреу, көз жасын бұлау.

**Гумраһ** (п.) – алжасқан, адасқан, бұзылған, азған.

**Гуиа** (п.) – сияқты, секілді, ұқсас.

**Гиаһ** (п.) – шөп, өсімдік, қияқ.

## Ғ

**Ғажиз** (а.) – әлсіз, күшсіз.

**Ғарат** (а.) – тонау, талау, тартып алу.

**Ғарасат** (а.) – мұсылман сенімі бойынша ол дүниеде адамдарды жинайтын орын, сот алаңы.

**Ғарш** (а.) – аспан, ғарыш, тақ, патша тағы.

**Ғариф** (а.) – білгір, дана, данышпан, мағлұматы мол адам.

**Ғариб** (а.) – мүсәпір, бишара, сорлы, қарып, бөгде, жат.

**Ғаза** (а.) – тағам, дәм, азық.

**Ғаси** (а.) – күнәкар, күнәлі, бағынбайтын, бас имейтін, асылық қылушы.

**Ғата** (а.) – сый, сыйлық.

**Ғаффар** (а.) – кешіруші. Алланың 99 сипатының бірі.

**Ғафил** (а.) – надан, қараңғы, ештеңеден хабары жоқ.

**Ғафлат** (а.) – надандық, қараңғылық, сауатсыз, ынтасыздық.

**Ғақибат** (а.) – соңы, ақыры, істің соңы, нәтижесі, зардабы.

**Ғалам** (а.) – әлем, жер жүзі, дүние жүзі.

**Ғалайқ** (а.) – байланыс, қарым-қатынас қатыстылық, мүдделі, қызығу, құштар болу.

**Ғалим** (а.) – ғалым, оқымысты, білімді, ғұлама.

**Ғалиин** (а.) – ұжмақ, бейіш. “*Рухин алиб галиинга киргуздилар*”.

**Ғам** (а.) – қам, қайғы, уайым, қасірет, қапа, реніш.

**Ғамм** (а.) – жай, қарапайым, көпшілік халық. “*Дана қилур һәм хас қилур көб гаммларни*”.

**Ғаммама** (а.) – сәлде.  
**Ғамнак** (п.) – қайғы, дерт.  
**Ғамкин** (п.) – қайғылы, дертті.  
**Ғаним** (п.) – қас, жау, қарсы болу, олжа, үлес. “*Хақни айтқан дарушиларға ғаним болди*”.  
**Ғаууас** (а.) – сүңгір, су түбінде жұмыс істейтін адамдар. “*Махаббатни дариясида ғаууас болуб*”.  
**Ғаус** (а.) – жәрдем, жәрдемші.  
**Ғауға** (п.) – айғай-ұйғай, талас-тартыс, шу көтеру.  
**Ғайан** (а.) – анық, айқын, аян.  
**Ғайн** (а.) – көз, көзі; істің мәні, маңызы; бұлақ, негізі.  
**Ғурбат** (а.) – кезбе, бөгде, жат, бөтен.  
**Ғурқаб** (п.) – түпсіз, терең, тұңғыық; пәлекет. “*Ғурқаб болуб ғысиян ичра қалдим мана*”.  
**Ғузур** (а.) – сылтау, себеп, үзір.  
**Ғұқаб** (а.) – қауіп-қатер, дағдарыс; бір істің ауыр зардабы, нәтижесі, ауыртпалығы. “*Тариқатни иолларини ғұқабасы көб*”.  
**Ғұқба** (а.) – о дүние, қиямет күні; жаза. “*Дуния ғұқба харам қилиб тифтим*”.  
**Ғулам** (а.) – құлдар, қызметшілер. Мұсылман сенімі бойынша жаннатта қызмет ететін ер нөкерлер.  
**Ғулғұл** (п.) – айғай, шу; абыржу, әбігер болу; сыбыр-күбір, іштен сөйлеу.  
**Ғриан** (п.) – жалаңаш, тыр жалаңаш, ашылған, ашық, бүркенішсіз.  
**Ғиззат** (а.) – күш, күдірет; ізет, құрмет.  
**Ғиш** (а.) – рақат өмір, көңілді тұрмыс.  
**Ғишират** (а.) – ләззат, рақат, көңілді, қуанышты. “*Ғиш уа ғишират*” – сауық-сайран құрып, рақат өмір кешу.  
**Ғиас** (а.) – жәрдем етушілер, көмек берушілер.  
**Ғысиан** (а.) – бүлік, буырқану; қорқыныш, үрей.  
**Ғылман** (а.) – құл, малай; қызметші. “Ғулам” сөзінің жекешесі. “*Хор уа ғылман*” – хор қыздары мен ер (жігіт) нөкерлер.  
**Ғиуан** (а.) – мекен-жай; атақ, дәреже.

## Д

**Да(ун)** (а.) – ауру, сырқат.  
**Дабт** (а.) – қатал, қатан, ауыр, тар; қысылтаяң, қиын-қыстау. “*Ушбу иолни дабт айлаган саруар кирак*”.  
**Дад** (п.) – әділет, туралық; өтініш, тілек; дат.  
**Дад уа фарияд** (п.) – зар жылау, зар еңіреу, өтініп жылау.  
**Дар** (п.) – қақпа, есік; дар ағашы.  
**Дараба** (а.) – ұру, соғу, қағу.  
**Дарбан** (п.) – күзетші, қарауыл.  
**Дарғаһ** (п.) – біреудің қарамағында, иелігінде болу, дәргеһі; құдайға сиыну мағынасы да бар.  
**Дастар** (п.) – сәлде, орамал.  
**Дағ** (п.) – дақ, жара, таңба.  
**Дағуа** (а.) – үгіт, насихат, жақсылыққа шақыру.  
**Дағиф** (а.) – әлсіз, қуатсыз, күші жоқ, зағип, кемтар.  
**Дайағ** (а.) – зая болу, жоғалу; бұзылу, бүліну.  
**Далал** (а.) – адасу, алжасу; жоқ болу, өлу, залал.  
**Дам** (п.) – тұзақ, тор; қақпан; айла-амал.  
**Дамади** (п.) – күйеу, күйеу бала. “*Хақ Расулни дамади динимизни буниади*”.  
**Дамин** (п.) – етек, етегі, киімнің етегі. “*Дамин кисмек*” – етегін кесу, яғни айрылысу, қол үзу мағынасында. “*Дамин кисиб ғамма аһил халайқдин*”.

**Дана** (п.) – дән, ұрық; дана, бір дана, он дана. Мәтінде көзіме көрінбеді деген мағынада қолданылған. *“Ики ғалам көзларимға хаи-хаи дана”*.  
**Дид** (п.) – көру, бақылау, шолу; көрініс; көзқарас.  
**Дида** (п.) – көз, қарашық.  
**Дидарталаб** (п. талаб – а.) – құдайдың жүзін көруге талаптану, соны іздеу. *“Сөзни айдим ғар ким болса дидар талаб”*.  
**Дилбанда** (п.) – қымбатты, сүйікті.  
**Дилазар** (п.) – көңіл қалдыру, ренжіту; мейрімсіз, рақымсыз.  
**Дур** (п.) – інжу, дүр.  
**Дурдана** (п.) – ерке, сүйкімді.  
**Дуруд** (п.) – сәлем беру, ізет ету, мадақтау; бас ию.  
**Дута** (п.) – бүгілу, иілу; бүктетілу. *“Злихадик қаддин дута қилдурғали”*.  
**Дун** (п.) – төмен, аласа, кем. *“Қул Қожа Ахмад дун ағлидин бил ирмес ол”*.  
**Дуниапараст** (п.) – дүниеқор, дүние қоңыз; дүниенің соңына түсіп құдайды ұмыту.

## Ж

**Жа** (п.) – орын, мекен; орналасу, мекендену. *“Хас гишиқын көңил ичра жа айласа”*.  
**Жаббар** (а.) – күші жетуші. Алланың 99 сипатының бірі.  
**Жар** (а.) – жар салу, айғайлау; көрші.  
**Жафи** (а.) – қағыгез, қайырымсыз, мейірімсіз. *“Ғаси жафи умматларни халин сурдим”*.  
**Жале** (п.) – жас, көз жасы; шық, қырау; нөсер.  
**Жам** (п.) – тостаған, шарап құйып ішетін ыдыс. *“Жам шарап қолға алиб тоя ичтим”*.  
**Жанан** (п.) – сүйікті.  
**Жанбаш** (п.) – қимыл, қозғалыс, әрекет.  
**Жауан** (п.) – жас, балғын; жас жігіт, бозбала; жас ағаш.  
**Жауидан** (п.) – мәңгі, дайым.  
**Жазб** (п.) – жұту, жалмау, obu. *“Жазб жунун ғаламиға бармагунча”*.  
**Жаһил** (а.) – надан, білімсіз, қараңғы; Құдайды танымайтын.  
**Жаллад** (а.) – жендет; жауыз; рақымсыз.  
**Жалалат** (а.) – даңқты, ұлы, салтанатты, құдіретті.  
**Жуда** (п.) – айырылу, бөліну, бөлектену, жеке-дара болу.  
**Журға** (а.) – жұтым, бір жұтым сусын.  
**Журум** (а.) – күнә, қылмыс.  
**Жуш** (п.) – құмар, құмарту; толқу, қобалжу; қайнап-тасу.  
**Жулан** (а.) – жүру, жай жүру; кезу, серуендеу. *“Магрифатни майданида жулан қилдим”*.  
**Жулидаму** (п.) – ұйпалақтанған шаш. *“Диуана-и жулидаму хақни табқан”*.  
**Жунун** (а.) – естен тану, естен адасу, есалаңдық, ақылсыздық.  
**Жуьуд** (а.) – жөйт, жөйт қауымы.  
**Жумла** (а.) – бәрі, барлығы, жиыны.  
**Жифа** (а.) – өлі, өлген, жансыз, жәбір-жапа, қайғы, қасірет, опасыз, зұлым. *“Расул дуниа жифа деді қодум мана”*.  
**Жилуа** (а.) – сыр-сымбат, сұлулық, көрініс.  
**Жинда** (п.) – жырттық, жамау киімдер. *“Жиндалари игинде, ғасалари илкінда”*.

## З

**Забар** (п.) – үсті, жоғары, жоғарғы бөлігі.  
**Заққум** (а.) – тозақтағы ағаш. Оның жемісін тозаққа түскендерге жегізеді екен.  
**Закир** (а.) – еске алушы, зікірші, зікір салушы; құдайды еске алушы.  
**Замзам** (а.) – зәмзәм. Меккедегі қасиетті су.

**Зауал** (а.) – жоғалу, өлу; зауал, бату.  
**Занид** (а.) – дуана, дүниеден безген адам; дәруіш.  
**Занир** (а.) – ашық, анық, айқын, көрініс, сырт көрінісі. “*Занир софи батин ичра ирмес садық*”.  
**Занар** (а.) – у; ашу-ыза.  
**Зайл** (а.) – біту, таусылу, құрып кету, жойылу, жоғалу.  
**Зулф** (а.) – бұйра, бұйра шаш.  
**Зуьд** (а.) – безу, дүниеден безу, тәркі дүние, дүниені тәркі ету.  
**Зиньар** (а.) – әсте, ешқашанда, түбегейлі, мүлде. “*Аруахидин медет тилаб оқуң зиньар*”.  
**Зиад** (а.) – көп, артық.  
**Зир** (п.) – асты, төмен, төменгі бөлігі. “*Зир уа забар*” – сөзбе-сөз мағынасы: асты және үсті. Мәтінде бұл сөз нәпсіге қаратылған, нәпсінің асты-үстіне келуі, яғни тыйылуы мағынасында. “*Қаһнар игем нафсимни қил зир уа забар*”.  
**Зикр** (а.) – еске алу, еске сақтау, зікір, зікір салу. Сопылардың Алланы еске алып жалбарынуы. Зікір жүрекпен (көңіл), сөзбен және дене қимылы арқылы үш түрлі жолмен орындалады.

## И

**Иар** (п.) – жар, ғашық, сүйгені, жақын, дос.  
**Иаздан** (п.) – игілікті, Құдайдың сипаты.  
**Иақин** (а.) – шындық, шын; дәлдік, дәл, сенім. “*Хаққ-ул-иақин*” – құдай туралы шындық.  
**Иакта** (п.) – бір, жеке.  
**Ижабат** (а.) – қабылдау, қанағаттану, разы болу.  
**Иаңлиг** (п.) – сияқты, секілді. “*Шибли иаңлиг симағ уруб жандин кичтим*”.  
**Ижазат** (а.) – рұқсат, рұқсат ету; жол қою, мақұлдау.  
**Ихрақ** (а.) – жағу, өртеу.  
**Ихсан** (а.) – қайырымдылық, мейірімділік, жақсылық ету.  
**Иза** (а.) – азап; өкіну, ренжу, опық жеу.  
**Изат** (а.) – жаратушы, ие.  
**Исиз** – есіз, пайдасыз, бос. “*Исиз ғұмыр*” – босқа өткен, пайдасыз өмір. “*Исиз ғұмрим арман бирлан өтар достлар*”.  
**Ильам** (а.) – рухтану, жігерлену, шабытттану, қайраттану.  
**Ингам** (а.) – ризық, несібе, ырыс.  
**Има** (а.) – ишара, ым, тұспал.

## К

**Каһи** (п.) – сары, сарғаю; сабан түсті. “*Каһи иузи сарғайб каһи иолида ғариб*”.  
**Каһил** (а.) – жалқау, ынтасыз.  
**Каззаб** (а.) – жалған, өтірік; өтірік сөйлейтін; кәззап.  
**Када** (п.) – үй, баспана, пана.  
**Қар** (п.) – іс, жұмыс.  
**Қар** (п.) – күш, қуат, күдірет; керең, саңырау.  
**Қаррат** (а.) – қайталау, қайта-қайта, бірнеше рет.  
**Қарим** (а.) – жомарт, қолы ашық.  
**Қаркас** (а.) – аңыздағы құстың аты, тазқара.  
**Қаф** (а.) – алақан, шеңгел, уыс.  
**Қаула** – іздеу, жинау мағынасында. “*Мустафадик елни кезиб иетим қаула*”.  
**Қульфат** (а.) – зиян, зақымет; қиыншылық, қиын хал, қиын жағдай, кедергі.

**Құлбар**и – ақша салатын дорба, қалта, сөмке, қапшық. “*Өзини шейх алу*р құлбар*и холи*”.

**Камар** (п.) – белбеу, кемер белбеу.

**Камина** (п.) – кем, кемістік; ақау, жетіспеу.

**Қуна** – күнә. “*Қуна дарди кисал қилди бимар болдим*”.

**Күрси** (а.) – орын, орындық, тақ.

**Кира** (п.) – жалдау, жалға алу, кіреге алу.

**Кифаят** (а.) – ақыры, соңы, жеткілікті.

**Киһ** (п.) – өсімдік, шөп, қияқ.

## Қ

**Қабиз** (а.) – жан алушы. Жан алғыш Өзірейіл періште. “*Қабиз келиб Арслан бабам жанин алди*”.

**Қарун** (а.) – діни хикаяларда аталатын сараң бай. Қазақ ертегілеріндегі сараң байлардың образы да “Қарын бай” деп келтіріледі.

**Қаул** (а.) – сөз.

**Қаниғ** (а.) – қанағаттану, разы болу.

**Қайм** (а.) – тік тұру, намазға тұру.

**Қад** (а.) – бой, бойы.

**Қатра** (а.) – тамшы, бір тамшы су.

**Қасад** (а.) – мақсат, ниет, ой.

**Қалтақ** (т.) – әдепсіз, ұятсыз.

**Қамуғ** (т.) – дүние малы, дүние мүлкі, дүние қоңыз мағынасында. “*Қамуғ дуниа иғқанларни уаллаһ көрдим*”.

**Қурба** (а.) – туыс-туған, жақын, жақын адам.

**Қусур** (а.) – сарай, патша сарайы.

## Л

**Лә** (а.) – жоқ, емес. “*Лә-лә болдим*” – бос қалдым, құр қалдым, ештеңем жоқ. “*Нам уа нишан масих қалмади ла-ла болдим*”.

**Лаф** (п.) – мақтану, бөсу, көпірме сөз сөйлеу.

**Ламакан** (а.) – мекенсіз, үйі жоқ, орны жоқ. Алланың теңеуі.

**Лаби** (п.) – ерін, ерні.

**Лахад** (а.) – қабір, көр.

**Лахза** (а.) – қас қағым сәт, лезде, дереу, бір демде.

**Ларзан** (п.) – дірілдеу, қалтырау.

**Лашикер** (п.) – әскер, жасақ.

**Лагил** (п.) – жақұт. “*Лагил лаби жанбаи қилиб аиди муни*”.

**Лагин** (а.) – малғұн, лағнет; Алланың рақымынан мақұрым қалған.

**Лақа** (а.) – көрісу, дидарласу, кездесу, жүздесу.

**Лақа** (т.) – лақа, балықтың түрі. “*Ағзи ачуқ нафси улуқ мислу лақа*”.

**Лангар** (п.) – зәкір; Пақырларға (мүсәпірлерге) тамақ үлестіретін жер. “*Лангар токуб билин басыб яничтим мана*”.

**Лаух** (а.) – тақта, жазу жазатын тақта.

**Лаухмахфуз** – Алланың күдіретімен адамдардың болашақ тағдыры жазылған тақта. Бұл туралы Құранның 85-”әл-Буруж” сүресінің 22-аятында жазылған.

**Лутф** (а.) – ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық; несібе, нәсіп.

**Луч** (п.) – қысық, қиғаш; қыли, қыли көз.

## М

- Матам* (а.) – қайғыру, аза тұту.  
*Матаз* (а.) – зат, тауар, бұйым.  
*Махзир* (а.) – хабаршы. “*Фардус атлиг жаннатдин махзир келди*”.  
*Махшир* (а.) – адамдардың о дүниеде жиналатын орны.  
*Махрум* (а.) – құр қалу, мақұрым болу.  
*Мардан* (п.) – ер, жомарт, батыл.  
*Мадам* (а.) – әрдайым, әрқашан.  
*Марһам* (а.) – дауа, лаж, дәнекер. “*Марһам болуб чин дардликка дауа болғил*”.  
*Мағрифат* (а.) – сауаттану, ағару; ғылым, білім. Заттың әсілін, негізін білу, түсіну, тану.  
*Мағиз* (п.) – дән, ұрық; негіз; ми, ақыл.  
*Мақам* (а.) – әуен, үн, мақам; сопылардың жиналып зікір айтуы; зікір салатын орын. Мақамның сөзбе-сөз мағынасы – тік тұрған орын, жер.  
*Маниз* (а.) – шектеу, тыйым салу.  
*Мансух* (а.) – күшін жою, доғару.  
*Манзур* (а.) – мақсат, ой-арман, көздеу, көрінген зат.  
*Мананд* (п.) – көмекші сөз: сияқты, секілді, ұқсас, -дай, -дей.  
*Маламат* (а.) – айыптау, кінәлау, мін тағу, сөгу, ұрысу.  
*Малул* (а.) – көңілсіз, ренжу; қынжылу, қамығу, қайғыру.  
*Малик* (а.) – патша, патшалық; ел, әлем; періште, құдайдың нұрдан жаратқан мақлұғы.  
*Малайк* (а.) – періштелер.  
*Мәулә, мауләуи* (а.) – мәртебелі, тақсыр, мырза.  
*Мауаддат* (а.) – достық, адалдық, шын көңіл, ниет.  
*Мәйл* (а.) – бейім, бейімделу, бағытталу; тілек, ниет.  
*Мәй* (п.) – шарап.  
*Мисл* (а.) – мысалы, сияқты.  
*Мубтала* (а.) – душар болу, бір нәрсеге ұшырау, жолығу, азап шегу.  
*Мужтаһид* (а.) – ынталы, ықыласты, ыждаһатты.  
*Мухаррам* (а.) – мұсылман күнтізбесінің бірінші айы.  
*Муратуат* (а.) – қайырымды, мейірімді, жомарт; адамгершілік, адамшылық.  
*Муришид* (а.) – басшы, бастаушы, жол көрсетуші.  
*Мурдар* (а.) – өлі, өлік, өлімтік.  
*Мурид* (а.) – жолын қуушы, шәкірт, мүрит.  
*Мустажаб* (а.) – қабылданған, бекітілген, қанағаттандырылған.  
*Мушаһид* (а.) – куә, көзбен көрген, куәгер.  
*Муштак* (а.) – аңсау, құмарлық; шабыт; шөлдеген.  
*Муширик* (а.) – пұтқа, көп құдайға табынушы; Аллаға серік қосушы.  
*Муган* (п.) – отқа табынушы, отқа сыйынушы, шаман.  
*Музтар* (а.) – ауыр жағдайға тап болушы, шарасыз қалу.  
*Мугжиза* (а.) – керемет, ғажайып, таңғажайып іс.  
*Муқабил* (а.) – қарсы болу, қарсылық, қарама-қарсы.  
*Муқтада* (а.) – басшы, бастаушы, көсем.  
*Муаддаб* (а.) – тәрбиелі, сыпайы, әдепті.  
*Мумин* (а.) – ислам дініне сенуші, мұсылман.  
*Мунафиқ* (а.) – екі жүзді, опасыз, залым.  
*Мункар* (а.) – қабірде өлілерден сұрақ алатын екі періштенің біреуінің аты. Екіншісінің аты – Накир. Қазақша «Нәңкүр» деп айтылады. “Мүңкір-Нәңкүр”.  
*Муһим* (а.) – маңызды, басты мәселелер.  
*Муһлат* (а.) – уақыт, мезгіл, үзіліс, тыныстау, дем алу.

*Муиассар* (а.) – жүзеге асу, нәтижеге жету, қолға келтіру, ие болу.  
*Муи, мой* (п.) – шаш.

## Н

*НадаMAT* (а.) – өкіну, опық жеу; тәубаға келу.  
*Нағра* (а.) – өкіру, боздау, өкіріп жылау, айғайлау, бақыру.  
*Наумид, нәумид* (п.) – үмітсіз, үмітінен айырылған, түңілген.  
*Нас* (а.) – адам, кісі, халық.  
*Нажинс* (п.) – тексіз, бір текті емес, әр текті, шата.  
*Насих* (а.) – насихат, үгіт, ақыл-кеңес.  
*Назир* (а.) – бақылаушы, басқарушы.  
*Назар* (а.) – қарау, көз салу, назар аудару.  
*Нәгоһан* (п.) – кенеттен, кездейсоқ.  
*Налан* (п.) – зарлау, қақсау, еңіреу; шағыну.  
*Нале* (п.) – налу, зарлау, қақсау, жылау.  
*Нам* (п.) – аты, атағы, есімі.  
*Нам-нишан* (п.) – атақ-даңқы, абыройы.  
*Нама* (п.) – хат, шығарма, жинақ-кітап; жолдама.  
*Нәмәрд* (п.) – жігерсіз, жасық, ез, қорқақ.  
*Наср* (а.) – сөз, шешен сөз.  
*Нар* (а.) – от, тозақ оты.  
*Нарсақар* (а.) – тозақ оты, бесінші қабаттағы тозақ оты.  
*Нафас* (а.) – ауа, дем алу, дем шығару.  
*Нафс* (а.) – нәпсі, көңіл, ниет; адамның ішкі дүниесі, ой дүниесі, тілегі, арманы; құмарлығы, нәпсіқұмар.  
*Нусрат* (а.) – жеңіс, олжа, табыс, көмек, жәрдем. Алланың пенделеріне көмегі, рақымы.  
*Нияз* (п.) – сый, сыйлық, сауға; өтініш, тілек; қажет; уағда.  
*Нидә* (а.) – шақыру, жар салу, жариялау, ұран.  
*Нигмет* (а.) – рызык, ырыс, игілік, нығмет, қайырымдылық.

## У

*Уа* (а.) – және, мен, пен  
*Уашу* (п.) – ашылу, тақатылу. “*Уашуқа диб өзін билмай иурар достлар*”.  
*Уахасрата* (п.) – Уа, жалған! О, қасірет!  
*Уала, уале* (п.) – сағым, бұлдыр, бұлдырау; елес, алдамшы көрініс.  
*Уафа* (а.) – опа, сөзінде тұру, уағдасына адал болу; сенім, адалдық.  
*Уажд* (а.) – қуаныш, шаттық; тұрмыс, болмыс, бар болу.  
*Уахи* (а.) – үн, дыбыс, дауыс (Құдайдың); хабар, хабарлау, ұғындыру, көндіру; мұсылмандардың ұғымында Алла тағаланың Жебірейіл періште арқылы пайғамбарға жіберген хабарлары, жарлықтары.  
*Уахдат* (а.) – бір, жалғыз, бірден-бір, құдайдың барлығына, бірлігіне сену.  
*Уасиф* (а.) – суреттеу, сипаттау.  
*Уасыл* (а.) – байланыстырушы, жалғаушы, дәнекер, жетуші.  
*Уали* (а.) – қамқоршы, сүйеуші; жақын, туыс; қасиетті, әулие.  
*Уаһһаб* (а.) – жомарт, кең, қолы ашық. Құдайдың теңеуі.  
*Уаһм, уаһми* (а.) – күдік, үрей, қорқыныш; ой-қиял, фантазия.  
*Улфат* (а.) – дос, достық қарым-қатынас, жақын болу, ілтипатты болу.  
*Уммат* (а.) – Мұхаммед пайғамбардың жолын қуушылар, үмбет; ұлт, халық.  
*Ужуд* (а.) – болмыс, тұрмыс; бар болу.

*Уирд* (а.) – намаз оқу, дұға оқу. Құранның аяттарын қайталап оқу.

*Уиран* (п.) – ойран, ойран болған, күл-талқаны шыққан.

*Уәил* (а.) – қайғы-қасірет, өкініш, бақытсыздық.

## П

*Пай, па* (п.) – үлесі, бөлігі; серік, әріптес; аяқ, аяғы.

*Пас* (п.) – күзетші, қарауыл, бақылау, қорғау.

*Пастыммат* (п.) – уақ-түйекшіл, ұсақ-түйек, ұсақ.

*Пайе* (п.) – саты, баспалдақ; үйлесім, ұйқас, өлең құрылысының ұйқасы.

*Пайуанд* (п.) – дәнекер, байланыстырушы, бірлестіруші, туыстық қатынас.

*Парту* (п.) – нұр, сәуле, жарық.

*Паху* (п.) – қойма, қамба.

*Параст* (п.) – берілу, өте жақсы көру; бас ию, табыну; санау, есептеу.

*Паруаз* (п.) – ұшу, самғау, шарықтау, қалқу.

*Паруардигар* (п.) – жаратушы, құдай.

*Панаһ* (п.) – пана, қорған, қорғаушы.

*Панд* (п.) – ақыл-кеңес, өсиет, уағыз.

*Пайам* (п.) – хабар, хабары, хабарлау.

*Пухта* (п.) – пісіп жетілген, піскен; мықты; мамық.

*Пураб* (п.) – сулы, суы мол. Мәтінде көзі жасқа толды, көзі бұлдырады деген мағынада қолданылған.

*Пургам, пургусса* (п.) – қайғы, мұң, шер.

*Пурнам* (п.) – дымкыл, ылғал; көздің жасы.

*Пуч* (п.) – бос, бекер, құр; мәнсіз, мағынасыз, пайдасыз, нәтижесіз.

*Пуст* (п.) – қабық, сыртқы қабығы; тері, терісі.

*Пир* (п.) – қарт, ақсақал, пір.

*Пирмуған* (п.) – басшы, көсем, пір.

*Пишиһаһ* (п.) – құрметті орын, сарай, патша сарайы.

*Пикан* (п.) – үшкір, өткір; найзаның ұшы, жебе, найза.

*Пимана* (п.) – мөлшер, өлшем, шама, сұйықтық затты өлшейтін ыдыс.

*Пинһан* (п.) – оңаша, құпия, жасырын.

## Р

*Рабаб* (п.) – музыка аспабы.

*Рахил* (а.) – саяхатшы, жолаушы.

*Раһинма* (а.) – бастаушы, жол көрсетуші.

*Раһ* (п.) – жол.

*Раһа* (п.) – азат етілген, құтылған, құтқарылған.

*Раһзан* (п.) – математикалық мәндегі кию мағынасын білдіреді. Мәтінде қағида, ереже мағынасында. “*Ол мақамни иолларини раһзани бар*”.

*Раһуат* (п.) – пара, пара алу.

*Раһиф* (а.) – жолдас, дос, серік.

*Раһиф* (а.) – бәсекелес, бәсекеші, бақталас, жарыстас.

*Рағ* (п.) – тамыр, қан тамыры, қан жолдары.

*Рауан* (п.) – кеткен, бара жатқан; ағып жатқан, ағатын; жатық, бір қалыпты; рух, өмір.

*Рауи* (а.) – әдіс, амал, жол; сияқты, солай.

*Рауда* (а.) – бейіш, ұжмақ; бейіш бағы.

*Руз* (п.) – күн.

*Рузы* (п.) – нәсіп, несібе, үлес.

*Рузан* (п.) – саңылау, тесік, сәуле, нышан, үміт. “*Малайқлар тикрасида рузан қойғай*”.



**Русуа** (п.) – қадірсіз, инабатсыз, рәсуа.  
**Ру** (п.) – бет, жүз, адамның жүзі. “*Чин гашиқни ранг уа руин саман қилур*”.  
**Руъиат** (а.) – көру, қарау, көрсету.  
**Риа** (а.) – екіжүзділік, опасыз.  
**Риуаиат** (а.) – аңыз, әңгіме, хикая.  
**Риуаж** (а.) – өрлеу, гүлдеу, даму, жандану.  
**Риадат** (а.) – құлшылық ету, нәпсіні тыйып құдай жолына түсу.  
**Ризуан** (а.) – қанағаттану, риза болу; ұрмақ, бейіш, бейіштің есігін күзетуші періште.

## С

**Са** (п.) – (көмекші сөз) қатысты, сияқты, мысалы. “*Манзур талап зулф саман са-и Мухаммад*”.  
**Сабз** (п.) – піспеген, шала, балауса, көк, сәбіз.  
**Саттар** (а.) – жасырушы, күнәні жасырушы, кешіруші. Алланың 99 сипатының бірі. “*Иол биргучи Рахман, Рахим, Гафур, Саттар*”.  
**Сахауат** (а.) – жомарт, жомарттық, кең пейіл.  
**Сахар** (а.) – таң сәрі, таң атардың алдындағы уақыт.  
**Сада** (а.) – дауыс, үн; айғай-шу, шуыл.  
**Садық** (а.) – дұрыс, шын, шындық; анық, ашық.  
**Сарф** (а.) – жұмсау, тұтыну; шығын, зиян, сарып ету.  
**Сарраф** (а.) – қымбат бұйымдарды, асыл тастарды алып сатушы, алыпсатар, айырбастаушы.  
**Саруар** (п.) – басшы, бастаушы; көсем; ие, иеленуші.  
**Сармаст** (п.) – мас, мас адамдай, кәйіп; көңілді, қуанышты.  
**Сардар** (п.) – ер, ер жүрек, батыр.  
**Сақар** (а.) – тозақтың аты. Жеті қат тозақтың бірі. Сасық нәжістен жаратылған делінеді.  
**Сал** (п.) – хижра жылы.  
**Салах** (а.) – ақылды, салауатты, қайырымды.  
**Салин** (а.) – Мұхаммед пайғамбарды айтып отыр. “*Хақ уа Салин тилаганлар тунни кунни*”.  
**Сәлим** (а.) – сау, дені сау; бүтін, дұрыс.  
**Самад** (а.) – мәңгі, қожа. Алланың 99 сипатының бірі.  
**Самағ** (а.) – есту, тыңдау.  
**Самиғ** (а.) – тыңдаушы, естуші.  
**Саман** (п.) – сабан, сабан түсті, сарғаю, солу.  
**Сәнә** (а.) – мақтау, мадақтау. “*Ким умматидур хамду уа сана тинмайн айтур*”.  
**Сауа** (а.) – (көмекші сөз)... басқа, -дан, -ден.  
**Саууам** (п.) – үшінші, үштен бірі. “*Саууам болмай иалгуз өзін сүйса болмас*”.  
**Сайм** (а.) – ораза ұстау; аузын бекіту.  
**Сайд** (а.) – аулау, аң аулау; олжа.  
**Саяад** (а.) – аңшы, аңшылық етуші, саят, саятшы.  
**Сиаһ** (п.) – сия, кара, қара сия.  
**Сиг** (п.) – әдемі, көрікті, түрі. “*Руи сигиң сур қадами Пирмуған*”.  
**Сижжэжин** (а.) – зындан, абакты; тозақ, тозақтың жетінші қабаты; “*Харисларни сижжэжин ичра салдим мана*”.  
**Силах** (а.) – қару-жарақ.  
**Сират** (а.) – жол, тура жол. “*Сиратул-мустақим*” – тура жол, құдайдың тура жолы.  
**Сифат** (а.) – көрініс, сыртқы көрінісі; сапасы; сипаты, теңеуі.  
**Сина** (п.) – көкірек, төс, кеуде. “*Чин умматни синасига қой-дум мана*”.  
**Субхан** (а.) – таза, пәк; мақтау, мадақтау. “*СубханАлла*” – Алла барлық нәрседен ұлы, пәк.

**Субх** (а.) – таң, таңсәрі.  
**Субх-садық** (а.) – таң шапағы.  
**Субхдам** (а.) – таңертең, таң атқан уақыт.  
**Суд** (п.) – пайда, кірім, үлес.  
**Сур** (п.) – қонақ асы, той; қызыл түс; ат, қашыр.  
**Суфра** (п.) – дастарқан, үстел. “*Хақ суфраси яшилди андин улуш алиңлар*”.  
**Сукут** (а.) – тыныш тұру, үндемей тұру, тыну.  
**Сулук** (а.) – мінез-құлық, адамгершілік; “*Ғарибларни иши дайм сулукдур*”.  
**Сутун** (п.) – тіреу ағаш, тіреуіш, дінгек, бағана. “*Бир сутунга маккам баглаб қойди достлар*”.

## Т

**Табар** (п.) – балта. Дәруіштердің зікір салғанда қолдарына ұстайтын ұзын сапты айбалтасы. “*Гиммат бирсаң шум нафсимга урсам табар*”.  
**Табигат** (а.) – бағынышты, бағынған, бой ұсынған, қол астына қараған.  
**Табак** (а.) – қабат, топ.  
**Тажалли** (а.) – көріну, көрсету; біліну, пайда болу; нұр шашу. Діни ұғым бойынша Алла тағаланың аян беруі, көрсетуі.  
**Тарса** (п.) – христиан, христиан дініндегілер.  
**Тарфа** (п.) – кірпік қағу, көз қысу, жыпықтау, көзі бұлдырау, көзі қанталау, көзіне қан құйылу.  
**Тарк** (а.) – тыю, безу, қашу, тастау; қабылдамау; тәркі дүние. “*Харам шубһа тарк этибан иурак дагла*”.  
**Тариқат** (а.) – жол, жүйе; сенім, қағида. Сопылардың ұстанған жолы. “*Аһил тариқат*” – тариқат жолындағы сопылар. “*Ғайнул-иақин тариқатда бозлаб утти*”.  
**Таслим** (а.) – бас ию, бой ұсыну, берілу. Алланың әміріне мойынсұну.  
**Тасбих** (а.) – тәсбі, тасбик; сыйыну, жалбарыну. “*Субхан-Аллаһ*” деп, Алланың затына, сипатына, ісіне шын көңілімен сенетінін білдіру.  
**Тасдиқ** (а.) – бекіту, бір істің дұрыстығын анықтап бекіту.  
**Тасадуқ** (а.) – садақа, садақа беру, тасаттық. Қажетің үшін Алланың ризалығын тілеп, өз еркіңмен құрбан шалу.  
**Татаууқ** (а.) – бағыну, бой ұсыну.  
**Тағат** (а.) – өтеу, парызын өтеу; бой ұсыну. Алланың әмірлеріне бой ұсынып, парызын өтеу.  
**Тағзим** (а.) – бас ию, тағзым ету, сәлем беру, ізет білдіру.  
**Тафриқ** (а.) – айырма, айырмасы, екі нәрсенің бір-бірінен айырмасы, парқы.  
**Тақат** (а.) – тағат, тағаты, күш-қуаты, еркі.  
**Тақсир** (а.) – күнә, күнәлі болу, жазықты болушылық; тәртіпсіздік. “*Алла диган гашиқ қулдин тақсир қилмас*”.  
**Тақлид** (а.) – еліктеу, жолын қуу, жолына түсу.  
**Тақауа** (а.) – Құдайға сенуші, құдайшыл; тақауа.  
**Такбир** (а.) – ұлы деп мадақта. “*Аллаһу акбар*” – Алла ең ұлы, барлық нәрселерден жоғары тұрады деу.  
**Такаббур** (а.) – тәкаппар.  
**Такие** (а.) – таяныш, тіреу, тірек, пана, баспана; жетімхана. Дәруіштердің паналайтын орны.  
**Талиб** (а.) – іздеуші, оқушы, шәкірт.  
**Талаб** (а.) – талап ету, талаптану, талап.  
**Тамағ** (а.) – қомағайлық, ашкөздік, ашқарақтық.  
**Таухид** (а.) – монотеизм, бір құдайға сенушілік. Алланың бірлігін мойындау.  
**Таусиф** (а.) – сипаттау, суреттеу; мақтау, мадақтау.

**Таула** – бұру, бұрылу, айналу. “*Дуния параст нажнислардин боиун таула*”.

**Таһир** (а.) – таза, пәк.

**Тайб** (а.) – тәубе, тәубе ету; күнәларына өкіну, өкініш.

**Таййаран** (а.) – ұшу.

**Туби** (а.) – бейіште өсетін ағаш, бейіш ағашы. “*Ол туби дарахтига қонғум килур*”.

**Тухфа** (а.) – сый, сыйлық; еңбегі.

**Тухум** (п.) – ұрық, дән; жұмыртқа.

**Тураб** (а.) – күл; топырақ, шаң-тозаң. “*Ғишқ иолида болалмидим мисл тураб*”.

**Турбат** (а.) – табыт, сүйек, күл.

**Тугиан** (а.) – бүлік, бүлік шығару; тасу, буырқану, бұрқану.

**Триақ** (п.) – апиын.

**Тилауат** (а.) – Құран кәрімді өз қағидасы бойынша дұрыстап, дауыстап оқу.

**Тиг** (п.) – қылыш.

## Ф

**Фата** (а.) – жас, жас адам, жігіт.

**Фарагат** (а.) – бос, бос уақыт; тынығу, дем алу; тыныштық.

**Фарғ** (а.) – ерікті, азат.

**Фарсаң** (п.) – ұзындық өлшемі (6 км-ге тең). Фарсах.

**Фариад** (п.) – зарлау, қақсау, бар дауысымен бақыру.

**Фасих** (а.) – ашық, анық; жатық, шешен.

**Фана** (а.) – жоқ болу, жоғалу, өлу. Құдай жолына берілу, құдайға ғашық болу. Бұл сопылық ілімнің ең жоғарғы дәрежесі есептеледі. “*Ғашиқ болсаң гишқ иолида фана болгил*”.

**Файз** (а.) – қайырым, мейірім; береке, пайдалы.

**Футух** (а.) – кең, кең пейіл; қуаныш, бақыт, бақытты. “*Иаранлардин файз футух алалмадим*”.

**Фужур** (а.) – азғындық, азғындау, бұзықтық.

**Фуш** (–) – “*Фуш дастар бучуқ пулга сатиб килдим*”.

**Фирдус** (п.) – ұрмақ бағы, бейіш бағы. Гауһардан жасалған сегіз бейіштің біреуі.

**Фирғаун** (а.) – мысыр патшаларының атағы. Перғауын, патшалық.

**Фисқ** (а.) – күнә, бұзықтық, пасық.

## Х

**Хабиб** (а.) – сүйікті, жақын, дос. Мұхаммед Алланың сүйген құлы болғандықтан “Хабибуллаһ” деп те аталады.

**Хабис** (а.) – төмен, аласа; жексұрын, сұмырай, сұмпайы, жауыз.

**Хатар** (а.) – қауіп-қатер.

**Хатбарат** (п.) – мақтау қағазы, куәлік.

**Хараб** (а.) – бүліну, қирау, талқандалу.

**Харам** (а.) – тыйым салынған, шектелген; арам.

**Харир** (а.) – жібек.

**Хазар** (а.) – абайлау, абай болу, сақтану, байқау.

**Харис** (а.) – сараң.

**Хар** (п.) – қор, қорланған; төмен, кемсітілген.

**Хасил** (а.) – өнім, түсім, қамба; табыс, нәтиже.

**Хасрат** (а.) – қасірет, қайғы-қасірет.

**Хаихаш** (п.) – көкнар, апиын. Мәтінде көзі бұлдырау, көзіне еш нәрсе көрінбейді деген мағынада қолданылған. “*Еки ғалам көзларимга хаихаш дана*”.

**Хақиқат** (а.) – хақ, шындық; дәлел – факт. Сопылық ілімнің ең негізгі тарауларының бірі.

**Хақпараст** (п.) – құдайшыл, құдайға берілген, құдайды шын сүйген.

**Хак** (п.) – шаң, тозаң; топырақ, жер.

**Хал** (а.) – хал, ақуал, жағдай.

**Халат** (а.) – оқиға, жағдай, кездейсоқ оқиға.

**Халғат** (а.) – сыйлы киім, сыйлы тон, шапан.

**Халақа** (а.) – жарату, жоқтан бар ету.

**Халис** (а.) – таза, көңілі таза; қалыс, иман жүзді адам.

**Халиқ** (а.) – адам, адамзат.

**Халқа** (а.) – алқа; дөңгелек, шеңбер. Дәруіштердің алқа-котан болып отырып зікір салуы.

**Халуат** (а.) – жалғыз, жалғыз қалу; оңаша, таса жер. Адамдардан, сыртқы өмірден бөлініп, оңаша орында ішкі дүниесімен өмір сүру, құдайға жалбарыну.

**Хам** (п.) – шикі, піспеген, жетілмеген.

**Хамр** (а.) – шарап, ішімдік.

**Хамду** (а.) – мақтау, мадақтау. Алланы мақтау, мадақтау. “*Хамду уа сана*” – Алланы мақтап, алғыс айту.

**Хандан** (п.) – қуанышты, көңілді, бақытты.

**Ханман** (п.) – үй, үй жиһаздары; отбасы, жанұя, үй іші.

**Хан** (п.) – тілеуші, қалаушы; жақтаушы.

**Хана** (а.) – ұят, ар-намыс, әдеп.

**Хайй** (а.) – тірі, өмір сүруші; мәңгі тірі, өлмейтін. Алланың теңеуі.

**Хаиф** (а.) – тегін, жай, әншейін, бос, бекер. “*Наданларға исиз сөзум хаиф хикмат*”.

**Хуб** (п.) – мен, өзім; жақсы, әдемі, ұнамды; ия, жарайды, құп болады.

**Хур** (а.) – ұжмақ (бейіш) қыздары, хор қыздары.

**Хуррам** (п.) – қуанышты, шат көңілді, хош көңілді, рақат.

**Хұззан** (а.) – асыл қазыналарды сақтаушы, қазынашы.

**Хулқ** (а.) – мінез, құлық; мораль.

**Хум** (п.) – шарап; сұйық заттарды сақтайтын құмнан жасалған ыдыс.

**Хой** (п.) – мінез, әдет. “*Хойоң рия тасир қилмас халыққа сөзуң*”.

**Хирқа** (п.) – киім, дәруіштердің киетін киімі.

**Хикмет** (а.) – данышпандық, даналық; ғылым, білім, ілім, философия. Қожа Ахмет Иасауи өз еңбегін (шығармаларын) “*Диуани Хикмет*” деп атаған.

**Химаят** (а.) – қорғау, сақтау; қолдау, қуаттау.

**Хил** (а.) – жылқы, жылқылар табыны; қос, қосын; орын, стан; ру, тайпа.

**Хиш (хойш)** (п.) – өзі, өзім; жақын, туыс, таған. “*Мажнун сифат хил уа хишдин қачиб танди*”.

## Һ

**Һади** (а.) – бастаушы, жол көрсетуші.

**Һаман** – һаман. Перғаун заманының патшасы. “*Дозах айтур мен артуқ менде Фирғаун һаман бар*”.

**Һай** (п.) – әй, ей.

**Һазар** (п.) – мың.

**Һамхана** (п.) – көрші, бірге тұратын адам.

**Һамдам** (п.) – дос, жан жолдас.

**Һамраһ** (п.) – жолдас; пікірлес.

**Һауа** (а.) – ауа.

**Һауас** (а.) – әуесқойлық, құмарлық, ынтықтық.

**Һууа** (а.) – ол. Сопылардың зікір салғанда: “Һууа! һууа!” деуі Құдайды еске алып,

жалбарынуу, яғни “А, Құдай! О, Құдай!” деп, құдайға сыйынып тұрғанын көрсетеді.

**Һуш** (п.) – ақыл, ес; еске сақтау қабілеті.

**Һижра** (а.) – хижра.

**Һидаиат** (а.) – бастау, басшылық ету; тура жолға бастаушы.

**Һиммат** (а.) – кең пейілдік; ұлылық, кісілік.

**Һилал** (а.) – жаңа ай, жарты ай.

**Һиһат** (п.) – өкініш, өкіну.

**Һафта** (п.) – жеті, апта, бір жеті.

### Ш

**Шабнам** (п.) – шық, таңертеңгі шық. “*Шабнам болуб иер астиға кирдим мана*”.

**Шакир** (а.) – риза болған, қанағаттанған; Аллаға шүкірлік етуші.

**Шан** (а.) – атақ, абырой.

**Шаиад** (п.) – егер, мүмкін.

**Шарм** (п.) – ұят, ұялшақтық.

**Шаригат** (а.) – ислам дінінің негізгі қағидасы, жолы, заңы, шаригат.

**Шафазат** (а.) – қорғаушы, жақтаушы.

**Шафкат** (а.) – рақым, қайырым, мейірім, шапағат.

**Шакуа** (а.) – шағыну, назалану; қайғыру, зарлану.

**Шаһадат** (а.) – куә, куә болу; дәлел, делелдеу.

**Шаһ** (п.) – патша.

**Шаһар** (а.) – қала, ел; ай.

**Шаһид** (а.) – құрбан болу. Дін жолында, ақиқат жолында, сенімі үшін құрбан болу; шейіт.

**Шүбһа** (а.) – күдік, күмән; шек келтіру, сенбеу, сезіктену.

**Шутур** (п.) – түйе.

**Шуруз** (а.) – бастау, бір іске бастау; басталу, басы.

**Шоук** (п.) – құмарлық, әуесқойлық; қуаныш, мээ болу, масайрау.

**Шиддат** (а.) – күш; шиеленіс.

**Шикаста** (п.) – қаусаған, қартайған.

**Шида** (п.) – беріле сүю, естен танғанша сүю; өзін-өзі ұмыту.

**Шиуе** (п.) – әдіс, тәсіл; әдет-ғұрып; сөз (диалекті). “*Коруңизлар худани шиуесини*”.

### Ч

**Чакир** (п.) – құл, малай; берілген.

**Чаң** (п.) – музыкалық аспап. Лира.

**Чак** (п.) – жарық, жарылған; бөлінген, паршаланған; жыртық.

**Чигуна** (п.) – қандай, қалай, қалайша.

**“АҚИҚАТ СЫЙЫ” ДАСТАНЫ БОЙЫНША  
АРАБША-ПАРСЫША-ТҮРІКШЕ-ҚАЗАҚША  
ТҮСІНДІРМЕ СӨЗДІГІ**

**А**

- Абад** абадан /п/ – (1) гүлдену, өркендеу. *Қамуғ абаданның хараб ол соңы* (Барлық салтанаттың соңы қарап болады) 200.
- Ав** /У/ Р /т/ – бұр, аудар. *Йүз авруп кечарлар йумуп көзларин // Тұсынан* (бетіне бұрып, көзін жұмып өтеді) 406.
- Агар** /п/ – (9) егер. *Агар болса адлың қатығлық меңа* (егер әділдікпен шешсең, менің /жазам/ ауыр) 40, 280, 289, 299, 311, 332, 335, 410, 483.
- Ажаб** /а/ – (1) ғажап. *Сафалық ажаб йер көңүллар йарур* (Көңіл көтерілетін сапалы ғажап жер) 476.
- Ажам** /а/ – (1) парсы. *Билиглигли өгди `ажам Һам араб* (Білімдіні азиат та, араб та мақтады) 126.
- Азаб** /а/ – (2) қайғы-қасірет көру, азап шегу. *Йалынланса тутуиуп азаб кин оты* (Ашу, кек оты тұтанып жалындаса) 339, 409.
- Азиз** /а/ – (1) бағалы, қымбат. *Бу күн бу ажунда кишилиг `азиз* (Бұл күнде, бұ дүниеде адамгершілік өте сирек) 385.
- Айб** /а/ – (5) маскара, мін, айып, ұят. *Ахылық қамуғ `айб кирини йуйур* (Жомарттық барлық айыптың кірін жуады) 230, 362, 486; -дин 363; қа 489.
- Айбсуз** /а/ – (1) айыпсыз, мінсіз. *Табиатда йеги адат `айбсузы* (Мінездің жақсысы, әдеттің мінсізі) 249.
- Ақл** /а/ – (2) ақыл, ес, парасат. *Ол `ақыл уқуш Һош хирадқа макан* (Ол – ақылдың, сана-сезімнің, парасаттың қоймасы) 47; 90.
- Али** /а/ адам есімі. *Али төртиланчи ол арсиг тоңа* (Төртіншісі әли теңдесі жоқ батыр) 34.
- Алим** /а/ – (2) ғалым. *Билиг бирла алим йоқар йоқлады* (Білімнің арқасында ғалым жоғары көтерілді) 101, 391.
- Амал** /а/ – (2) іс, еңбек, жұмыс. *Узун санма сақынч өкүш қыл `амал* (көп ойлама, уайым-қайғың көбейеді /Одан да/ еңбек ет) 296, 391.
- Араб** /а/ – (2) араб, арабтар. *Билиглигни өгди `ажам йам `араб* (білімдіні азиат та, араб та мақтады) 126. 2. араб тілі. *Хақайық ибарат арабдин өш ол* (Мұның бәрі араб тілінен ғибарат) 480.
- Ариф** /а/ – (2) білетін, білімді, білгір, оқымысты. *Салабат ичинда Умар дег `ариф* (шариғат жолында Омар сияқты білгір) 53; 392.
- Агу** /т/ – у, заһар. *Йоқамаққа йумшақ ичи пур агу* (Сипағанға жұмсақ, бірақ іші тола у) 214.
- Ағыз** /2/ – ауыз. *Ағыз тил безаги көни сөз дурур* (Тіл мен жақтың көркі – шын сөз) 159; -ны 162.
- Адаб** /а/ – (3) әдептілік, сыпайылық. *Билилиг сөзи панд насихат адаб* (Білімдінің сөзі үгіт, насихат, үлгі-өнеге) 125; 451, -лар 130.
- Адами** /а/ – (1) адам. *Хабар бар берилса агар адами* (Сөз бар. Егер адамға берсең) 311.
- Адақ** /т/ – аяқ. *Қаза бирла санчылур адаққа тикан* (Аяққа тікен де бұйрықпенен кіреді) 437.
- Адар** /т/ – (1) бөлу, талдау, айыру. 2. ауырып тану, айыру, түсіну. *Билиглиг билигни адарган болур* (Білімді кісі білімнің парқын айырады) 105.
- Адгү** – қар. едгү.
- Адиб** /а/ – (10) жазушы. *Айтмыш адиб риққаты тил била* (Ақынның нақышты сөзімен айтылған) 482; 451, 478, 487; -лар 471; -нің 467, 475, 484, 493; -і 471.

- Адын** /т/ /6/ – (1) өзге, басқа, бөтен. *Билигни билигсиз адын не қылур* (білімсіз ноқай білімді не қылсын) 108; 2. өзге, бұдан басқа мағынасындағы көмекші сөз. *Не түрлүг иш ерса билигсиз өңи. Өкүнүч ол аңар йоқ өң анда адын* (Қандай іс істесе де білімсіздің еншісі өкініш. Оған одан басқа енші жоқ) 116, 275, 472; -лар 198, 449.
- Ажал** /а/ – (1) өлім, ажал. *Амал исрасында бусуглы ажал* (Амал-айланың арасында жасырынған ажал бар) 294.
- Ажун** /т/ /22/ – дүние, әлем, жер жүзі. *Бу ажун рабат ол түшүп көчгүлүг* (Бұл дүние керуен түсетін сарай сияқты) 177, 76, 193, 205, 212, 213, 217, 221, 273, 305, 419, 423, 430, 431, -ға 427, 435; -да 70, 240, 364, 385, 413; -ны 191.
- Аз** /т/ /6/ – аз. *Өкүш аз деп аймаз назирлар деңиз. Булут һадйа қылса ушақ қатраны* (Бұл ұсақ тамшыны сыйға тартса, Теңіз көп, аз демей қабыл алады) 65, 68, 149, 277, 461; -а 420; -ы 470.
- Азад** /п/ – (2) азат. *Бу ендиллиг ерга азад өз қул-а* (Бұл сипатты адамға /әркімдер/ азат басын құл етеді) 344, 404.
- Азар** /п/ – (1) қайғы, зәбір, реніш. *Азасы өкүшрак мазасы аз-а* (Рақаты аз да, азары көбірек) 420.
- Азла** /л/ – аз демек, болмашы демек. *Бир ер душман ерса аны азлама* (Бір дұшпаның болса – аз деме) 360.
- Азрақ** /т/ /1/ – азырақ, азғантай. *Һунарлыққа ажун вафасызрак ол һунарсызга мундин жафа азрақ ол* (Өнерлі (кісіге) дүние опасызырақ, өнерсізге бұдан жәбір азырақ) 424.
- Азуқ** /т/ /л/ – азық, тамақ, азық-түлік. *Чыгайлық деп аума азуқ йоқлугын* (Азық жоқтығын «кедейлік» деп айтпа) 188.
- Азурла** / / – /л/ түйре, қада, шаншы. *Такабур лыпасын кейип аз салын Керип халыққа көксүң азурлап тилин* (Тәкаппар киімін кисең, тез таста, халыққа көкірегінді керіп, тілінді түйреме) 278.
- Ай** /т/ /1 – (1) 1. ай-ей, ай, уа, о. *Билиг татғын ей дост билиглиг билур* (Білімдінің пайдасын, уа досым, білімді біледі) 106.
- Ай** /т/ – 2 (18) айт, де. *Дилигсиз не айса айур уқмадин* (Білімсіз не айтса ұқпай, түсінбей айтады) 119; -айын 4, 226, 290; -ды 191; -ма 173, 188; -мас 65; -мыш 472; -мышы 484; -у 314, -уғай 3; -ур 119, 129, 229; -урман 1, 36, 81,
- Айа** /т/ – (13) уа, о (белгілі бір сөздің яки сөз тіркесінің алдынан келіп күшейтпелі мағына беретін демеулік сөз). *Айа харис идиси харислық нерак* (Е, ашкөз! Ашкөздік неменеге керек) 313, 11, 41, 59, 211, 225, 245, 345, 375, 399, 407, 431, 463.
- Айаз** – (1) адам есімі. *Тетиглигда кенду Айаздин озук* (Сезімталдығы Айаздың дәл өзінен асады) 55.
- Айт** – (2) айт. *Айтмыш адиб риққаты тил била* (Ақынның нақышты сөзімен айтылған) 482; 490.
- Айур** (1) от ай. *Айурсен кейим тон шараб аш керек. Телим мал өкүш қул қарабаш керек.* (/мүмкін/ айтарсың: «Киім – тон, шарап, ас керек, Қыруар мал, көп құл, күң керек») 297.
- Амал** /а/ – (3) үміт, амал. *Йема пандим алғыл узатма амал* (және ақылмды ал. Амал-айлаға берілме) 293; 294, 295.
- Аманат** /а/ – (1) аманат. *Қаны аһд аманат қаны едгүлүг* (Қайда уәде, аманат, қайда ізгілік?) 389.
- Амр** /а/ – (1) әмір, бұйрық. *Аның амри бирла тегар теггучи* (Кім /мұратқа/ жетсе, оның әмірі бойынша жетеді) 434.
- Ал** /т/ /1. – (1) қызыл, ал қызыл. *Йа майдан дег ол гүл карам Ал гүл ол* (немесе қарапайымдылық /жасыл/ алқап, адамгершілік /онда өскен/ алқызыл гүл сияқты) 342.
- Ал** /т/ /2. – (6) 1. – ал. *Алып бермаган ел елиг кутсузы* (Алған, бірақ бермеген қол – қолдың құтсызы).

- 22.2. – ие бол, меншікте, тәуелді ет. *Бақығлы, оқуғлы асығ алсу деп* (Көрүші, оқушыға пайдасы болсын деп) 78; -ғыл 293; -ды 244; -мас 134; -ып 365.
- Алын** /т/ – (2) 1. – маңдай. *Ажун гүлчирар баз алын қаш чытар* (Дүние /эуелі/ күлімдейді де, қайтадан қас-қабағын шытады) 205.
2. иелену, меншіктену. *Улуғсынма зинһар улуғ бир байат. Улуғлуғ менит сиз алынмағ деди* (Ұлықсынба, абайла, ұлық бір құдай, «Ұлықтық менікі. Сіз иеленбеңіз» – деді /ол/ ) 284.
- Ан** /т/ – (27) Ол (жіктеу-сілтеу есімдігінің көне түрі. *Аның өз тили өз башыны йейүр* (/Ақырында/ оның өз тілі өз басын жейді) 120. *Неча дана ерди, неча философ қаны бу күн анлар мыңында бири* (Неше дана, неше философ бар еді. Қайда бүгін солардың мыңнан бірі) 204, -да 116, 276; -дин 244, 372; -лар 26; -үк 290; -ы 42, 79, 262, 266, 272, 322, 360, 428, 440; -ың 27, 28, 46, 57, 74, 75, 76, 397, 434, 470.
- Ана** /т/ – (1) ана. *Ата бир ана бир уйалар бу халқ.* (Бұл халық бір ата, бір анадан өрбіген) 291.
- Анин** /т/ – (4) сол себепті, сондықтан. *Бида`дин йықықлы киши қалмады. Анин күнда арта турур бу бида* (Бейбастықтан тыятын кісі қалмады. Сондықтан бейбастақтар күнде көбеюде) 394, 238, 455, 459.
- Анун** /т/ – (1) дайындал. *Сүчүг таттың ерса ачыққа анун* (Тәтті жесең, ащы /жеуге/ дайындал) 209.
- Ануширван** /п/ – (1) адам есімі. *Персидский шах Хосров I-Ануширван. Дад исаф тутар чын Аниширваны* (Әділеттілігі жөнінен нағыз наушарван) 56.
- Анча** /т/ (1) – сонша. *Дилиг билмамакдин бир анча будун Өз елгин бут етип идим бу деди* (Білімі болмағандықтан бір қауым халық Өз қолынан бұт жасап: «Құдайым бұл», – деді) 123. Фраз. Бир анча – бір бөлек 123.
- Аңа** /т/ – (11) оған. *Уған рахмет етсүн бу саат аңа* (Алла оған дәл қазір рақым жасасын!) 473; 18, 20, 24, 28, 36, 110, 268, 371, 398, 445, 473.
- Аңар** /т/ – (3) оған. *Құл ол малға аңар ериклиг ол* (Ол – малдың құлы, мал – оның билеушісі) 26; 116, 341.
- Ар** /т/ – (1) – шарша, жалық. *Харис йығып армаз усанмаз болур* (Дүниеқор қанша жиса шаршамайды. Жалықпайды) 309.
- Ара** /т/ – (5) 1. орта, ара. 2. арасында, ортасында деген мағына беретін көмекші сөз. *Севұлмак тиласаң кишилар ара Ахи бол ахилық сени севдурүр* (Адамдардың арасында сүйіспеншілікке бөленгің келсе, жомарт бол. Жомарттық сени сүйіспеншілікке бөлейді) 259, 73, 243, 489, 494.
- Ардам** /т/ – см. *Ердам* (кара ердам).
- Арқа** /т/ – (2) ізде. *Билиг бил уснама ол хақ расул. Билиг қимда ерса сиз арқаң деди* (Білім ал, салғырсынбай үйрен, Алланың елшісі: «Білім кімде болса, соны ізде», – деді) 104; -ған 7.
- Арқыш** /т/ – (2) керуен. *Оң арқыш ұзды қопун йол тутуп* (Әдепкі керуен қозғалып, жолға шығып ұзап кетті) 179; 180.
- Арыслан** /т/ – (1) – арыстан. *Ва лайкин бушарда шара арсланы* (Алайда қаһарланғанда Шара арыстаны /сияқты/) 52.
- Арсиг** /т/ – (1) ер жүрек, қорықпайтын. *Али төртиланчи ол арсиг тоңа қорықпайтын.* Төртіншісі Ғали – ол ержүрек батыр) 34.
- Арт** /т/ – (1) көбей, арт. *Ахилық шараф жағ жамал* (Жомарттық абырой, атағыңды, ажар-көркіңді арттырады) 258.
- Арта** /т/ – (1) *Анин күнда арта турур бу бида* (Сондықтан бейбастақтар күнде көбеюде) 394.
- Артағ** /т/ – (1) жаман, бұзық, қасқой. *Айа артағ ишлиг савүнчин салын* (Ей, бұзықтық істеуші, /ен/ қызыққа бағ!) 399.
- Артұқ** /т/ – (1) артық, көп. *Бу дүния неңидин йегү кетгүлүг. Ол артұқ тилама вабал йүтгүлүг* (Бұл дүние мүлкінен тамақ пен киімді артық тілеме. Обал жүктейсің) 190.



- Артут** – (1) сыйлық, тарту. *Мен артут қылайын шаһымға аны* (Мен оны шаһыма сыйлық етейін) 42.
- Арты** /т/ – (1) 1. айыр, бөл. 2. бакыла, зертте. *Ата бир ана бир уйалар бу халқ тафавутлары йоқ өта артыса* (Бұл халық бір ата, бір анадан өрбіген, өте байқап қараса /бір-бірінен/ айырмашылығы жоқ) 292.
- Ары** /т/ 1. – (2) ара. *Асал қайда ерса била арысы Ары заһри татқу асалдин өза* (Бал қайда болса, сол жерде арасы бар. Бал жемей тұрып, араның зәрін байқап көр) 421, 422.
- Ары** /т/ 2. – (3) тазар. *Арымыз неча йуса қан бирла қан* (/Өйткені/ қанды қанмен қанша жусаң тазармайды) 328; -маз 112, -р 111.
- Арығсыз** /т/ – (2) кір, лас. *Не түрлүг арығсыз арыр йудыса* (Қандай кір-қоқыс жуса тазарады) 111, 112.
- Асан** /а/ – (1) асыл. *Агар кибр идиси асылмен деса* (Егер мақтан иесі: «Менің тегім асыл», – десе) 289.
- Асығ** /т/ 1. – (2) пайда, олжа. *Тавар асығ немши барурсән йалың* (Малдың пайдасы немене жалаңаш өлесің) 287; 78.
- Асығсыз** /т/ 2. – (2) пайдасыз, зиянды. *Асығсыз жадал һам фариһдин сақын*. (Пайдасыз егес, орынсыз сықақтан сақтан) 346.
- Асығлық** /т/ – (1) пайдалы, тиімді. *Не нен бар билиг тек асығлық өңин* (Білім сияқты пайдалы өзге не нәрсе бар?) 100.
- Асил** /т/ – (1) азай. *Қамуг толған асилур түкал ексийүр* (Барлық толған азаяды, түгел кемиді) 199. Қараңыз: еслүр.
- Ат** /т/ – (19) 1. ерүр ат, есім. *Адибниң йери аты Йүгнак* (Шайырдың жерінің аты Йүгінек деп аталады) 475; 240; -ы 70, 95, 96, 477, 479; -ым 451, 458.
- Ата** /т/ – (2) ата, баба, әке. *Атасы аты Махмуди Йүгнаки* (Атасының аты Махмуд Йүгінеки) 477; 291.
- Атан** /т/ – (1) атал, атан. *Көни бол көнилик қыл атан көни Көни дейү билсүн халайықсени* (Шыншыл бол, туралық ет, әділ атан, Шыншыл деп білсін халайық сені) 165.
- Атлас** /п/ – (2) атлас (мата). *Қалы болса атлас унутма бөзүң* (Егер атлас кисең, /бір кезде киген/ бөзінді ұмытпа) 354.
- Атқучы** /т/ – (1) күйдіруші. *Расул ерни отқа йүзин атқучы* (Пайғамбар – адамның бетін отқа күйдіруші) 151.
- Ач** /т/ – (1) аш. *Ниқаб көтрүр ажунбирар көз ачар. Йазар қол қушар дег йана тарқ қачар* (Пердесін көтеріп дүние бірер көзін ашады, құшатын сияқты қолын жазып, сосын тез қашады) 221.
- Ачық** /т/ – (2) 1. ащы. *Сүчүк таттың ерса ачыққа аңун* (Тәтті жесең, ащы (жеуге) дайындал) 209. 2. қиын, ауыр, азапты. *Бу күн кендү сүчүг бу тирмақ сеңа Ачық болга йарын қойуп бардугуң* (Саған бүгін бұл тіршілік өте тәтті. Ертен артыңа тастап өлгенде ащы болады) 418.
- Ачыт** /т/ – (1) ащы ет, дәмін кетір. *Басал йеп ачытма ағыз йи асал* (Бал /татыған/ аузыңды жуа жеп ашытпа) 162.
- Ахир** /а/ – (1) ақырында, соңында. *Өлүр қалур ахир йейүр душманы* (Өледі. Қалады. Ақырында дұшпанына бұйырады) 264.
- Ахмад** /а/ – (2) есімі. *Адиб Ахмад атым адаб панд сөзүм* (Атым – шайыр Ахмет, сөзім – өнеге, өсиет) 451; 478.
- Ашкар** /п/ – (1) әшкере, жария. *Қамуг йаширу ишиң болуп ашкара* (Барлық жасырын ісін жария болып) 171.
- Аш** /т/ – (3) ас, тамақ. *Аййүрсен кейим тон шараб аш керек. Телим мал өкүш құл қарабаи керек* (/Мүмкін/ айтарсың: (Киім-тон, шарап, ас керек. Қыруар мал, көп құл, күн керек») 297; -ықны 329; -ын 415.
- Ашың турдугың** /т/ – ас еткенің, пайдаланғаның. *Сениң малың ол мал ашын турдугуң* (Сенің малың – берген, пайдаланылған мал) 415.

## Б

- Баб** /a/ – (1) баб, тарау. *Тұғатти бу он дөрт баб ичра сөзи* (Бұл он төрт бабпен сөзін аяқтады) 468.
- Бад** /п/ – (1) жаман, сұрқия. *Ким ерса бу төрт ешига бад итиқад* (Кімде-кім бұл төрт досқа сенбестік)
- Бадал** /a/ – (1) өтірік. *Теңаса теңади дурустқа бадал* (Тенесе, шындыққа өтірікті тенегенмен бірдей) 450
- Бади** /a/ – (1) сирек, таңғаларлық, ғажайып. *Аның фарри жуды бади ихсани*. (Оның ерекше қайырымдылығы мен кіршіксіз адалдығы) 46.
- Баз** /п/ – (1) қайтадан, сонан соң. *Күнүң кетарип баз йарутур таң-а* (Күніңді келтіріп қайтадан жарық таң етеді) 16.
- Багла** – (2) 1. байла. *Неча малга мунча көңүл багламақ* (Малға мұнша не үшін көңіл қоясын) 183, 220.
- Бай** – (2) бай. *Бу байлық чығайлық иди қисматы* (Байлық пен кедейлік Алланың ісі) 187; 303.
- Байт** /a/ – (1) ақын. *Ешиит емди қач байт хабиб фазилдин*. (Енді Алланың сүйіктісінің жақсы жақтары туралы бірнеше бәйіт тыңда) 21.
- Байат** /т/ – (3) құдай, тәңірі. *Бу құдрат идиси улуг бир байат* (Бұл құдіреттің иесі ұлы бір құдай) 19; 246, 303.
- Бақ** /т/ – (3) қара, көр, байқа. *Бақа көргіл емди уқа сынайу* (Енді ойлап, сынап, байқап көріңіз) 99; -ығлы 78; -ып 219.
- Бақа** /a/ – (1) мәңгілік, тіршілік, өмір. *Бақасыз ерүр бу ажун ләззаты* (Бұл дүниенің ләззаты мәңгі емес) 193.
- Бала** /a/ – (2) бәле. *Бала келсе сабр ет фарахқа күтіп* (Бәле келсе сабыр ет, қуанышпен күт) 349, 350.
- Бар** /т/ 1. – (7) бар. *Бу күн бар йарын йоқ бу дүния неңи* (Бұл дүниенің заты бар болса, ертең жоқ) 10; 100, 197, 201, 265, 311; -лығыңға 5.
- Бар** /т/ 2. – (12) 1. бар, кет. *Бу мал келса ерта барур баз кеча* (Мал таңертең келсе, кешке қайтадан кетеді) 184. 2. О дүниеге кет. *Сөзүм мунда қалур барур бу өзүм* (Сөзім дүниеде қалады, өзім өлемін) 452; -дүгүң 418; -ды 202; 240, 242, 274, 386; -са 458; -ур 453; -урсан 287, 413.
- Баиш** /т/ 1. – (14) 1. бас. *Йетар баиша бир күн бу тил боишлугы* (Тіліңнің жүгенсіздігі бір күні басына жетеді) 136. 2. Басшы, қолбасшы. *Адиблар адибы фазылар баишы* (Ақындардың ақыны, жақсылардың басшысы) 474.3. *Бурун баиша бөркни кейар баи керак* (Алдымен бөрікті кие алатындай бас керек) 300; -дин 267; -қа 136; -ны 138; -ы 130, 141, 220, 334, 471, 474; -ын 363; -ыны 120; -ын 358.
- Баиш** /т/ 2. – (1) жара, жарақат. *Баишақ турса бутмас бутар оқ баишы* (Жараласа жазылмайды, оқ жарасы жазылады) 140.
- Баишақтур** /т/ – (1) жарала, жарақатта. *Тил баишақтурса бутмас бутар оқ баишы* (Тіл жараласа жазылмайды, оқ жараласа жазылады) 140.
- Басал** /a/ – (2) пияз, жуа. *Көни сөз асал дег бу йалған басал* (Шын сөз бал сияқты, жалған – жуа) 161, 162.
- Бахил** /a/ – (6) сараң. *Бахил йығды зар сим харамдин өкүш* (Сараң арам /жолмен/ көп алтын, күміс жинады) 241; 244, 254, 255, 261, -ға 288.
- Бахиллық** /a/ – (2) сараңдық. *Бахиллық оталап оңалмаз йиг ол* (Сараңдық – емдегенмен жазылмайтын ауру) 253; -ны 235.
- Бахишиш** /п/ – (1) садақа. *Аның бахишишиндин булут уфтанур* (Оның берген сыйлығының көптігі сонша, жауған) бұлт та ұялады) 57.
- Бахалық** /п/ – (1) бағалы, қымбат. *Бахалық динар билиглиг киши* (Білімді кісі қымбат бағалы динар сияқты) 85.
- Баһасыз** /п/ – (1) бағасыз, құны жоқ, құнсыз. *Бу жаһил билигсиз баһасыз биши* (Білімсіз надан – құны жоқ бақыр) 86.

- Беза** – (3) безендір, әсемде, ажарла, көркемде. *Шаһым мадхы бирла безайын китаб* (Шаһым мадхы бирла безайын китаб (Шаһымның мадағымен кітапты ажарлайын) 43; 160; -дим 77.
- Безаг** /т/ – (2) әшекей, өрнек. *Бақып таи безагин көрүп сен муңа* (Қарап сыртыңнан әдемілігін көріп, бұған) 219; -и 159.
- Бек** /т/ 1. – (1) бек, би, билеуші. *Тат Испансалар бек үчүн бу китаб* (Бұл кітапты Тат Испансалар Бек үшін) 69.
- Бек** /т/ 2. – (2) берік, қатты, мықты. *Сеңа хасрат ол бек тутуп турдугуң* (Қатып ұстап тұрған /малын/ – өзіңе қасырет) 416; -тин 132.
- Бекла** /т/ – (1) 1. мықта, берік ет. 2. құрсаулау, тың, тарт. *Тилин беклаганда өкунган қаны* (Аузын баққанда өкінген /бар ма/ қане?) 144.
- Белгү** /т/ – (1) белгі. *Билиг билди болды еран белгүлүг* (Білім алған ер /халыққа/ белгілі болды) 93.
- Бер** /т/ – (11) 1. бер. *Уйатып берүрлар сырыңгу бөзүң* (Кебіндік бөзінді ұялғанынан береді) 414; 4, 246, 314, 343; - ды 246; -маған 247, 252; -үр 5, 248, 276.
- Берил** /т/ – беріл. *Хабар бар берилса агар адами Еки пул динарни ол он қылу* (Сөз бар. Егер адамға берсең. Екі теңге динарды /ол/ он теңге қылады) 311.
- Берим** /т/ (1) – бересі, берешек. *Беримдин бахил елги берклиг* (Беруге /келгенде/ сараңның қолы тастай берік) 254.
- Берилги** /т/ – (2) беруші. *Сеңа ранж аңа ганж берилги уган* (Саған реніш, оған қазына берген құдай) 251; 445.
- Берк** /т/ – (2) берік, мықты, қатты. *Йыгар йемас ичмас тутар берк аны* (Жияды. Ішпейді. Жемейді. Тістеп ұстайды) 262; 268.
- Берклиг** /т/ – (1) беріктік, мықтылық. *Беримдин бахил елги кет берклиг* (Беруге /келгенде/ сараңның қолы тастай берік) 254.
- Бида** /а/ (2) күпір, діннен азғандық, бейбастақтық. *Анин күнда арта турур бу бида* (Сондықтан бейбастақтар күнде көбеюде) 394, - дин 393.
- Бина** /а/ – (1) үй, ғимарат, құрылыс. *Карам бир бина тег аңар хулим бунйад ол* (Адамгершілік бір үй, қарапайымдылық оның ірге тасы сияқты) 341.
- Бил** – (33) 1. біл. *Харислық игиниң емин ким билур* (Ашкөздік дертінің емін кім біледі?) 310. 2. Хабардар бол, түсін, таны, меңгер. *Ахы ер билигни йета билди көз* (Көрдің бе, Жомарт білімді жете меңгерді) 237; 24, 84, 103, 139, 220, 250, 348, 407. –а 334, 488, -ди 237; -ип 114, 226, 368, 493; -магандин 488; -мамақдин 123; -мас 45; -масин 486; -масүн 169; -са 483, 485; -су 80; -сун 166; -ур 106, 113, 310, 484, 485; -үрман 486.
- Била** /т/ – (4) 1. бірге, сонда. *Асал қайда ерса била арысы* (Бал қайда болса, сол жерде арасы бар). 2. көмектес септігінің мағынасын береді. *Тишиси қалып бір адын ер била* (Әйелі басқа бір еркекпен қалып) 275, 421, 481, 482.
- Билдүр** /т/ – (1) білдір, сездір. *Билиг билдүрүр ерга билиг қадрныны* (Білім қадырын адамға білім білдіреді) -үр 107
- Билиг** /т/ – (21) білім, ілім. *Билиг бирла билинур саадат йолы* (Бақыт жолы білім арқылы білінеді) 83; 48, 84, 89, 93, 100, 101, 103, 104, 106, 107, 121, 123; -и 127; 128; -ни 105, 108, 237; -ниң 98; -тин 81.
- Билиглиц** /т/ – (14) білімді, ғалым. *Билиглиц кераклиц сөзин сөзлайүр* (Білімді керек сөзді айтады) 117; 85, 87, 88, 95, 97, 105, 106, 113, 117, 125, 129, 225; -ка, 82; -ни 126.
- Билигсиз** /т/ – (10) білімсіз, надан. *Билиглиц билигсиз қачан тең болур*. (Білімді мен білімсіз қашан тең болып еді) 87; 86, 91, 94, 96, 97, 108, 115, 119; -ға 109.
- Билигсизлиц** /т/ – (2) білімсіздік, надандық. *Билигсизлиц ичра хайр йоқ деди* (/Ол/ «Надандықта қайыр жоқ» деді) 122, 102.
- Билин** /т/ – білін, таныл. *Билиг бирла билинур саадат йолы* (Бақыт жолы білім арқылы білінеді) 83; -үр 122.

- Бир** /т/ – (27) 1. бір. *Еки нең бирикса бир ерда халы* (Егер екі нәрсе бір адамға бас косса) 153. 2. неғайбілдік, белгісіздік мағынаны білдіреді. *Йетар башқа бир күн бу тил бошлугы* (Тілінің жүгенсіздігі бір күні басына жетеді) 136. 3. бірдей тең. *Ата бир, ана бир уйалар бу халқ* (Бұл халық бір ата, бір анадан өрбіген) 291; 819, 123, 153, 155, 164, 206, 265, 275, 283, 291, 319, 341, 319, 341, 319, 341, 306, 363, 459, -га 14, -и 14, 204, 382; -ин 206, 210; -иңа 97.
- Бирар** /т/ – (4) бірер. *Ниқаб көтрүр ажун бирар көз ачар* (Пердесін көтеріп дүние бірер көзін ашады) 221; 361, 362, 432.
- Бирик** /т/ – (1) бірік. *Еки нең бирикса бир ерда халы*. (Егер екі нәрсе бір адамға бас косса) 153.
- Бирикилмаг** /т/ – (1) бірікпек. *Һунар бирла давлат бирикилмаги* (Өнер арқылы дәулеттің келуі) 425.
- Бирла** /т/ – (19) 1. арқылы, бірге. *Билиг бирла билинур саадат йолы* (Бакыт жолы білім арқылы білінеді) 83. 2. көмектес септігінің мағынасын білдіреді. *Арымыз неча йуса қан бирла қан* (/Өйткені/ қанды қанмен қанша жусаң тазармайды) 328, 27, 28, 33, 43, 72, 75, 76, 101, 121, 186, 255, 425, 433, 434, 434, 437, 438, 441.
- Бирлыг** /т/ – (1) даралық, жалғыздық. *Сениң бирлыгыңға далил арқаған* (Сенің дара екендігіне дәлел іздеген) 7.
- Бити** /т/ – (3) жаз. *Битидим китаби маваиз масал* (Уағыз, нақыл кітабын жазып бітірдім) 447; -дим 457; -дүк 491.
- Битил** /т/ – (1) жазылу. *Тар ерса кең ерса битилди рузуң* (Аз ба, көп пе, ризығың жазылған) 315.
- Бич** /т/ – (1) 1. кес, үз. 2. жина, тер. *Тикан тарыған ер үзүм бичмаз ол*. (Тікен екен жүзім жинамайды)
- Боз** /т/ – (1) бөз. *Чүз атлас болур қыз үзузи боз өг*. (Зер атлас қымбат болса, арзаны бөз болады) 462; -үң 354.
- Бол** /т/ – (34) 1. бол, айнал. *Билиг билди болды еран белгүлүг* (Білім алған ер /халыққа/ белгілі болды) 93. *Ахы бол сеңа сөкүнүч келмасун* (Жомарт бол. Саған сөз де, сөгіс те келмейді) 231.
